

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

I. ЖАНСУГІРОВ атындағы ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ
1997 ж. бері жарияланады
Жылына 4 рет шығады



ЖЕТЫСУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ имени И. ЖАНСУГУРОВА

ВЕСТНИК

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Издается с января 1997 года
Периодичность – 4 раза в год



ZHETYSU UNIVERSITY named after ILYAS ZHANSUGUROV

BULLETIN

SCIENTIFIC JOURNAL
Founded in 1997
Published 4 times a year

№1(98)

Талдықорған, 2021

ЖУ ХАБАРШЫСЫ
Ғылыми журнал

1997 ж. бері шығарылады
ҚР ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінде қайта тіркелген

Қуәлік № KZ42VPY00015763
8 қазан 2019 ж.
ISSN 2616-8901

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бас редактор

География ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі
Қ.М. Баймырзаев

Бас редактордың орынбасары - биология ғылымдарының кандидаты, доцент
А.С. Бахтаулова
Жауапты хатшы – Ph.D, **Л.Н.Карашолакова**

Редколлегия мүшелері:

Калдияров Данияр Алтаевич – экономика ғылымдарының докторы,
Еуразия халықаралық экономикалық академиясының академигі (Қазақстан)

Байғабатова Назгуль Кажимуратовна – тарих ғылымдарының
кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., ESCAS және тарихшылар
Ассоциациясының мүшесі (Қазақстан)

Карпова Елена Викторовна – психология ғылымдарының докторы,
профессор (Ресей Федерациясы)

Килевая Людмила Тимофеевна – филология ғылымдарының докторы (ЕС
жүйесі бойынша гуманитарлық ғылымдарының хабилитат докторы),
профессор (Польша)

Майлыбаева Гулмира Сабыровна – Ph.D, қауымдастырылған профессор
м.а., (Қазақстан)

Петер Финке (Peter Finke) – профессор (Швейцария)

Томм Розанн Янг (Tomme Rosanne Young) – Ph.D (США)

Утегенов Ерлан Казбекович – педагогика ғылымдарының
кандидаты, профессор м.а. (Қазақстан)

Федоров Александр Иванович – педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент (Ресей Федерациясы)

Редакция алқасының мекенжайы: 040009, Талдықорған к., Жансүгіров көшесі
187А, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Ғылым бөлімі. 310 каб.

e-mail: gylym.zhu@gmail.com, **сайт:** <http://vestnik.zhgu.edu.kz/>

Жауапты редактор – Айдарбеков Р.А.

Компьютерлік калыптаушы – Жепенова Г.М., мұқабаның дизайнері – Айдарбеков Р.А.

Басуға 24.02.2021 ж. қол қойылды. Әріп түрі «Korinna.kz, Times New Roman».

Қалыбы 60x84/8. Svetocopy қағазы.Таралымы 48 дана. Ш.т.б. 33.13.

І.Жансүгіров атындағы ЖҰ баспа бөлімінде шығарылды

Тапсырыс № 00341

Тапсырыс беруші файлынан басылды

ВЕСТНИК ЖУ
Научный журнал

Издается с 1997 года
Перерегистрирован Министерством
информации и общественного
развития Республики Казахстан

Свидетельство № KZ42VPY00015763
от 8 октября 2019 г.
ISSN2616-8901

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор

доктор географических наук, профессор, академик НАН РК

Қ.М. Баймырзаев

Зам. главного редактора – кандидат биологических наук, доцент

А.С. Бахтаулова

Ответственный секретарь – Ph.D, **А.Н. Карашолакова**

Члены редколлегии:

Калдияров Данияр Алтаевич – доктор экономических наук, профессор,
Академик Международной экономической академии Евразии (Казахстан)

Байгабатова Назгуль Кажимурамовна – кандидат исторических наук,
и.о. ассоциированного профессора, член ESCAS, член Ассоциации историков
(Казахстан)

Карпова Елена Викторовна – доктор психологических наук, профессор
(Российская Федерация)

Кулевая Людмила Тимофеевна – доктор филологических наук
(хабilitированный доктор гуманитарных наук по системе ЕС),
профессор (Польша)

Майлыбаева Гулмира Сабыровна – Ph.D, и.о. ассоциированного профессора
(Казахстан)

Петер Финке (Peter Finke) – профессор (Швейцария)

Томм Розанн Янг (Tomme Rosanne Young) – Ph.D (США)

Утегенов Ерлан Казбекович – кандидат педагогических наук, и.о.
профессора (Казахстан)

Федоров Александр Иванович – кандидат педагогических наук,
доцент (Российская Федерация)

Адрес редакционной коллегии: 040009, г.Талдыкорган, ул. Жансугурова 187 А,
Жетысуский университет им. И. Жансугурова, Отдел науки, каб. 310.

e-mail: gylym.zhu@gmail.com, **сайт:** <http://vestnik.zhgu.edu.kz/>

Ответственный редактор – Айдарбеков Р.А.

Компьютерная верстка – Желенова Г.М., дизайн обложки – Айдарбеков Р.А.

Подписано в печать 24.02.2021 г. Гарнитура «Korinna.kz, Times New Roman».

Формат 60x84/8. Бумага Svetocopy. Тираж 48 экз. Усл.п.л. 33.13.

Отпечатано в издательском отделе ЖУ им. И. Жансугурова. Заказ № 00341

Распечатано с файла заказчика

BULLETIN of the ZhU
Scientific journal

Founded in 1997

Re-registered by the Ministry
of information and public development
of the Republic of Kazakhstan

Certificate No. KZ42VPY00015763
dated October 8, 2019
ISSN2616-8901

EDITORIAL BOARD

Main Editor

Doctor of Geographical sciences, Professor, Honorary academician of the NAS RK
K. Baimyrzayev

Deputy main Editor – Candidate of Biological sciences, Associate Professor

A. Bakhtaulova

Responsible secretary – Ph.D, **L. Karasholakova**

Editorial board members:

Daniyar Kaldiyarov – Doctor of Economic sciences, Professor,
Academician of the International economic academy of Eurasia (Kazakhstan)

Nazgul Baigabatova – Candidate of Historical sciences, Acting Associate
Professor, member of ESSAS, member of the Association of historians
(Kazakhstan)

Yelena Karpova – Doctor of Psychological sciences, Professor (Russian
Federation)

Lyudmila Kil'evaya – Doctor of Philological sciences (habilitated doctor of
Humanities in the EU system), Professor (Poland)

Gulmira Mailybayeva – Ph.D, Acting Associate Professor (Kazakhstan)

Peter Finke – Doctor of Sciences, professor (Switzerland)

Tomme Rosanne Young – Ph.D (USA)

Yerlan Utegenov – Candidate of Pedagogical sciences, Acting Professor
(Kazakhstan)

Alexander Fedorov – Candidate of Pedagogical sciences, Associate
Professor (Russian Federation)

Postal address: 040009, Taldykorkan, 187A Zhansugurov str., Zhetysu university
named after I. Zhansugurov, Department of Science, office 310.

e-mail: gylym.zhu@gmail.com, **web-site:** <http://vestnik.zhgu.edu.kz/>

Responsible Editor – R. Aidarbekov

Desktop publishing – G. Zhepenova, Cover Design – R. Aidarbekov

Signed in print 24.02.2021. Typeface «Korinna.kz, Times New Roman».

Format 60x84/8. Paper SvetoCopy. Circulation 48 copies. Volume 33.13 pr.sh.

Printed in the ZhU named after I. Zhansugurov Publishing house.

OrderNo. 00341

Printed from customer file.

**МАЗМУНЫ
СОДЕРЖАНИЕ**

ҚҰҚЫҚТАНУ-ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

Амирова Б.К., Бақытжанұлы Б. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ НОРМАЛАРЫНДАҒЫ БАНКТІК ҚАРЫЗ ШАРТЫНЫҢ МАҢЫЗЫ	14
Амирова Б.К., Орынбек А.Т. ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУГЕ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚАТЫСУЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ТЕТІГІ	21
Бейсов Е.Ж., Асылгазы К.Ж., Адырбаева А. Е. ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ БӘСЕКЕЛЕСТІГІ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТАРДЫ САРАЛАУ	27
Тинистановна С., Әуелбеков Ф.Қ., Жұмабек Б.Д., Тузубай Т.Т. ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӨЗАРА КӨМЕК ИНСТИТУТЫ	31
Тинистановна С., Жақиянов Е.Е., Ибрагимов Т.Е., Нұрқасымов Б.Е. ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІНДЕ МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫН ҚОЛДАНУ	36
Тинистановна С., Қонысбаев С. Б., Қуанханов А.М., Надырханов А.М. КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ	39
Тинистановна С.С., Дуйсенғалиев Д.М., Жұмағали Д.Қ., Мухидин А.А. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	44
Чукмаитов Д.С., Берзин П.С., Төлеева А.С., Карякина Р.А., Коновалова М.И. КРИМИНАЛИСТИЧЕСКИЕ МЕТОДЫ РАССЛЕДОВАНИЯ КИБЕРТЕРРОРИЗМА	51
Чингаева Б.К. Мухитдинов А.А., Ким В.А., Арманбекқызы Д., Базаров Т.А. КРИМИНОЛОГИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПРЕСТУПНОСТИ	58

ЭКОНОМИКА-ЭКОНОМИКА

Калдияров Д. А., Жолтаева Г.Н., Жанатбекова Н. Ж., Мардахаев Л.В. ПОДХОДЫ К ФОРМИРОВАНИЮ ГОТОВНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ К ОСУЩЕСТВЛЕНИЮ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ	64
Кереева А.Р. БАНК САЛАСЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	68

Турсыбекова Р.К., Толегенова А.Д.

ӨНДІРІСТІК ШЫҒЫНДАРДЫҢ ТАЛДАУЫ ЖӘНЕ АУДИТІ 73**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ**

Абдильдинова Л. Б.

ТҮРКІСТАН-СІБІР ТЕМІР ЖОЛЫН САЛУ КЕЗІНДЕГІ САНИТАРЛЫҚ-ЕМДЕУ ІСІНІҢ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ 86

Abilgaziyeva Z.K., Petkova I., Seidolda A.

INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN EDUCATION БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ 90

Abilgaziyeva Z.K., Issabayeva A.A., Muratova M.M.

DEVELOPMENT OF COMMUNICATIVE COMPETENCE VIA PROJECT METHOD AT SENIOR STAGE 94

Буланов Е.О., Турсынова А.С.

XIV-XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АҚ ОРДА МЕМЛЕКЕТІ АУМАҒЫНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР 99

Буланов Е.О., Замзина К.К.

«ТӘУЕЛСІЗ ТҮТАС ТҮРКІСТАН» ИДЕЯСЫ: ТАНЫМ МЕН ТҮСІНІК 104

Zhumagali K., Nurakhmetova I.M

FORMATION OF ABBREVIATIONS AND SHORTENING IN MODERN ENGLISH SOCIAL NETS (GLOSSARY OF TERMS) 110

Mashanova S.M., Dauletova S., Koichibekova Zh., Kuanyshkyzy D.

THE PRAGMATIC ASPECT OF TRANSLATION 113

Mendekenova A, Tlegenova G.

THE FORMATION OF INTERCULTURAL COMMUNICATIVE COMPETENCE OF FOREIGN LANGUAGE LEARNERS THROUGH USING DIGITAL EDUCATIONAL RESOURCES IN REMOTE LEARNING 117

Mussabaeva A.N., Nurslam U., Temirgaliev E., Aitkozhin S.

THE USE OF AUDITIVE GAMES IN CROSS-CULTURAL COMPETENCE DEVELOPMENT 121

Tastemirova A.E., Zhailaubay D.A., Yelubayeva A.A.

FORMATION OF ABBREVIATIONS AND SHORTENING IN MODERN ENGLISH SOCIAL NETS 127

Чалтикенова Л.А. Сейтбекова Н. А.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАРНАМАНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ 131

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ
ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ**

Абишев Н.А., Мамилина С.К., Махметова Д.Т. «НАУЧНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РЕАЛИЗАЦИИ УЧЕБНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ОБРАЗОВАНИИ»	140
Азанбекова Г.Т., Исабаева З.М. ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ДӘРІСТЕР ӨТКІЗУ ӘДІСТЕРІ	150
Асыллова Р.О., Тажинова Г.А., Асыллова Ж.Р. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КЕҢІСТІКТІК ҚИЯЛЫН ДАМУЫ	154
Асыллова Р.О., Тажинова А.А. ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕРДЕ ҚОЛДАНУ	158
Бакраденова А.Б., Таурбекова А.С. «ШЕШЕНДІК СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ» ТАҢДАУ КУРСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МАҢЫЗЫ	163
Бакраденова А.Б., Клим С. А. БАЛАНЫ БЕЛСЕНДІ СӨЙЛЕУГЕ БАУЛУДА КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ	167
Галиева А.Н., Калиева Ж.Т. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ҰЙЫМДАРДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	173
Ержанова Г.Ж., Шмидт М.А. МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ДЕЙІНГІ ДАЯРЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ	179
Жолтаева Г.Н., Севериненко А. Н. ДИАГНОСТИКА ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ИНТЕРЕСА К УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПОСРЕДСТВОМ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ	185
Жолтаева Г.Н., Куличенко К.И. ДИАГНОСТИКА ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА	190
Жакипбекова С.С., Сырлыбаева Ә.Х., Толепбекова А.Н., Нокабаева Т.Г. ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН-ОҚУ ҮРДСІНДЕГІ ОҚЫТУ ФОРМАСЫ МЕН ӘДІСІ РЕТІНДЕ	195
Жакипбекова С.С., Бапанова М.Н. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОТАН СҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	198

Жакипбекова С.С., Тесебаева К.С., Ильясова Ж.С., Монтаева С.Ж. ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕГІ ПӘНДЕРДІҢ КІРІКТІРУ ПРОЦЕСІНІҢ ТАРИХИ АСПЕКТІСІ	202
Майлыбаева Г.С., Мардахаев Л.В., Мэдэра Х., Ақжолтай М.А. ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУҒА ЫНТАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ	210
Мустафа Ф. Б., Болатханова Ж.Н. АРНАЙЫ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ГУМАНИСТІК БАҒЫТТЫҢ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕ МАҢЫЗЫ	214
Нуржанова Т.Т., Оразова Б. К. ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ БАЛАЛАРМЕН ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ ЖҰМЫСЫ	218
Рахимбекова А.Т., Алпысбаева Н.С. БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛККЕ ТӘРБИЕЛЕУГЕ ДАЯРЛАУ	223
Сыдыкова А.А., Ақсубаева А.С. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ АЛАТЫН ОҚУШЫНЫҢ АТА-АНАСЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ	227
Тажинова Г.А., Биссирова А. ВЛИЯНИЕ ЦВЕТА НА ПСИХИКУ РЕБЕНКА	231
Фейзулдаева С. А., Сарсекулова Д.М. ЖОО ПӘНАРАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛІМІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ	235
Шужебаева А.И., Жолтаева Г.Н., Нұрпейсов Қ. Б., К ВОПРОСУ О РАЗВИТИИ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ МУЗЫКИ	240
Шужебаева А.И. ПУТИ И СРЕДСТВА ФОРМИРОВАНИЯ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОГО И ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЕЖИ	245

CONTENT**JURICPRUDENCE**

Amirova B., Bakytzhanuly B. THE IMPORTANCE OF THE BANK LOAN AGREEMENT IN THE PROVISIONS OF THE CIVIL CODE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN	14
Amirova B., Orynbeke A. MECHANISM OF LEGAL REGULATION OF PARTICIPATION OF THIRD PARTIES IN CIVIL PROCEEDINGS ABROAD	21
Beisov E., Assylgazy K. Zh., Adyrbayeva A. Y. COMPETITION OF CRIMINAL LAW AND ANALYSIS OF CRIMES	27
Tinistanova S.S., Auyelbekov G., Zhumabek B., Tuzubay T. INSTITUTE FOR MUTUAL ASSISTANCE IN TRADITIONAL KAZAKH SOCIETY	31
Tinistanova S.S., Zkakianov E., Ibragimov T., Nurkasymov B. APPLICATION OF INSTITUTE OF MEDIATION IN ADMINISTRATIVE COURT PROCEEDINGS	36
Tinistanova S.S., Konysbaev S., Kuankhanov A., Nadyrkhanov A. LEGAL BASIS OF LIABILITY FOR ADMINISTRATIVE OFFENSES IN THE SPHERE OF ENTREPRENEURIAL ACTIVIT	39
Tinistanova S.S., Duisengaliev D., Zhumagali D., Muhidin A. FEATURES OF PROCEEDINGS IN CASES OF ADMINISTRATIVE OFFENSES	44
Chukmaitov D., Berzin P. S., Tuleyeva A., Karyakina R., Konovalova M. CRIMINALISTIC METHODS OF INVESTIGATING CYBERTERRORISM	51
Chingayeva B.K., Mukhitdinov A. A., Kim V.A., Armanbekkyzy D., Bazarov T.A., CRIMINOLOGICAL CHARACTERISTICS OF PROFESSIONAL CRIME	58

ECONOMIC

Kaldiyarov D. A., Zholtayeva G. N., Zhanatbekova N. Zh., Mardakhaev L.V. APPROACHES TO THE FORMATION OF THE READINESS OF FUTURE TEACHERS TO IMPLEMENT DISTANCE LEARNING	64
Kereyeva A.R. CURRENT ISSUES OF RISK MANAGEMENT IN THE BANKING SECTOR ...	68
Turysbekova R., Tolegenova A. ANALYSIS AND AUDIT OF PRODUCTION COSTS	73

HUMANITIES

Abdildinova L.B. ON THE STATE OF SANITARY AND MEDICAL AFFAIRS DURING THE CONSTRUCTION OF THE TURKESTAN-SIBERIAN RAILWAY	86
Abilgazyeva Z.K., Petkova I., Seidolda A. INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN EDUCATION	90
Abilgazyeva Z.K., Issabayeva A.A., Muratova M.M. DEVELOPMENT OF COMMUNICATIVE COMPETENCE VIA PROJECT METHOD AT SENIOR STAGE	94
Bulanov E.O., Tursynova A.S. ETHNIC PROCESSES IN THE TERRITORY OF THE STATE OF AK ORDA IN XIV-XV CENTURIES	99
Bulanov E.O., Zamzina K.K. THE IDEA OF "INDEPENDENT UNITED TURKESTAN": COGNITION AND UNDERSTANDING	104
Zhumagali K., Nurakhmetova I.M. FORMATION OF ABBREVIATIONS AND SHORTENING IN MODERN ENGLISH SOCIAL NETS (GLOSSARY OF TERMS)	110
Mashanova S.M., Dauletova S., Koichibekova Zh., Kuanyshkyzy D. THE PRAGMATIC ASPECT OF TRANSLATION	113
Mendekenova A.D., Tlegenova G.A. THE FORMATION OF INTERCULTURAL COMMUNICATIVE COMPETENCE OF FOREIGN LANGUAGE LEARNERS THROUGH USING DIGITAL EDUCATIONAL RESOURCES IN REMOTE LEARNING	117
Mussabaeva A.N., Nurslam U., Temirgaliev E., Aitkozhin S. THE USE OF AUDITIVE GAMES IN CROSS-CULTURAL COMPETENCE DEVELOPMENT	121
Tastemirova A.E., Zhailaubay D.A., Yelubayeva A.A. FORMATION OF ABBREVIATIONS AND SHORTENING IN MODERN ENGLISH SOCIAL NETS	127
Chaltikenova L.A., Seitbekova N. A. SOCIAL ADVERTISING FUNCTIONS	131

PEDAGOGY AND PSYCHOLOGY

Abishev N.A., Mamilina S.K., Makhmetova D. T. "SCIENTIFIC AND PSYCHOLOGICAL BASES OF REALIZATION OF EDUCATIONAL AND COGNITIVE ACTIVITY IN EDUCATION"	140
Azanbekova G.T., Isabaeva Z.M. METHODS OF CONDUCTING LECTURES WITHIN THE FRAMEWORK OF DISTANCE LEARNING	150
Asylova R.O., Tazhinova G.A., Asylova Zh.R. DEVELOPMENT OF SPATIAL IMAGINATION IN PRESCHOOL CHILDREN	154
Assylova R., Tazhinova A. APPLICATION OF DIDACTIC GAMES IN PRIMARY SCHOOLS	158
Bakradenova A.B., Taurbekova A.S. «TEACHING SPEECH» ELECTION COURSES CONTENT AND VALUE	163
Bakradenova A.B., Klim S.A. THE METHODS OF USING COMPOSITIONS TO ACTIVATE THE SPOKEN LANGUAGE OF PRESCHOOL CHILDREN	167
Galieva A.N. Kalieva Zh.T. ACTUAL PROBLEMS OF INCLUSIVE EDUCATION IN GENERAL EDUCATION ORGANIZATIONS	173
Yerzhanova G., Shmidt M. METHODS OF ORGANIZING PRE-UNIVERSITY TRAINING FOR PERSONS WITH DISABILITIES	179
Zholtaeva G.N. Severinenko A. N. DIAGNOSIS OF COGNITIVE INTEREST IN EDUCATIONAL ACTIVITIES THROUGH FICTION	185
Zholtaeva G.N., Kulichenko K.I. DIAGNOSTICS OF THE CREATIVE ABILITIES OF YOUNG SCHOOL AGE CHILDREN	190
Zhakupbekova S., Syrlybaeva A., Trabecula A., Kakabaeva N. DIDACTIC GAME AS A FORM AND METHOD OF LEARNING IN THE LEARNING PROCESS	195
Zhakupbekova S., Bapanova M PECULIARITIES OF PATRIOTIC EDUCATION OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS	198
Zhakupbekova S. S., Teshebaeva K. S., Ilyasova, J. S., Monteva S. J. THE HISTORICAL ASPECT OF THE PROCESS OF INTEGRATION OF SUBJECTS IN THE MODERN SCHOOL	202

Mailybaeva G.S., Mardakhaev L.V., Madera Kh., Akzholtay M.A. WAYS TO FORM MOTIVATION OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS TO LEARN IN THE PROCESS OF DISTANCE LEARNING	210
Mustafa F.B., Bolatkhanova ZH.N. THE IMPORTANCE OF THE HUMANISTIC DIRECTION IN THE PROFESSIONAL ACTIVITY OF A SPECIAL TEACHER IN THE EDUCATION AND UPBRINGING OF CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS	214
Nurzhanova T.T., Orazova B.K. CORRECTIONAL AND DEVELOPMENTAL WORK OF A TEACHER-PSYCHOLOGIST WITH CHILDREN	218
Rakhimbekova A., Alpysbaeva N. PREPARATION OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS FOR THE MORAL EDUCATION OF STUDENTS THROUGH THE WORKS OF SAPARGALI BEGALIN	223
Sydykova A.A., Aksubayeva A.S. PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL SUPPORT FOR PARENTS OF INCLUSIVE CHILDREN	227
Tazhinova G.A., Bissirova A. INFLUENCE OF COLOR ON CHILD'S PSYCHE	231
Feizuldayeva S., Sarsekulova D. TECHNOLOGY OF PROFESSIONAL TRAINING OF PRIMARY SCHOOL TEACHERS THROUGH THE IMPLEMENTATION OF INTERDISCIPLINARY CONTINUITY IN THE UNIVERSITY	235
Shuzhebaeva A.I., Zholtayeva G.N., Nurpeisov K.B., ON THE DEVELOPMENT OF CREATIVE ABILITIES OF STUDENTS IN MUSIC LESSONS	240
Shuzhebaeva A. WAYS AND MEANS OF FORMING THE SPIRITUAL, MORAL AND PATRIOTIC EDUCATION OF YOUTH	245

ҚҰҚЫҚТАНУ



ЮРИСПРУДЕНЦИЯ



JURISPRUDENCE

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ НОРМАЛАРЫНДАҒЫ БАНКТІК ҚАРЫЗ ШАРТЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Амирова Б.К., Бақытжанұлы Б.

Мақалада Қазақстан Республикасы азаматтық кодексінде көрсетілген, банктік қарыз шартына қатысты ережелер талқыланады. Талқылаудың мақсаты банктік қарыз шартына қатысты ережелердің Қазақстан Республикасы азаматтық кодексі негізді көрсетілуін, толықтылығын анықтау. Жұмыста банктік қарыз шартын сипаттайтын тектік белгілер анықталады. Зерттеу нәтижесінде банктік қарыз шартына қатысты біршама қорытындылар, соның ішінде заңнамалық ұсыныстар жасалады.

Кілт сөздер: *банктік заем шарты, банктік қарыз шарты, заем шарты, банктік қарыз операциясы, банктік қызмет.*

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 727 бабы 1 тармағына сәйкес «Банк заем шарты бойынша заем беруші заемшыға төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық шарттарымен қарызға ақша беруге міндеттенеді». Біздің ойымызша, осы анықтамада келтірілген банктік қарыз шарты белгілері, яғни төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық және қарызға тек ақша берілуі, банктік қарыз шартына ның басқа заем беру шарттарынан ажыратуға жеткіліксіз. Сондықтан болар, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 727 бабын толықтыру мақсатында заң шығарушы банктік қарыз шарты ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 728 бабында ұсынып, көрсететіні [1].

Айта кету қажет, 2016 жылдың 1 қаңтар айынан бастап Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 728 бабының жаңа мәтіні күшіне енді [2]. Жаңа мәтінде Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 728 бабы жалғыз банктік қарыз шарты емес, сонымен қатар микрокредит беру шартының ерекшеліктерін қамтиды. Әрине, банктік қарыз шартының біршама заңнамалық міндетті талаптарының кәсіпкерлік мақсатта, тұрақты түрде ақшалай қарыз беру қызметімен айналысатын тұлғалар жасайтын шарттарға қолданылуы өте дұрыс. Себебі банктік қарыз шартына қатысты көп заңнамалық талаптар шарт бойынша қарыз берушінің өз басымдылығын теріс қолданбауына, тұтынушылардың мүдделерінің шектелуіне жол бермеуді көздейді.

Алайда, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің банктік қарыз шартына қатысты ережелерінің кодексте орналастырылу тұрғысынан, микрокредит беру шарты ерекшеліктерінің Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 728 бабында көрсетілуі орынсыз. Себебі, біз алдында айтып кеткендей Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 728 бабы логикалық тұрғыдан Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 727 баптың жалғасы. Яғни, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 727 бабы банктік қарыз шартына анықтама берсе, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 728 бабы банктік қарыз шартының ерекшеліктерін көрсетеді.

Айтылғанның негізінде, біздің ойымызша, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексін нарықта қолданылып жүрген келісім-шарттардың барлығына қатысты ережелермен толықтырудың қажеті жоқ және ол тәжірибелік тұрғыдан мүмкін емес те шығар. Кодексте, негізгі деген келісім-шарттарға қатысты ережелер көрсетілген және сол жеткілікті. Кодексте аталмаған келісім-шарттардың ережелері арнайы заңнамада көрсетілуі абзал. Сол секілді заем шартының, мемлекеттік заем шарты мен банктік қарыз шартынан басқа жекелеген түрлеріне қатысты ережелер Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі емес, ал салалық заңнамада толық көрсетілуі орынды (микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестіктер, ломбардтар қызметін реттейтін заңнамада). Немесе, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде ақшалай, ақылы қарыз беру қызметімен тұрақты

түрде, кәсіпкерлік мақсатта айналысатын тұлғалар жасайтын қарыз беру шартына қатысты жалпы ережелерді бекіту қажет және банктік қарыз шартымен микрокредит беру шартына қатысты ережелерді Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі алып тастап, тек арнайы, салалық заңнамада көрсету қажет шығар.

Ендігі кезекте сол, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 728 баптың банктік қарыз шартына қатысты ережелерін саралайық.

1. Біздің ойымызша, банктік қарыз шартының сипаттайтын бірден-бір ерекшелік ол қарыз беруші. Банктік қарыз шарты бойынша қарыз беруші ретінде – уәкілетті мемлекеттік органның ақшалай нысанда қарыз беруге лицензиясы бар банк немесе өзге де заңды тұлға танылады. Уәкілетті органның тиісті лицензиясы жоқ бірде-бір тұлға өзінің атауында, құжаттарда, хабарландырулар мен жарнамада «банк» деген сөзді немесе содан туындайтын, ол банк операцияларын орындайтындай әсер қалдыратын сөзді (ұғымды) пайдалануға құқығы жоқ (уәкілетті орган, банктердің филиалдары мен өкілдіктерін, халықаралық қаржы ұйымдарын және заңнамада көрсетілген басқа да жағдайларды ескермегенде) [3].

Бұл талап екінші деңгей банктерінің ерекше құқықтық мәртебесін көрсетеді. банктік қарыз шарты бойынша қарыз беруші жалғыз екінші деңгейдегі коммерциялық банктер емес, сонымен қатар «банк» болып табылмайтын, бірақ уәкілетті мемлекеттік органның ақшалай нысанда қарыз беруге лицензиясы бар ұйымдар.

Егер заңнаманы саралайтын болсақ, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар көп емес, олардың біреулері арнайы лицензия негізінде қызмет жасаса (Қор биржасы, Орталық депозитарий, Ипотекалық ұйым, Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымы), басқалары лицензиясыз банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырады (заңмен белгіленген шектерде Кредиттік серіктестіктер, Ұлттық пошта операторы, «электрондық үкімет» төлем шлюзінің операторы, Қазақстанның Даму Банкі және тағы басқалары).

Аталған ұйымдардың ішінен банктік қарыз операцияларын тек ипотекалық ұйым және ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымының жүзеге асыруға құқықтары бар. Оны біз тікелей «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңында, банктік қарыз шартына қатысты талаптарынан көре аламыз [4].

Банктермен қатар аталған ұйымдардың негізгі қызметі бойынша жасайтын заем шарттары банктік қарыз шарты деп танылады және ол шарттарға Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің, банктік заңнаманың, соның ішінде күзіретті мемлекеттік органның заңдасты актілерінің банктік қарыз шартына қойылатын талаптары қолданылады.

Жоғарыда аталған шеңберге кірмейтін ұйымдармен жасалатын ақшалай заем шарттарына банктік қарыз шартына қойылатын заңнамалық талаптар қолданылмайды (мысалға, Кредиттік серіктестіктер, микроқаржылық ұйымдар және т.б.) [5]. Біздің ойымызша, бұнымен келісуге болмайды. Біз, мақаланың басында айтып кеткендей, кәсіпкерлік мақсатта тұрақты түрде қарызға ақша беру қызметімен айналысу мемлекеттік деңгейдегі маңызы бар. Сондықтан мұнда заем шарттары негізінде туындайтын қатынастар тиісті дәрежеде реттеліп отыруы керек; ақшалай заем шарттары бойынша «әлсіз» тарап болып есептелетін тұтынушылардың мүдделері тиісті деңгейде қорғалуы тиіс.

Қазіргі таңда осы бағытта біршама қозғалыс бар. Яғни, банктік қарыз шартына қатысты қолданылып жүрген біршама талаптар микроқаржылық ұйымдар жасайтын заем шарттарында да көшіріліп, қолданылуда [6]. Алайда ол талаптарды банктік қарыз шартына қойылатын талаптар деңгейімен салыстыруға келмейді.

Біздің ойымызша, осы кемшілікті түзетудің бір жолы ақшалай заем беру қызметімен тұрақты, кәсіпкерлік мақсатта айналысатын қарыз беруші ретінде арнайы ұйымдармен жасалатын заем шарттарына заңнамада белгіленген, банктік қарыз шартының біршама талаптары көшірілуі тиіс.

2. Банктік қарыз шартына ның келесі белгісі ол шарттың нысанасы – алдағы уақытта берілуі мүмкін ақша. Осында банктік қарыз шартын сипаттайтын екі белгіні көруге болады, олар шарт бойынша қарызға тек ақшаның берілуі және жалпы ереже бойынша тараптар шарттың барлық елеулі ережелері бойынша келіскен уақыттан бастап шарттың күшіне енуі (яғни, шартта ерекше көрсетілмесе шарт консенсуалды болып табылады).

Банктік қарыз шарты консенсуалды шарт екендігі Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 727 бабындағы банктік қарыз шарты анықтамасынан байқауға болады, яғни «банктік қарыз шарты бойынша заем беруші заемшыға төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық шарттарымен қарызға ақша беруге міндеттенеді» – деп көрсетілген. Яғни, банк ақша берген жоқ, бірақ ақша беру міндетін шарт жасалғаннан бастап иеленеді.

Әрине, банктік қарыз шарты жалпы ереже бойынша консенсуалды шарт болуы оны жалпы заем шартынан ерекшелендіреді. Алайда, бұл заем шарты консенсуалды болмайды деген сөз емес. Себебі, заем шарты жалпы ереже бойынша шарт нысанасы берілген кезде күшіне енеді деп көрсетілсе де, тараптар келісімімен консенсуалды болуы әбден мүмкін. Сонымен қатар, соңғы заңнамалық өзгерістерге сәйкес микроқаржы ұйымдары жасайтын заем келісім-шарттары да, жалпы ереже бойынша консенсуалды келісім-шарттар болып табылады [2].

Қалай дегенмен банктік қарыз шарты және заем шарты реалды және консенсуалды шарттар болуы мүмкін. Сондықтан олардың осы белгісі бойынша айырмашылығы «жалпы ережеде» (біреуі жалпы ереже бойынша консенсуалды шарт, екіншісі жалпы ереже бойынша реалды шарт). Алайда, бұл белгі банктік қарыз шарты қаншалықты ерекшелендіреді, оның мазмұнын ашады?!

Дәл осындай сұрақ шарт нысанасы болып табылатын ақшаға да қатысты. Банктік қарыз шарты нысанасына қатысты тағы бір мәселе, шарт бойынша ақша несие ретінде қарыз алушыға берілуі тиіс. Алайда, тәжірибеде шарт бойынша қарыз алушыға берілуі тиіс ақша барлық жағдайда қарыз алушының қолына түсе бермейді. Қазіргі таңда қолданылып жүрген банктердің біршама заемдық өнімдері бойынша, ақша банкпен тікелей қарыз алушының үшінші тұлғалар алдындағы міндеттерін орындауға жіберіліп жатады (мысалға, кең тараған тұрмыстық техника немесе автокөлік сату орындарындағы банктік несиелеу).

Аталған несиелеу жолдары күмәнді, себебі қарыз алушы банктік қарыз шарты бойынша ақшаны алып, оған иелік етпейді.

ҚР АҚ заем шартына қатысты ережелері, белгілі бір ауытқулардан басқа банктік қарыз шартын қолдануға жатады. Егер Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 715 бабы 1 тармағында заем шартына берілген анықтаманы ескерсек, қарыз беруші заем нысанасын қарыз алушының меншігіне, шаруашылық жүргізуіне, оралымды басқаруына (яғни, иелік ету, билік ету және пайдалану құқықтары) беруге міндеттенеді, ал қарыз алушы қарыз берушіге дәл осындай ақша сомасын уақытында қайтаруға міндеттенеді.

Яғни, жоғарыдағы заң нормасын саралап, қазіргі тәжірибеде орын алып жатқан несиелеудің банктік қарыз шартының шеңберінен шығып кететінін аңғарамыз. Себебі, банктік қарыз шарты нысанасы қарыз алушының меншігіне, шаруашылық жүргізуіне, оралымды басқаруына түспейді.

Біздің ойымызша, банктік қарыз шарты нысанасы қарыз алушының қолына берілмесе де, қарыз алушының банкілік шотына аударылуы тиіс немесе қарыз алушы тапсырмасы бойынша кез келген басқа шотқа аударылуы тиіс (соның ішінде үшінші тұлғалардың шотына). Осы кезде, банктік қарыз шарты нысанасы шын мәнісінде қарыз алушының иелігінде болуын көрсететін еді.

Аталған қорытынды Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 719 бабы 1 тармағымен сәйкес келеді. Ол бойынша заем нысанасын шартта көзделген мерзімде, мөлшерде және жағдайда беріледі. Егер шартта өзгеше көзделмесе (яғни, мерзім, мөлшері және жағдайы), заем нысанасы оны заемшыға берген немесе оның банктегі шотына тиісті ақша қаражаты есептелген кезден бастап берілген деп есептеледі.

Олай болмаса, қарыз берушілердің несиені тікелей үшінші тұлғаларға аударған кезде бұл банктік қарыз шарты емес, ал регресті міндеттеме келбетін иеленеді.

3. Банктік қарыз шартының елеулі ережесі оның жазбаша нысанда жасалу міндеттілігі. Келісім-шарт нысанына қатысты осы талаптың сақталмауы банктік қарыз шартының жарамсыздығына әкеліп соқтырады. Аталған елеулі ереже заңға сәйкес анықталады және шартты сипаттайтын бір ерекшелік ретінде көрсетіледі.

Алайда, егер біз шарт нысанына қатысты Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі талаптарын банктік қарыз шартына қатысты саралайтын болсақ, онда банктік қарыз шарты қалай болғанымен де міндетті түрде жазбаша нысанда жасау қажет екендігін көре аламыз, себебі шарт тараптарының бірі – қарыз беруші кәсіпкер және банктік қарыз шарты табиғаты бойынша жасалған кезде бірден орындалмайтын шарт түрі болып табылады [3].

Тағы да айта кететіні, шарттың міндетті түрде жазбаша нысанда жасалуы банктік қарыз шарты нысанына қатысты заңнамада көрсетілген жалғыз талап емес, банкілік заңнамада басқа да талаптар бар, мысалға:

1) банктік қарыз шарты қажет болған жағдайда басқа тілдердегі аудармасы қоса берумен, мемлекеттік тілде және орыс тілінде жасалады, ал шетелдік тұлғалармен шарт жасасқан жағдайда мемлекеттік және тараптарға қолайлы тілде жасалуы;

2) Шарттың мәтіні А4 форматты парақтарда, «Times New Roman» шрифтінiң мөлшері 12-ден кем емес, әдеттегі әріпаралық, бір жоларалық интервалмен және абзац шегінісін қолдана отырып басып шығарылуы;

3) шарттың түпнұсқасында тараптардың қолы қойылады және заемшы – заңды тұлғаның және банктің мөрімен расталуы.

Аталған, банктік қарыз шартын рәсімдеуге қатысты қосымша талаптардың сақталмауы банктік қарыз шарты жарамсыздығына әкеліп соқпайды. Тек қаржы ұйымдар қызметін қадағалаушы орган тарапынан шартты рәсімдеу талаптары бұзылған үшін әкімшілік шаралардың қарыз берушілерге қолданылуына әкеліп соғуы мүмкін.

Сонымен қатар, келісім-шарттың біршама маңызды ережелерін (сыйақы немесе айыппұл есептеу және тағы басқалары) жоғарыда аталған талаптарды сақтамай, «бірден көз түспейтіндей етіп» келісім-шартта көрсету тәжірибеде қарыз алушы тарапынан ол ережелерді даулауға бір негіз болуы әбден мүмкін.

Біздің ойымызша банктік қарыз шарты елеулі ережесі ретінде көрсетілген шарттың жазбаша нысанда жасалуы, шарт мазмұнын ашуды емес, ал тәжірибеде қайшылықтарды болдырмау мақсатында көрсетілген. Дәл осындай себептен болуы керек Ресей Федерациясы азаматтық кодексінде банктік қарыз шарты жазбаша нысанда жасалуы міндетін бөлек бапта шығарылып көрсетілгені [7].

4. Қазақстан Республикасы азаматтық құқықтық заңнама, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізілу жиілігі бойынша республиканың ең динамикалық нормативтік құқықтық актілері десек біз қателеспейміз. Соңғы жылдары банктік қарыз шартына қатысты заңнамаға көптеген өзгертулер мен толықтырулар енгізілген болатын. Аталған өзгертулер мен толықтырулар тәжірибелік қажеттіліктен туындағандығы түсінікті.

Осындай бір заңнамаға өзгертулер мен толықтырулардың көрінісі, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 728 бабы бірінші бөлігінің 5) тармақшасындағы – заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, қарыз берушінің шарт талаптарын біржақты өзгерту құқығының банктік қарыз шарты көрсетілмеу міндеті. Бұл ереже банктік теріс тәжірибені тью мақсатында, дағдарысты өткізгеннен кейін 2011 жылы Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде енгізілген өзгерістердің бірі. Оның орынды талап екендігінде еш дау жоқ.

Әйтсе де, бұл белгіні банктік қарыз шарты мазмұнын ашатын ерекшелік, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде негізді көрсетілген деп айта алмаймыз. Осындай тектес қарыз берушіге қойылатын шектеулер банкілік заңнамада жетерлік, мысалға:

1) қарыз алушы – жеке тұлғамен шарт жасасу күніне бекітілген тарифтерді, комиссиялық сыйақылар мен басқа да шығыстардың ставкасын және есептеу тәртібін бір жақты тәртіпте өсіру жағына өзгертуге тыйым салу,

2) жасалған шарт аясында комиссияның жаңа түрлерін бір жақты тәртіппен енгізуге тыйым салу,

3) қарыз алған күннен бастап бір жылға дейін негізгі борышты мерзімінен бұрын толық өтелген немесе мерзімінен бұрын ішінара өтелген жағдайларды қоспағанда, қарызды мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлерін өндіріп алуға тыйым салу және т.б. [3,7]

Яғни, қарастырылып отырған банктік қарыз шарты ерекшелігі неліктен Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 728 бабында көрсетілгені бізге түсініксіз. Себебі осындай тектес шектеулер банкілік заңнамада жетерлік. Неліктен банктік қарыз шарты қарастырылып жатқан ерекшелігін банкілік заңнамада көрсетпеске?

Егерде, біз Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі онда көрсетілген шарттарға қатысты басқа салалық нормативтік құқықтық актілер ережелерін енгізсек, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі мөлшері екіүш есе ұлғаяр еді. Сондықтан, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде көрсетілген шарттардың жеке сұрақтарды реттейтін ережелері салалық нормативтік құқықтық актілерде көрсетілуі әбден орынды және оларды кодексте көрсетілуі қажетсіз. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде шарттарға қатысты жеке мәселелерді реттейтін ережелерді еңгізу тәжірибесін шектеу қажет.

5. Келесі белгі, ол ерекше жағдайларды қоспағанда, банктік қарыз шарты бойынша заем берушінің – борыш есебіне ақшадан басқа тектік белгілерімен айқындалған заттарды қабылдауға жол берілмеуі.

Бұл ерекшелік, алдында аталып кеткен банктік қарыз шарты қарызға «тек ақша» берілу белгісінің жалғасы болып табылады және қарыз берушінің – қаржы ұйымы ретіндегі мәртебесін; заем шартының қандай ережесі банктік қарыз шартына қолданбайтындығын көрсетеді. Яғни, егер жалпы ереже бойынша заем шартында қарыз беруші келісімімен қарызға алынған ақша орнына зат беруге заңмен рұқсат етілсе, банктік қарыз шарты бойынша заем міндетті түрде ақшамен қайтарылуы тиіс.

Ерекше жағдайларда банктік қарыз шарты бойынша берілген заем затпен жабылуы мүмкін. Ол жағдайлар қарыз алушының алынған заемды қайтару мүмкіндігінің болмауы, яғни банктік қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін бұзуы. Алайда, егерде біз қазіргі таңдағы банктік қарыз шартын жасасу қатынастарындағы тәжірибені ескерсек, көп жағдайда қарыз берушілер берілген несие бойынша өтем ретінде, сот шешімінсіз ақшадан басқа мүлікті алудан бас тартпайды (мысалға, кепілді). Бұл, әрине, ерекше, банктік заңнамада көрсетілген қалыпты емес жағдайлар деп танылады.

6. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 728 бабында көрсетілген тағы бір банктік қарыз шарты ерекшелігі, ол заемды қайтару немесе сыйақыны төлеу мерзімі бұзылған жағдайда заем беруші заем нысанасының қалған барлық бөлігінің тиесілі сыйақымен бірге мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету құқығын – қарыз алушы қарыз нысанасының кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік қырық күн мерзімнен асырып бұзған кезде ғана қолдануы.

Біздің ойымызша, бұл норма нақтылауды қажет етеді. Себебі осындағы «және (немесе)» деген сөздер тәжірибеде дау туғызуы мүмкін.

Тәжірибеде кейбір жағдайларда қарыз нысанын қайтару және сыйақы төлеу мерзімдері бір-біріне сәйкес келе бермейді (мысалға, қарыз ай сайын төленсе, сыйақы үш айда бір рет төленуі). Сонда Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 722 бабы 3 және 4 тармақтарын, 728 бабы бірінші бөлік 7) тармақшасын қолданып, шарт бойынша берілген заемды толық және есептелген сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету кезінде қырық күндік мерзім есептелуі қандай уақыттан басталуы тиіс? Негізгі қарыз

қайтару мерзімі бұзылған кезде ма, әлде сыйақы қайтару мерзімі бұзылған кезде ма? Қарыз беруші мүддесін ескерсек, біздің ойымызша Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 728 бабы бірінші бөлік 7) тармақшасында «және» сөзін алып тастап, қайсы мерзім бұрын бұзылады (қарыз қайтару немесе сыйақы төлеу мерзімдері) сол кезден бастап қырық күндік уақыт есептелуі тиіс.

Жалпы, бұл «ерекшелік» қарыз берушінің қарыз алушыға қолданатын нақты шарасының бірі және банктік қарыз шарты мазмұнын еш сипаттамайтыны анық. Аталған белгі салалық, банктік заңнамада көрсетілуі әбден орынды болар еді, мысалға Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы заңының 36 «Төлем қабілеті жоқ қарыз алушыға қатысты қолданылатын шаралар» бабында.

7. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 728-бабы екінші бөлігінде банктік қарыз шартына қойылатын тағы бір талап, ол банк эмитент болып табылатын акциялармен қамтамасыз етілген қарыздар беруге не осы акцияларды сатып алуға арналған қарыздар беруге тыйым салынуы. Айта кететіні бұл талап тек қарыз беруші – банктерге қатысты. Яғни, біз алдында айтып кеткендей банктік қарыз шарты бойынша қарыз беруші ретінде банктік қарыз шартын жасасуға арнайы лицензиясы бар тұлғаларға бұл талап қолданылмайды. Осы себептен болар, бұл талап Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 728 бабының бірінші бөлігінде, банктік қарыз шартына қойылатын жалпы талаптармен бірге көрсетілмеуі.

Алайда, неліктен бұл талаптың ақшалай заем беру қызметімен айналысатын басқа да тұлғаларға қойылмайтыны түсініксіз. Себебі, ол тұлғаларда өздері эмитент болып табылатын акциялармен қамтамасыз етілген қарыздар беруге не осы акцияларды сатып алуға арналған қарыздар беруді жүзеге асырып қаражатты жымқыруы мүмкін.

Егерде бұл талап тек банктердің қызметіне қойылатын болса, онда оны Қазақстан Респуб ликасындағы банктер және банк қызметі туралы заңда, осындай тектес талаптармен бірге көрсеткен жөн болар еді.

8. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі банктік қарыз шартын сипаттайтын тағы бір белгі Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 718 бабы 2 тармағында белгіленген. Оған сәйкес, банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микроқаржы ұйымдары және кредиттік серіктестіктер беретін қарыздар бойынша сыйақы жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесімен көрсетілуі тиіс. Өз кезегінде жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі қарыз беруші алатын сыйақыны, комиссиялардың барлық түрлерін және өзге де төлемдерді қамтиды. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісімен айқындалады.

Осы ереженің пайда болуы біздің ойымызша банктердің банктік қарыз шарттары бойынша өндірілетін сыйақыны толық ашып көрсетпеуінен және пайыздан бөлек «жасырын» комиссиялар өндіру бойынша теріс тәжірибесі кесірінен туындады. Банктердің осы теріс тәжірибесін тыю мақсатында – «жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі компьютерлік техника құрылғыларының көмегімен цифрлық көрсетуде бір сөйлеммен, сондай-ақ басқа сыйақы мөлшерлемелерімен шрифтерін ресімдеудің ауқымы мен стилі (курсив, жартылай қалың қаріп, түспен бөліп көрсету, мөлшер) бойынша бірдей нысанда» басылуы тиіс деген заңнамалық талаптың енгізілуі [8].

Жоғарыда айтылғанның негізінде келесідей қорытындылар шығаруға болады: – Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде банктік қарыз шартына қатысты ұсынылған ережелер мінсіз емес;

– банктік қарыз шартын сипаттайтын белгілерді бірін-бірі толықтыратын негізгі екі топқа бөлуге болады, олар: бірінші топ - төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық, қарызға тек ақша берілуі және қарыз беруші, арнайы құқықтық мәртебесі бар тұлғалар; екінші топ - банктік қызмет ерекшелігін сипаттайтын банктік қарыз шартының міндетті ережелері;

– Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 728 бабы, бірінші бөлігі 7) тармақшасында «және» сөзін алып тастау қажет;

– Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі көрсетілген банктік қарыз шарты қатысты біршама ережелердің салалық банктік заңнамада көрсетілуі орынды. Мысалға Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 728 баптың бірінші бөлігінің 5) тармақшасы, 7) тармақшасы және 728 баптың екінші бөлігі;

– банктік қарыз шартына қатысты көптеген ережелер салалық банкілік заңнамада көрсетілгендіктен, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 728 бабында банктік қарыз шарты ережелерін анықтауға қатысты сол салалық банктік нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасау негізді, мысалға келесідей мазмұнда «Банктік қарыз шартының міндетті талаптарының тізбесі Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен айқындалады». Осы арқылы, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі мен салалық банкілік заңнама арасында банктік қарыз шартына қатысты байланыс орнатылатын еді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім)» 01 шілде 1999 жылғы (19 желтоқсан 2020 жылғы өзгерістермен, толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409>

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы ұйымдары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 ж. 24 қарашадағы №422-V Заңы (2019.03.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=32156493#pos=0;0

3. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 ж. 31 тамыздағы № 2444 Заңы (01 қаңтар 2021 жылғы өзгерістермен, толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002444>

4. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 16 мамыр 2014 жылғы № 202-V Қазақстан Республикасының заңы (01 қаңтар 2021 жылғы өзгерістермен, толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000202>

5. «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 26 қараша 2012 жылғы № 56-V Заңы (01 қаңтар 2021 жылғы өзгерістермен, толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000056>

6. «Кредиттік серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 28 наурыздағы № 400-ші заңы (01 қаңтар 2021 жылғы өзгерістермен, толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000400>

7. Гражданский кодекс Российской Федерации от 30 ноября 1994 г. N 51-ФЗ. 820 бап. Система ГАРАНТ: <http://base.garant.ru/10164072/#ixzz3cZ0fLclD>

8. «Қарыздар мен салымдар бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемелерін (нақты құнын) есептеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 26 наурыздағы № 137 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 16 мамырда № 7663 тіркелді // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200007663>

ЗНАЧЕНИЕ ДОГОВОРА О БАНКОВСКОЙ КРЕДИТЕ В ПОЛОЖЕНИЯХ ГРАЖДАНСКОГО КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Амирова Б.К., Бақытжанұлы Б.

В статье рассматриваются положения гражданского кодекса Республики Казахстан в части упомянутого договора банковского займа. Цель исследования – определение обоснованности и полноты изложения норм, регулирующих правоотношения сторон рассматриваемого вида договоров. В том числе – положения кодекса рассматриваются как в свете сложившейся практики на рынке банковских кредитных продуктов, так и отдельных требований нормативных правовых актов регулятора данного рынка. В работе определяются родовые признаки договора банковского займа. По результатам исследований делаются определенные выводы, в том числе предложения по изменению банковского законодательства.

Ключевые слова: договор банковского займа, договор банковского долга, договор займа, банковская заемная операция, банковская деятельность.

THE IMPORTANCE OF THE BANK LOAN AGREEMENT IN THE PROVISIONS OF THE CIVIL CODE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Amirova B., Bakytzhanuly B.

The article deals with the provisions of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan in terms of the above mentioned loan agreement. The purpose of the study is to define of the validity and completeness of the standards, governing the legal relations of these contract types. Including provisions of the Code are considered in the current practice of the banking credit products, as well as individual requirements of normative legal acts of the market regulator. Generic characteristics of the bank loan contract are determined in the work. According to the research made certain conclusions, including proposals for changes in banking legislation.

Key words: bank loan agreement, contract of bank debt, the loan agreement, the bank loan operation, banking.

Мақалаңын редакцияға келіп түскен күні: 08.01.2021 ж.

ӘОЖ 347.91/.95

ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУГЕ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚАТЫСУЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ТЕТІГІ

Амирова Б.К., Орынбек А.Т.

Мақалада азаматтық іс жүргізудегі үшінші тұлғалардың процесік құқық және әрекет қабілеттіліктерін жүзеге асырудың практикасына талдауға арналған. Азаматтық процесің жаңа қырлары - соның ішінде үш буынды сот жүйесіне көшудің салдары қарастырылады. Сонымен қатар шет мемлекеттерде азаматтық іс жүргізу процесінің құқықтық реттелуіне назар аударылған. Жүргізілген ғылыми зерттеудің нәтижесінде азаматтық іс жүргізу процесінің теориялық, құқықтық және практикалық маңызды ұсыныстар жасалған.

Кілт сөздер: процесс, кодекс, заң, тарап, үшінші тұлға, талап арыз, сот

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылы 6 қаңтарда жариялаған «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласында құқықтық тәртіп пен заңдылық мәселесі кеңінен қаралып, сот төрелігінің маңыздылығын қадап айтты. «Заңның үстемдігін қамтамасыз ету» екінші реформасы бағытында сот төрелігі мен Қазақстанның бүкіл құқық қорғау жүйесінің тек қана азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, заңдарды қатаң орындауға және құқық тәртібін нығайтуға бағытталуы тиіс деп корсетілген [1]. Заңдардың үстемдігін қамтамасыз ету заман талабына сай заңдарды қабылдаумен қатар, олардың орындалуымен, азаматтардың заңдарды құрметтеуімен, ешкімнің құқықтарын бұзылмауымен құнды.

Осы заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету аясында 2015 жылы 31 қазанда жаңа Азаматтық процесілік кодекс қабылданды [2]. Осы кодексті қолданысқа енгізу жөніндегі жарлыққа Елбасымыз бірінші рет, ерекше жағдайда, бүкіл халықтың алдында қолын қойып, бұл заңның өте маңызды екенін білдірді. Сот құқықтық реформаларды жүзеге асыру бағытында азаматтық сот ісін жүргізуде жаңа ұғымдар мен тараулар пайда болды (оңайлатылған іс жүргізу, татуластыру рәсімдері-партисипативтік рәсім, алдын ала сот отырысы, ҚР Халықаралық шарт негізінде баланы қайтару туралы немесе балаға қатысты қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыру туралы арыздарды қарау бойынша іс жүргізу, 37, 40-41 тараулар). Кейбір іс жүргізу институттарының атауы өзгертілді (сот талқылауы- сотта іс қарау; істі сот талқылауына дайындау-істі сотта қарауға әзірлеу; сот отырысы-сот талқылауы, іс бойынша іс жүргізуді қысқарту-іс бойынша іс жүргізуді тоқтату; сот шешімі және оны атқару тәртібі-соттың шешімі және оны орындау; төрелік шешімдерді орындау-аралық сот шешімін орындау; оңалту және банкроттық туралы істер бойынша іс жүргізу-заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің банкроттығы туралы істерді қарау). Сонымен қатар бұрынғы кодексте қолданылған институттарды мүлдем алынып тасталған (қозғалыссыз қалдыру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамдардың) қаулыларына дау айту туралы істер бойынша іс жүргізу, аралық соттардың шешімдеріне шағым жасау туралы істер бойынша іс жүргізу, прокурордың органдар мен лауазымды адамдардың актілері мен іс-әрекеттерін заңсыз деп тану туралы жүгіну). Ең бір елең еткізетін кемшілік тұсы қолданыстағы АПК-нің Ерекше іс жүргізу бөліміндегі 36-37 тараулардың аттары бірдей, яғни «Кәмелетке толмағанды толығымен әрекетке қабілетті (эмансипация) деп жариялау туралы істер бойынша іс жүргізу». Алайда аталған тарау орыс тіліндегі нұсқасында тараулардың аттары әр басқа. Яғни бұл баспадан кеткен қателік. Мұндай қателіктерді болдырмай, қадағалайтын мекеме құру өзекті мәселе болып табылады. Себебі, баспа беттерінен шыққан соң, республиканың барлық аймағына таралып, оларды халық тұтынады, оқиды. Егер жоғарыда аталған қандайда бір қателіктер туындап жатса, халық пен мемлекеттік органдар арасында күрделі мәселе тындауы әбден мүмкін. Заңдар, кодекстер қоғамның айнасы, яғни қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін, мемлекет атынан әрекет ететін нормативтік акт болып табылады.

Шетел мемлекеттерінде азаматтық дауларды шешетін өз еліндегі соттармен қатар, арбитраждық соттарда қызмет атқарады. Алғашқы халықаралық сот 1921 жылы Ұлттар Лигасы шеңберінде құрылған.

Арбитраждық соттың өзі екі түрге бөлінеді:

1. уақытша (Ad hoc);
2. тұрақты (институционалды) [3,264].

Уақытша арбитраж – бұл шарттан туындаған дауды шешу үшін арнайы құрылған арбитраждық сот. Тұрақты арбитраж – тұрақты жұмыс істейтін арбитражды айтады. Оның ерекшелігі, ол өзін құрған органның іс жүргізу тәртібімен реттеледі. Қазіргі кездегі белгілі тұрақты арбитраждар: Лондон қаласындағы Төрелік сот, Париждегі халықаралық сауда палатасының халықаралық коммерциялық арбитраж соты, Стокгольмдегі сауда палатасының арбитраж институты [4,175]. Қазақстан Республикасында сыртқы саудалық дауды шешетін Жоғарғы Сотының шаруашылық істері жөніндегі коллегия және Қазақстан

Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысына сәйкес 1993 жылы 5 қазанда құрылған сот осы Қазақстан Республикасы Сауда өндірістік палатасы құрамындағы Арбитраж комиссиясы құрылған болатын.

Қазіргі таңда шетелдік заңнаманы зерттеу үлкен сұранысқа ие болып отыр. Құқықтық реттеудің шетелдік тәжірибесін ұсыну еліміздің құқықтық жүйесінің артылық-шылықтары мен кемшіліктерін анықтауға, ұғынуға мүмкіндік береді. Құқықтық жүйесі бір мемлекеттердің құқықтық механизмін зерттеудің ерекше тәжірибелік маңызы бар.

Германдық соттық жүйе өзге де соттардай тәуелсіз және заңдарға бағынышты арнайы азаматтық сот органдарының бар болуымен сипаталады. Ұлыбританияда саяси жариялы даулардың шешімі түрлі ұйымдармен: жалпы құқық соттармен, арнайы мамандандырылған заңдық (квазисоттық) ұйымдармен, Ұлыбритания Парламентімен, орталық уәкілетті және локальді үкіметпен іске асырылады. Жалпы құқықтық соттардан өзгеше квазисоттық органдардың жүйесі ағылшын және американдық құқықта әкімшілік әділет деп аталады.

Беларусь Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі сол елдің әкімшілік істерін де қарайды. Аталған Кодексте «Әкімшілік-құқықтық қатынастардан туындайтын істер бойынша іс жүргізу» арнайы тарау қарастырылған [5,186].

Германияда Азаматтық іс жүргізудің құқықтық теориясы жариялылық принципі ҚР-ның жариялылық принципіне сай келеді. Ол екі жолмен ұғынылады:

- 1) міндетті сот принципі ретінде жариялылық принципі *die Offentlichkeit*;
- 2) тараптардың жариялылық қағидаты (ашықтығы) *die Partei of Tentlichke it*. Бұл принцип бірінші мағынада жариялылық ретінде көрініс табады, демократия принципі мен құқықтық мемлекет ретінде барлығына сот ісін жүргізудің ашықтық ережесін қарастырады. Екінші мағынада, жариялылық принципі тараптарға дәлелдемелерді қарауға қатысуға, істі және процессуалдық іс-әрекеттерін қайта қарау құқығын беретінін білдіреді.

Сонымен қатар, Германияның Азаматтық процестік заңнамасы жүйелендірілген және кодификацияланған. Азаматтық процестік жинақ (*Deutsche Zivilprozessordnung* - АПЖ) Германияда 1877 жылы қабылданып, 1879 жылы қолданысқа енгізілген. 1950 жылғы редакцияда келесі өзгерістермен қолданылады. Кез келген оңайлатылған өндірістің мақсаты сот өндірісін жеделдету, бұзылған құқықтарды жедел түрде қорғау, шығындарды қысқарту және сот әділдігіне қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады. Өндірістің негізі болып пәні, белгілі бір ақша сомасын төлеу болып табылатын талаптар жатады. Азаматтық процестік жинақта бірнеше жеңілдетілген өндірістің нысандары белгіленген: Мысалы, бұйрық өндірісі (*Mahnverfahren*, АПЖ 7 тарауы), жазбаша құжаттарға негізделген өндіріс және т.б. тұтынушылар қарыз шарты туралы кәсіпкердің талабы, қаржылық лизингті бөліп төлеу туралы шарт бұйрық өндірісінде қаралуға жатпайды. Егер осы санаттағы шарттардың пайызы белгілі бір дәрежеден асса, талапты орындау берілген қарсы талапқа тәуелді болса және сот бұйрығын жеткізу жария хабарландыру құралдарымен жүзеге асырылса жатпайды. Сот бұйрығын шығару туралы өтініш арызданушының тұрғылықты мекен-жайы бойынша жеке дара қарайтын учаскелік сотқа беріледі. Сот жауапкерге осы өндіріс шегінде берілген талаптың фактілік негізділігі тексерілмегендігін ескертеді және 14 тәулік ішінде қарсылық білдіру құқығын түсіндіреді. Қарсылық келтірілмесе арызданушыға атқарушылық құжат болып табылатын дереу орындалуға жататын бұйрық беріледі. Егер де қарсылық келіп түссе бұйрықтың күші жойылып, іс талап өндірісімен қаралуға жатады. Бірақ сот тәжірибесінде жауапкермен қарсылық өте сирек келтіріледі. Сондай-ақ, егер жауапкер талап қоюшыға жеткілікті қарсылық келтіре алмаған болса, бұйрық өндірісі қолданылады. Статистикалық мәліметтер бойынша, Германияда бұйрық өндірісі тәртібінде бірінші сатыдағы сотпен қаралатын істердің көлемі тым жоғары. Бұйрық өндірісі жауапкерге қарсы шешім шығарылатын ең арзан, қол жетімді тәсілдердің бірі және талаптың ескіру мерзімін ұзу үшін кеңінен қолданылады. Кәмелетке толмағандарды қамтамасыз етуге байланысты (*Vereinfachte Verfahren über den Unterhalt*

Minderjähiger) оңайлатылған өндірістің негізі болып, кәметке толмаған баланы қамтамасыз ету заңмен көзделген ата-ананың бірінің міндетін орындамауы болып табылады. Талап баланың немесе ата-анасының мекен-жайы бойынша отбасылық істерді қарайтын сотқа беріледі және қарсы талап берудің мерзімі бір айды құрайды. Тараптардың бірі шетелдік болып табылғанда бұйрық өндірісі тәртібінде іс қаралуға жатпайды, ол оңайлатылған өндірістің осы санаты бойынша мұндай шектеу қойылмайды [6,102].

Бұл өндірістің тағы бір ерекшелігі, қарсылық білдірудің шектеулігі, өзге де қарсылықтар талаптың бір бөлігінің мойындалуымен жүзеге асырылады. Жазбаша құжаттарға негізделген өндіріс, пәні белгілі бір ақша сомасын төлеу және белгілі бір мүлік пен бағалы қағазды ұсыну болып табылатын талаптар бойынша жүзеге асырылады. Талап жалпы тәртіпте, жауапкердің мекен-жайы бойынша құзыретті бөлу ережесіне сәйкес учаскелік немесе жергілікті сотқа беріледі. Бұл өндірісте – дәлелдемелік бөлігі бойынша тек жазбаша құжаттар және тараптардың айғағына негізделеді. Қарсылық білдіру кезінде бұл ереже талапкерге, сондай-ақ жауапкерге қатысты қолданылады. Талап қоюшының істі оңайлатылған өндірісте қаралуынан бас тартуы істің қысқартылуына алып келмейді. Тек жалпы тәртіпте қаралуға жатады. Оңайлатылған жазбаша іс жүргізу деп аталатын өндірістің бұл түрі оңайлатылған өндірістің жалпы ережелерімен реттеледі. Мерзімдері мен соттылығы бойынша өзгеше тәртіп көзделген. Талап төлемнің орналасқан жері бойынша немесе жауапкердің мекен-жайы бойынша беріледі. Сонымен қатар, істер жеогілікті соттармен алқалы құраммен қаралуы мүмкін. Шақырылу үшін қысқартылған мерзімдер белгіленген:

- егер шақыру соттың орналасқаны жері бойынша жеткізілуге жататын болса, кемінде 24 сағаттың ішінде;
- адвокаттың іске міндетті қатысуы бойынша кемінде 3 күн;
- егер шақыру өзге орынға жеткізілуге жатса 10 күн ішінде жүзеге асырылады [7,62].

Қорытындылай келе, Германия елінің процесік заңнамасы бойынша өндірістің (жеңілдетілген немесе жалпы тәртіпте қарау) сотқа жүгінетін тұлғаның құқығы болып табылады. Мұнымен оңайлатылған өндірістің альтернативтілігі байқалады. Заң тек оңайлатылған өндіріс тәртібінде істердің қаралуына құқық береді, алайда оны міндеттемейді. Тұлға өндірістің түрін таңдау кезінде оның құқықтарының ең тиімді қорғалу тәсіліне, іс үшін қажетті жазбаша құжаттардың бар болуына және оның берген арызы осы тәртіпте қаралуына жататынына аса мән береді. Жалпы айтқанда, осы елдің азаматтық процесінде оңайлатылған өндірістің нормативтік реттелуі дамыған және қолдану саласы ауқымды болып табылады.

Ресей Федерациясының азаматтық процесік заңнамасын қарастыратын болсақ, бұл елдің азаматтық заңнамасы екі процесік заңнамасынан тұрады: Азаматтық процесік кодекс және Төрелік процесік Кодекс. Зерттей келе, осы елдің заңнамасына мынадай тұжырымға келуге болады. Яғни, оңайлатылған сот өндірісі Ресей Федерациясының азаматтық процесік кодексінде (РФ АПК) енгізілмеген. Алайда, бұл институт төрелік процесіте жазбаша құжаттық өндіріс ретінде қызмет ететінін көрсетеді. Ресей Федерациясының азаматтық процесік кодексінде оңайлатылған тәртіпте төрелік соттар мынадай істерді қарайды:

- ақша өндіріп алу туралы талап арыз бойынша;
- жауапкер болып заңды тұлға танылып, егер талаптың бағасы үш жүз мың рубльден аспаса;
- жауапкер жеке кәсіпкер болып табылып, жүз мың рубльден аспайды [8,162].

Қазақстан Республикасының соттарына қарағанда, Ресей Федерациясының соттарында талап арызды оңайлатылған тәртіпте қарау үшін өз өндірісіне қабылдау жөніндегі сұрақты шешуде балама балама мәселе қарастырылған. Жоғарыда көрсетілген негіздерден басқа, төрелік сотпен оңайлатылған өндіріс, тәртібінде, тізімде көрсетілмеген, бірақ тараптармен келісілген істер қаралуы мүмкін. Сондай-ақ егер іс оңайлатылған өндіріс

тәртібінде қаралатын тізімде көзделген істер қатарына жатпаса, сот осы істі оңайлатылған өндіріс тәртібінде қарау туралы ұсыныс тастай алады. Тараптармен келісілген жағдайда іс оңайлатылған өндіріс тәртібінде қаралады. Жоғарыда көрсетілген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына ұқсас болып келеді.

Сонымен қатар, істі оңайлатылған іс жүргізу тәртібінде қарау барысында сот істі жалпы тәртіптегі талап өндірісінде қарау үшін көшуі мүмкін. Бұл гормада біздің елдің заңнамасында бар [6,62].

Ресей Федерациясының Төрелік процестік Кодексіне (РФ ТПК) сәйкес, сот істі жалпы тәртіптегі талап өндірісінде немесе әкімшілік сот өндірісінде қарау туралы ұйғарымда келесі негіздер бойынша шығарылады:

1) оңайлатылған өндіріс тәртібінде істі қарау барысында үшінші тұлғаның іске қатыстырылуы жөніндегі өтініш қанағаттандырылса;

2) талап қоюшы талаптың ұлғайтылуы жөнінде өтініш жасаса;

3) шешім шығарар мерзімге дейін төрелік сотқа істі өз өндірісіне қабылданғаны жөніндегі ұйғарымның көшірмесін жауапкердің алғандығы туралы ақпарат келіп түспесе немесе тұлға іс материалдарымен танысуға және қарсылық білдіруге және өз позициясының негізділігі туралы дәлелдеме көрсетуге мүмкіндігі болмайды.

Шетел элементімен күрделендірілген неке-отбасы қатынастарының құқықтық реттеудегі тәжірибелік мәселелері мемлекеттік сот заңына сілтеме жасау арқылы шешу кеңінен қолданылады. – *lex fori*: әкелігін анықтау немесе мойындамау, біздің елдің азаматтары мен шетел азаматтары арасындағы некені бұзу жандайланыда қолданылады құқықтық реттеу үшін.

Жалпы шетелдердің сот тәжірибесі төрт топқа жіктеледі:

1) отбасы құқықтық істері жөніндегі сот актілері мен қаулылары. Функциялары: 1) заңды факт функциясы: сотта ата-аналар құқығынан босату шешімін шығарады: сот тәртібі бойынша енкені тоқтату. 2) құқықпен қамтамасыз ету функциясы: акт көмегімен қолданыстағы құқықтық қатынас бойынша құқықтық көмекпен қамтамасыз ету. Ата-аналары бөлек тұрған жағдайда бала тәрбиелеуге құқылы және т.б. осындай қатынастан туындайтын құқықтық реттеу үшін бір шешім –сотқа бару.

2) Жоғарғы Сот Пленумының қаулысы бойынша, ол тиісті түсініктемелер, ерекшелігі бағалау ұғымдар мен түсіндіру түрлі әдістерін пайдалануына беру арқылы отбасы құқығы соттардың нормаларын бірыңғай түсінуді және қтінім әзірлеуді дайындау болып табылады.

3) Пікірлер. Жалпылауға және нормативтік, консультативтік әлеуметтік реттеу енгізілген басқа да осыған ұқсас құқықтық актілер. Сот практикасын қысқаша объективті жағдайларда нақты санаттағы қарарында бірыңғай тәжірибесін құру мақсатында нақты дауды қаулы немесе нақты саладағы барлық кемелерге, құқық қолдану, құқық қорғау органдарында ашу әлсіз аудандарда құру тәжірибесін нормативтік құқықтық ұсыныс береді.

4) Конституцияның интерпретациясын беруге және Заңның конституциялығын қарап, Конституциялық Соттың актілері, қолданбалы немесе нақты жағдайда қолданылуы тиіс (импичмент туралы жариялау, сот шешімі) [9,394].

Азаматтық процестік кодекс азаматтардың, мемлекеттің және заңды тұлғалардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, заңдылықты сақтау, дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесу, құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қоғамда заңға және сотқа құрметпен қарауды қалыптастыру бағытында толыққанды жұмыс істеп келеді деп айтуға болады. Ондағы енгізілген елеулі өзгерістер өзінің ерекше қажеттілігін, тиімділігін көрсетуде, сондықтан бұндай өзгерістер еліміздің сот жүйесін одан әрі дамытып, нығайтып, сот әділдігін пәрменді түрде күшейтіп, заң үстемдігін қамтамасыз етіп, құқықтық бағыттағы жұмыстарды әлемдік озық стандарттар деңгейіне жеткізетін болады.

Заңға сүйене билік жүргізілген ел болашағының жарқын болатындығы сөзсіз. Халқымыз заңды құрметтеп, сотқа сенім артса, сот жүйесінің басты жетістігі болмақ. Сондықтан жаңартылған Азаматтық процестік кодекс құқық саласын түбегейлі жақсартады деп ойлаймыз.

Қорыта айтқанда, Елбасы «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласында «Қазастан 2050» стратегиясына орай жүзеге асырылатын жұмыстардың бағытын белгілеп, Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына ендіріп, Мәңгілік Елге айналдырудың тетіктерін барынша жіктеп айтып берді. Расында Елбасы белгілеген межеден шығып, Ұлт жоспары ойдағыдай орындалса, құқық, сот саласындағы жаңа реформалардың негізгі бағыттары қазақстандық азаматтардың заңның үстемдігіне, соттың әділдігіне деген сенімін арттырады сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ұлт жоспары - Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың 06 қаңтар 2015 жылғы бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам Жолдауы // <http://www.inform.kz>
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. (05.01.2021 жылғы толықтырулар мен өзгерістермен) // <http://adilet.zan.kz>
3. Марш П.Д.В. Англия, Франция және Германияның салыстырмалы келісім-шарт құқығы. – Алматы: «Дәнекер», 1999. – 450 б.
4. Федосеева Г.Ю. Международное частное право. – М.: «Острожье», 1999. – 265 с
5. Розенберг М.Г. Международные договор и иностранное право в практике международного коммерческого арбитражного суда. – М.: «Статут», 1998.
6. Нысанбекова Л.Б. Халықаралық жеке құқық. Оқу құралы. – Алматы: «Жеті жарғы», 2006. – 168 б.
7. Генрих Шниттер «Упрощенный порядок судопроизводства как одно из направлений дальнейшего совершенствования гражданского процессуального законодательства и снижения бюрократизма гражданского процесса» // Заңгер. - № 4. – 2014. –С. 60-65
8. Федосеева Г.Ю. Международное частное право. – М.: «Острожье», 1999. – 265 с
9. Гражданский процесс: Учебник. 2-е изд., перераб. и доп. / Под ред. М.К. Трушниковой. - М.: ОАО «Уздателский Дом «Городец», 2007. – 784 с.

МЕХАНИЗМ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ УЧАСТИЯ ТРЕТЬИХ ЛИЦ В ГРАЖДАНСКОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ ЗА РУБЕЖОМ

Амирова Б.К., Орынбек А.Т.

В статье рассматриваются анализ практики осуществления процессуальных прав и дееспособности третьих лиц в гражданском производстве. Рассматриваются новые грани гражданского процесса - в том числе последствия перехода трехзвенной судебной системе. Также обращено внимание на правовое регулирование гражданского процессуального процесса в иностранных государствах. В результате проведенного научного исследования сформулированы важные теоретические, правовые и практические рекомендации процессуального гражданского судопроизводства.

Ключевые слова: процесс, кодекс, закон, судья, стороны, иск, третьи лица

MECHANISM OF LEGAL REGULATION OF PARTICIPATION OF THIRD PARTIES IN CIVIL PROCEEDINGS ABROAD

Amirova B., Orynbek A.

The article deals with the analysis of the practice of exercising procedural rights and legal capacity of third parties in civil proceedings. New facets of the civil process are considered, including the consequences of the transition to a three-tier judicial system. Attention is also drawn to the legal regulation of civil procedure in foreign countries. As a result of the conducted scientific research, important theoretical, legal and practical recommendations of the civil procedure process are formulated.

Key words: *process code, the law, the judge, the parties, the claim, third party*

Мақалаңын редакцияға келіп түскен күні: 08.01.2021ж.

ӘОЖ 343.2/.7

ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ БӘСЕКЕЛЕСТІГІ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТАРДЫ САРАЛАУ

Бейсов Е.Ж., Асылгазы К.Ж., Адырбаева А. Е.

Бұл мақалада қылмыстық-құқықтық нормаларды қолдану кезінде ұқсас заң нормаларының бәсекелестігін, қолданылуға тиісті құқықтық норманы дұрыс анықтаудың және қылмыстық іс-ірекетті саралау түсінігі мен маңыздылығы, мақсаты мен жүзеге асыру жолдары жайлы теориялық мәліметтермен танысасыздар. Қылмыстық іс жүргізу процесі кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаның іс-әрекетіне дұрыс заңды баға беру, оны қылмыстық кодекстің тиісті баптарымен дұрыс саралау, ұқсас заң нормаларының бәсекелестігін қолдану аса маңызды кезең болып табылады. Себебі, аталған әрекеттерді дұрыс жасамау адамның тағдырына, өмірі мен болашағына балта шабуы әбден мүмкін. Практикада тергеушілер, прокурорлар мен соттардың қылмыскердің қылмыстық іс-әрекетін дұрыс сараламауы нәтижесінде негізсіз, заңсыз сотталып кетіп жатқан фактілері кездеседі.

Кілт сөздер: *қылмыстық заңнама, қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігі, іс-әрекетті саралау, іс-әрекетке құқықтық баға беру, жаза тағайындау, заңнама жүйесі.*

Көбінесе әдебиеттерде қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігі қылмыстарды саралау кезінде туындайтын мәселе ретінде қарастырылады. Көптеген авторлар бәсекелестік–саралаудың жеке жағдайы және ол жасалған іс-әрекетке құқықтық баға беру қажет болған кезде туындайды деп пайымдайды. Сол себептенде тәжірибеде қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігі қылмыстарды саралауда ғана туындайды деген пікір қалыптасқан.

Алайда қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігі жиі қылмыстарды саралау кезінде туындағанымен, басқа да туындайтын жағдайлары жоқ емес. Бәсекелестік құқықтық қатынасты реттеудің қай кезеңінде туындағанына байланысты қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігін: қылмыстарды саралау кезіндегі қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігі, жаза тағайындау кезіндегі қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігі, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату кезіндегі қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігі деп те ажыратады [1,8б.]. Біз нақты қылмыстарды саралау кезіндегі қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігін, яғни

нақты бір қылмыс үшін жазаны көздейтін екі немесе одан да көп (бірнеше) қылмыстық-құқықтық нормалардың болуын қарастыратын боламыз.

Ең біріншіден, қылмыстарды саралау мен қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігі қандай ара-қатынаста екені туралы сұраққа жауап беру үшін қылмыстарды саралау ұғымы мен мазмұнын толық қарастырған жөн болады, себебі бұл қылмыстарды саралау кезіндегі қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігі түсінігін барынша нақты анықтауға ықпалын тигізеді.

Тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тартып, оған қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының біреуін қолдану үшін қандай заң бұзылғанын және тұлғамен жасалған іс-әрекет үшін жауаптылық қай баппен көзделетінін білу міндетті. Тек қылмыстық заңнаманың талаптарын нақты сақтаумен жасалған іс-әрекетке дұрыс құқықтық баға беру әділетті жаза тағайындауға кепілдік бере алады.

Қылмыстарды саралау құқықтық саралаудың жеке жағдайы. Нақты сөз қозғалып тұрған қылмыстарды саралау-саралаудың басқа түрлеріне қарағанда қылмыстық заңнаманы қолданумен байланысты.

Қылмыстық құқықтың теориясында қылмыстарды саралаудың көптеген анықтамалары бар. Қылмыстарды саралау–қылмыстық процессте маңызды кезең, оны дұрыс жүзеге асырудан: тұлғаның кінәсінің болуы; тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі және оны одан босату; тағайындалуы мүмкін таңдалып алынатын жазаның түрімен көлемі; бас бостандығынан айырған кезде тұлға жіберілуі тиіс түзеу мекемесінің түрі; рецидивтің бар болуын мойындау мүмкіндігі; мерзімінен бұрын шартты түрде босату мен қылмыстық айыптау мен оны жою және тағы да басқалары сияқты көптеген маңызды құқықтық салдар тәуелді болады [2,3 б.].

Қылмыстарды саралаудың мазмұнын неғұрлым толық анықтау В.Н.Кудрявцевпен жүзеге асырылды деп айта аламыз. Оның ойынша, қылмыстарды саралауды жасалған іс-әрекет белгілері мен қылмыстық-құқықтық нормамен көзделген қылмыстың құрамы белгілері арасындағы нақты сәйкестікті орнату мен заңды бекіту ретінде қарастырған жөн болады. В.Н.Кудрявцевтың бұл пікірімен келіспейтіндер де бар. Олардың қатарында А.В.Наумов, И.И. Горелик пен А.С.Новиченко сынды ғалымдар бар. Аталған ғалымдардың пікірінше саралау кезінде жасалған іс-әрекетпен қылмыс құрамының белгілерінің «сәйкестігі» емес, олардың «ұқсастығы» анықталады. Бұған дәлел ретінде олар саралау кезінде сәйкестікке әкелетін белгілерді салыстыру емес, жасалған іс-әрекетті белгілерін құқықтық нормада қалыптастырылған белгілерге «қою» жүзеге асырылады деп есептейді. Қылмыстарды саралау кезінде әртүрлі тәртіптегі ұғымдар бір-біріне қарсы қойылады, яғни бір жағынан құқықтық норма болатын болса, екінші жағынан–қылмыстық іс-әрекет, сол себепті де олар бір-біріне сай бола алмайды [3,15б.]. Осылардың барлығын негізге ала отырып авторлар қылмыстарды саралауға ұғым беруде «сәйкестік» орнына «ұқсастық» терминін қолдануды жөн көріп отыр.

Көптеген авторлар қылмыстарды саралаудың ең негізгі сипаттамаларының бірі – оның мақсатының мазмұнын, тек бір бөлігін бөліп көрсетіп тарылтады. Мысалы, Б.А.Куринов қылмыстарды саралау аталған қоғамға қауіпті іс-әрекетті қылмыстық заңнаманың қай нормасы көздейтіні туралы қорытынды жасауға әкеледі деп көрсетеді. [4, 15б.].

Осыдан келе қылмыстарды саралаудың мақсаты – нақтысы жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық орын алғанын анықтау немесе басқаша айтқанда мақсаты–тұлғамен нақты қылмыстық құқық бұзушылық жасалғанын көрсету немесе жасалған іс-әрекетте қылмыс құрамының жоқ екенін анықтау болып табылады. Осы орайда Л.Д.Гаухманның да пікірімен келісу қиындықтар туғызады. Осы тұрғыда Е.Н.Лаптеваның қылмыстарды саралауға қатысты пікірі барынша дұрыс болып табылады. Оның ойынша, саралау іс-әрекеттің белгілерінің қылмыс құрамының белгілерімен сәйкес немесе сәйкес еместігін анықтаумен аяқталады. Саралауды дәл осындай тұрғыдан қарастыру саралау нәтижесінде тәжірибеде туындауы мүмкін әр түрлі нәтижелерді бөліп қарастыруға негіз болды:

1) барлық алғы шарттар орнатылады және жасалған іс-әрекетті саралаудың барлық кезеңдері жүзеге асырылады, сонымен қатар жасалған іс-әрекет қылмыстық заңның белгілі бір бабы бойынша саралауға жататыны анықталады;

2) барлық алғышарттар орнатылады және жасалған іс-әрекетті саралаудың барлық кезеңдері жүзеге асырылады, алайда жасалған іс-әрекеттің белгілерінің қандайда бір қылмыс құрамының белгілеріне сәйкес келмеуі орнатылады және іс-әрекетте қылмыс құрамы жоқ екендігі туралы қорытынды жасалады;

3) барлық алғы шарттар орнатылады, бірақ саралау бойынша жұмыс бастапқыда болжанған, бірақ фактілерді зерттеу кезінде расталмаған нақты оқиғаның болмауы есебінен мүмкін емес болғандықтан жүзеге асырылмайды [6,111б.].

Саралау—бұл оның нәтижесінде іс-әрекет қылмыстық құқық бұзушылық деп танылатын не ондай деп танылмайтын құқықтық бағалау процесі. Егер әрекеттің ресми саралануын ғана бөліп алсақ, онда келтірілген ұғымға құқық қолданушы шығарған қорытынды тиісті іс жүргізу актілерінде заңды түрде бекітіледі деп қосқан жөн болады [8, 10б.]. Қылмыстық нормаларды қолдану процесінде әр түрлі мәселелер шешіледі, сондықтан қылмыстық-құқықтық нормаларды қолдану әрдайым қандай да бір қылмысты саралау жүзеге асырылды дегенді білдірмейді.

Осылайша, қылмыстық құқықтың нормалары судья мен істің материалдарында олардың негізінде кінәлі қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін мән-жайлардың болуы туралы мәселені шешкен кезде қолданылады, сондай-ақ қылмыстық нормалар судьямен жаза тағайындалған кезде және басқа да жағдайларда қолданылады. Сонымен қатар бәсекелестіктің мәнін неғұрлым егжей-тегжейлі түсіндіру бұл құбылыстың қылмыстарды саралау сияқты құқық қолдану қызметінде ғана емес, сонымен қатар құқық қолдану қызметінің өзгеде түрлерінде де орын алатынын көрсетеді.

Қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігі-бұл құқық қолданушының алдында туындайтын мәселе болған себепті ол оны шешу бойынша белгілі бір ережелермен жағдайларды қажет етеді. Бәсекелестікті жеңу бойынша ережелерді әзірлеу оның түрлерін бөлу негізінде тиімді, өйткені әр бір түрге өзінің сипатты белгілері тән, бұл әр бір түрге тән бәсекелестікті шешу ережелерін негіздейді.

Әдебиеттерде бәсекелестіктің көптеген түрлері аталып көрсетіледі, бірақ бәсекелестіктің барлық түрлері нақты іс-әрекеттерді саралау кезіндегі қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігіне қатысты бола бермейді. Сол себептен де нақты қылмыстарды саралау кезінде туындайтын қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігі мәселесін толығырақ қарастырған жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Иногамова-Хегай Л.В. Концептуальные основы конкуренции уголовно-правовых норм: Монография. - М., 2015. -118с.
2. Князьков А.А. Теория и практика квалификации преступлений: учебное пособие. —Ярославль : ЯрГУ, 2018. — 133с.
3. Наумов А.В., Новиченко А.С. Законы логики при квалификации преступлений. - М., 1978.— 115с.
4. Кудрявцев В.Н. Теоретические основы квалификации преступлений: Дис. ...докт. юрид.наук. - М., 1963. —180с.
5. Гаухман Л.Д. Квалификация преступлений: закон, теория, практика. - М.: АО Центр ЮрИнфоР, 2001. —160с.
6. Лаптева Е.Н. Место квалификации в процессе правоприменения // Вопросы юридической техники в уголовном и уголовно-процессуальном законодательстве. Сборник научных статей.- Ярославль, 1997.-С.111-114.
7. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Ревина В.В. Уголовное право Республики Казахстан. Особенная часть. М: Издательский дом Академии Естествознания, 2017. 396с.

8 Уголовное право России. Особенная часть./ Под ред.В.П.Ревина.-М. : Юстицинформ. 2010. – Изд.2.– 411с.

КОНКУРЕНЦИЯ УГОЛОВНОГО ПРАВА И АНАЛИЗА ПРЕСТУПЛЕНИЙ

Бейсов Е.Ж., Асылгазы К.Ж., Адырбаева А.Е.

В этой статье вы узнаете о конкуренции схожих правовых норм при применении уголовного права, о концепции и важности правильного определения применимого права и классификации уголовных производств, о целях и способах реализации. Важнейшим этапом в процессе уголовного судопроизводства является правильная юридическая оценка действий лица, совершившего уголовное преступление, его правильное разграничение с соответствующими статьями Уголовного кодекса, применение антимонопольных законов. Неспособность сделать это может привести к судьбе, жизни и будущему человека. На практике встречаются случаи необоснованного, незаконного осуждения в результате ненадлежащего анализа уголовных преступлений следователями, прокуратурой и судами.

Ключевые слова: уголовное право, конкуренция норм уголовного права, анализ действий, правовая оценка действий, вынесение приговора, система законодательства.

COMPETITION OF CRIMINAL LAW AND ANALYSIS OF CRIMES

Beisov E. Assylgazy K. Zh. Adyrbayeva A. Y.

In this article you will learn about the competition of similar legal norms in the application of criminal law, the concept and importance of the definition of applicable law and the classification of criminal proceedings, in terms of methods and methods. The most important stage in the process of criminal proceedings is the rightful legal assessment of the actions of the person who committed the criminal offense, its rightful distinction from the corresponding articles of the Criminal Code. The inability to do this can bring fate, life and the future to the person. In practice, there are cases of unjustified, illegal conviction as a result of unreasonable analysis of criminal offenses by investigators, prosecutors and judges.

Key words: criminal law, competition of norm of criminal law, analysis of actions, legal assessment of actions, imposition of sentence, system of legislation.

Мақалаңын редакцияга келіп түскен күні: 08.01.2021ж.

ӘОЖ 94(514)084.5

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӨЗАРА КӨМЕК ИНСТИТУТЫ*Тинистанова С.С., Әуелбеков Ғ.Қ., Жұмабек Б.Д., Тузубай Т.Т.*

Бұл мақалада дәстүрлі қазақ қоғамындағы құқықтың ерекшеліктері мен өзара көмек институтының белгілері, құрылымы, құқықтық көрінісі, туысқандық қарым-қатынас, жанашырлық, салт-дәстүрді дәріптеу, ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің маңыздылығы туралы қарастырылған.

Кілт сөздер: *дәстүрлі қазақ қоғамы, дәстүрлі қазақ қоғамындағы құқық, ерекшеліктері, өзара көмек, құқықтық көрінісі*

Кіріспе. Қазақ әдет құқығы жүйесіндегі туыстық қатынастардың қоғам өміріндегі орны мен рөлін, қызметтері мен құрылымын және оның ұлттық құқықтық жүйеміздің дамуына қосар үлестерімізді ашық айқындап, ғылыми бағасын беру аса маңызды. Өткенімізді жаңғыртып, келешек ұрпаққа үлгі ету, оның жақсы тұстарын тәрбиелік мақсатта пайдалану мен наихаттау, ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру маңызын жойған жоқ.

Бұл тақырыптың маңыздылығын еліміздің Президенті де, Тұңғыш Президенті назардан тыс қалдырған емес. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақалада: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.

Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды», - деп атап көрсетті [1].

Еліміздің Конституциясында белгіленген және Президенттің, сонымен қатар, елбасының жыл сайынғы жолдауында көрініс табатын бұл мақсаттарға өткеніміздің тарихи тәжірибесінен сабақ алып, оның ізгілікті жақтарын бойымызға сіңіре отырып жетеміз. Дүние жүзінде дамудың жоғары шыңына жеткен, демократиялық дамуда әлемге үлгі болатын мемлекеттердің аз еместігі белгілі. Тәуелсіздік алғанына аз болғанына қарамастан, біздің еліміз де осы бағытта дамып келе жатыр десек, артық болмас. Сондықтан да, біздің қазіргі кезеңдегі қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі-өткен тарихтағы үлгі боларлық, жастарға тәлім-тәрбие беруге қажетті деген дүниелерді бойымызға сіңіру, қажетін алу болып табылады.

Н.Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек.

«Рухани жаңғырудың» мән-маңызы да нақ осында.

Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс», - деп қадап айтты [2]. Демек, өзінің тарихын, құқықтық даму ерекшеліктерін, дәстүрін білу мен құрметтеу, ұрпақтар сабақтастығы да аса маңызды рөл атқаратыны маңызды.

Материалдар мен жұмыс әдістемесі. Қазақ қоғамындағы құқықтық қатынастардың дамуында өзіндік орын алатын туысқандық қатынастар, өзара көмек, дәстүрлі қазақ қоғамындағы көмек институтын зерттеу арқылы ғалымдар қазақ қоғамындағы туысқандық (ағайынгершілік) жүйесінің басты институттары сауын, шүлен тарату, жылу, жұртшылық, қонақжайлық т.б. жеке-жеке талдап, мәні мен мағынасын түсіндіреді, ерекшеліктерін ажыратып көрсетеді, сонымен қатар, ағайынгершілік, өзара көмек институтының ең басты құндылығын ашып береді. Бұл жүйенің салт-дәстүр ретінде қоғамдағы атқарған рөлі ашық

көрсетіліп, оның құқықтық сипаты туралы талданғанымен, түсінікті, әрі кеңінен толық түсінетіндей, жастар мағынасын ұғатындай дәрежеде зерттелуі әлі де болса, зерттеу қажеттілігі туындайды. Сондықтан да осы мәселеге баса ден қойып, кеңінен зерттеу жүргізе бастаған қазақстандық ғалымдар С.З.Зимановтың, А.А.Қарандашеваның, Д.А.Турсынкулованың, Б.Т.Ауешованың еңбектері жарыққа шықты және осы үрдістің құқықтық сипатына баса мән берді.

Д.А.Турсынкулова өзінің еңбегінде өзара көмектің мәнін былай түсіндіреді: «Қазақ қоғамының саяси құқықтық болмысын айқындайтын ежелгі дәуірлерден келе жатқан құрылымдық жүйелер көп. Солардың қатарына көшпелі қазақ қоғамындағы өзара көмек (ағайынгершілік) қатынастар жүйесін жатқызамыз», - дейді [3].

Қазақ халқы еш уақытта туған-туысын, ағайынын, жақынын жауға бермеген. Қысылтаяң сәттерде қолынан келген барлық көмекті аямаған. Сондай құрылымдық жүйенің бірі, өзара көмек институты болып табылады. Өзара көмек жүйесі Қазақстан аумағында есте жоқ ескі замандардан бері, қалыптасып, тамыр үзбей дамып келе жатыр. Көшпелі қазақ жұртындағы өзара көмек қатынастарының құқықтық сипатын, оның ішкі мәнін ашып саралау үшін сол қоғамдағы құқықтық жүйенің бітім-болмысын тануы қажет. Шартты түрде алып қарағанда ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар аралығында қазақ қоғамында, өзінің сипаты бөлек, ұстанымдары ерекше құқықтық жүйе дамып толастады. Бұл кезеңдегі қазақ қоғамындағы құқықтық жүйе соңғы кезде ғалымдар тарапынан, қазақ қоғамының алтын ғасырының көрінісі ретінде бағаланып жүр. Шын мәнінде, оның қоғамдағы рөліне терең мән беретін болсақ, осы кезең аралығы дәстүрлі қазақ қоғамының адами принциптерге сүйенген, классикалық үлгісін қалыптастырды», - деп атап көрсетті [3, 28]. Бұл оймен келісе отыра, біз дәстүрлі қазақ қоғамында өзара көмек жүйесі рулық, қауымдық санаға негізделген, қазіргі тілімен айтқанда әлеуметтік мемлекеттің негізін құрайтын ерекше жүйе болып табылады.

Нәтижелер және оларды талқылау. Қазақтардың әдет-ғұрып құқығында дәстүрлі сипатпен қатар өмір ағымына қарай өзгеру қабілеттіліктері де көрініс табады. Бұл орайда академик Зиманов былай деп жазады: «Қазақ құқығының Қазақстанның кеңбайтақ даласында болып өткен барлық өзгерістер мен революцияларға қарамастан алғашқы кейшінде өмір сүргіштігі оның негізінде, оның құқық-тық жүйесінде адамның ерікті, шынайы бостандығының, яғни адам мен адамзаттың ұдайы талпынысына үндес рухани идеалдар және қағидалар жатқандығымен түсіндіріледі [4].

Көшпелі қоғамы өзінің даму барысында тәуекелшіл әрекеттерге басымдық берді және табиғатқа тікелей тәуелді болып өмір сүрді. Көшпелі халық табиғаттың саналуан қиыншылықтары мен кездейсоқ құбылыстарына бірден қарсы тұруға дайын болмады. Осындай келеңсіз құбылыстардан кейін қуаңшылық, жұт, ашаршылық сынды құбылыстарға төтеп беру үшін әлеуметтік қатынастарды реттейтін нормаларды тудырып отырды. Сондықтан да ағайыншылық, туыстық қатынастарын осы қажеттіліктерін тудырып, біртіндеп реттеп отырды. Қазақ қоғамындағы құқықтың дамуының өзіндік ерекшеліктері орын алды.

Қазақ қоғамының даму барысында ағайынгершілік - туысқандық өзара көмек жүйесі үлкен революциялық даму жолынан өткен және бірнеше нысандарды өмірге әкеле білген институционалдық құрылым екендігін көреміз. Өзара көмек қатынастарының дәстүрлі қазақ қоғамында бірнеше нысандары белгілі. Мысалы олардың қатарына: асар, жұртшылық, сауын, жылу, қонақжайлық, қызыл көтеру, шүлен тарату т.б. жатқызуға болады.

Шетелдік зерттеулерді алып, қарайтын болсақ, көмек, өзара көмек деген ұғымды «үшінші сала» компоненті ретінде қарап, «жаңа азаматтық қоғам» бөлігі ретінде қарауға болады деген пікір білдіреді. Бұл оның азаматтық қоғамның нақты бір бөлшегі ретінде қоғамдық өмірде мемлекеттік емес, жүйесіз кеңістіктегі нысан ретінде қарастырады [5].

Ағайынгершілік институтының құрылым жүйесіне мына төмендегілер кіреді:

Аманат мал, жылу, жұртшылық, асар, қызыл көтеру, ағайынгершілік,

қонақжайлылық, шүлен тарату т.б.

Әдебиеттерде шүлен тарату мен қонақжайлылықты ағайынгершілік немесе өзара көмек жүйесінің ішіне кіргізбейтін де көзқарастар жүйесін көруге болады. Біздің ойымызша, бұл кеңестік кезеңде қалыптасқан таптың танымның негізінде қалыптасқан рулық өзара көмек институты деген түсініктің негізінде қалыптасты. Қазіргі кезеңде бұл институтты өзара көмек институты емес, жалпы ағайынгершілік институты деп бағалау қажет. Себебі, дәстүрлі қазақ қоғамы өзара туысқан ағайындардың бірге тұрып, бір аймақты мекендеу негізінде өмір сүрген болатын. Сондықтан ауылдастың барлығы негізінен бір рудың, бір атаның балаларынан құралды. Екіншіден, қонақжайлық қағидасы келген адамға сый-құрмет көрсетумен қатар, ағайынгершілік ілтипатын да білдірді. Шүлен тарату да сондай.

Енді қазақ қоғамында қалыптасқан ағайынгершілік өзара туысқандық жүйенің құрылымының элементтерін жеке-жеке қысқаша талдап өтейік. Олардың қатарына жұртшылық жүйесі жатады. Жұртшылық туралы мынандай пікір қалыптасқан:

Қазақ ішінде кең тараған тағы бір ағайынгершілік институтының бірі асар болып табылады. Асар ру аралық көмектің қазақ қоғамында кеңінен қолданылған түрі. Асардың мақсаты ағайындар жиналып бір туысқанның көпшілікпен шешетін ісін жұмыла көтеру болып табылады. Асар көбінесе үй салуда, қора көтеру т.б. қолданады. Асар әлі күнге дейін маңызын жоймаған, бір-біріне қол ұшын беру, демеу жасау, қоғамда адамдардың басын біріктіру мен жанашырлық символы ретінде әлі де жалғасын тауып келеді. Бұндай дәстүрді әуе апаты болған кезде, жер сілкінісі, өртке душар болған жағдайда, ауыр дертке ұшыраған адамдарға көмек қолын созу, баспана алып беру, қазіргі пандемия жағдайында азық-түлікпен қамтамасыз ету, дәрі-дәрмек жеткізу, көпшілік болып бірігіп, күні-түні қызметте тұрғандарды ыстық аспен қамтамасыз ету шараларынан көрініс тауып жатқаны белгілі.

Қазақ қоғамындағы шүлен тарату институты ежелгі дәуірден келе жатқан ағайынгершілік жүйесінің бір элементі болып табылады. Шүлен тарату ежелгі ғұн, үйсін дәуірлерінде қалыптасып эволюциялық дамудан өткен күрделі құрылым. Алғашқы кезеңде шүлен таратуды хандар ғана жүзеге асырған болса, кейіннен рудың ірі байлары да шүлен тарататын болған. Шүлен таратудың классикалық үлгілерінің бірі Ілияс Есенберлиннің көшпенділер романына да атап өтілген болатын [6]. Асар жасау арқылы қазақ халқы жетім-жесірлерін қолдап, жанашырлық танытып, адамдарды бауырмал болуға тәрбиелеген. Дәстүрлі қазақ қоғамында бұндай үрдістер жазылмаған заң негізінде, дәстүр бойынша атадан балаға мұрагерлікпен берілген үрдіс ретінде жүзеге асырылып, әлі күнге дейін сақталып келеді.

Шүлен тарату (дәстүр). Шүлен тарату-мырзалық пен жомарттықтың бір белгісі. Бұрын малды мырзалар, билер алыс-жақын жердегі адамдарға мал, ақша, бұйым, тамақ үлестірген. Бірақ бұл садақа емес, зекет те емес, Құдайы да емес «шүлен тарату» деп аталады. Мұның мағынасы - кедей-кепшіктерге жәрдем мен қамқорлықтың бір түрі. Мұны бай адамдар әсіресе күзгі күндері мал басы көбейіп, өсіп, қоңайып қысқа түсер кезде үлестіретін болған. Бұл қазақ халқының қанына сіңген жомарттық белгісі, яғни жетім-жесірлерге, кедейлерге, әл ауқаты төмен адамдарға жанашырлық таныту ежелден ата-бабаларымыздың дәстүрінде болғандықтан, әртүрлі бағдарламалар, акциялар, хабарламалар нәтижесінде бай-қуатты адамдардың жанашырлық танытуы қазіргі қоғамда да көрініс тапқанына біздің көзіміз жетеді, теледидардан, ақпарат құралдарынан көріп жүрміз.

Шүлен таратушылар пайда үшін емес, көптің алғысын алу үшін және оларға қол ұшын беру мақсатымен адамгершілік парызын өтеу үшін істейтін болған. Бұрын бай мен мырзаларды қанша жамандағанымызбен олардың қалың бұқара халыққа пайдасы тиіп отырғанын енді ғана мойындап отырмыз. Жетісулық Маман бай, Ырғыздық қара Мұхан, торғайлық Біралы байлар — мырзалықпен де атағы шыққан, малын қалың елден аямаған, мәрт, жомарт кісілер болғандығы тарихи шындық [7]. Бұндай дәстүр де әлі күнге дейін өз келбетін жоғалтқан жоқ, қоғамымызда көрініс тауып келе жатқанын білеміз.

Қонақжайлық ескіден келе жатқан дәстүр. Қонақжайлықтың мәнін жоғарыда сөз

еттік. Қонақжайлық қағидасын бұзғаны үшін қазақ қоғамында ауыр айып түрі қолданылатын. Қонақтың қазақ қоғамында бірнеше түрлері болған: арнайы қонақ, яғни шақырумен келетін қонақ, құдайы қонақ, яғни шақырылмай жолаушылап жүретін қонақ т.б [3, 55]. Қонақжайлылық дәстүрі өз келбетін қазіргі күні де жоғалтқан жоқ, ол мемлекеттік дәрежедегі ресми келіссөздерде, арнайы қонақ ретінде шақыру, жолаушыларға қамқоршылық жасау, жолда қалып қалған адамдарға көмек көрсетіп, қонақ ету, қамқорлық жасау дәстүрі әлі де жалғасып келеді.

Енді біз, сауынның мәні мен мазмұнын сипаттайтын көзқарастарға кезек беретін болсақ, белгілі оқулықтардың бірінде сауынды былай бағалайды: «Сауын беру (алу)- ежелгі қазақ дәстүрі. Ауқатты байлар өзінің малы аз жақын ағайындары мен кедейлерге «сауынға» сүтін пайдалансын деп белгілі бір уақытқа дейін құлынды бие немесе бұзаулы сиыр кейде қой-ешкісін берген. Көмекке берілген малдың сүтін, май, қаймағын пайдаланып, қысқа құрт, ірімшігін дайындап, қыстың қамын жасаған. Екінші тарап берілген малдың басын сақтап, оның төлін де мезгілінде аман ұстап, тапсыруға кепілдік береді. Егер басын сақтай алмаса. Төлеуге мәжбүр болған. Қазақ халқының дәстүрінде малы бар адамдарды сауын беруге міндеттеген. Осындай дәстүрді насихаттап, халық арасында беделді адамдар, ауыл ақсақалдары ауқатты жандардың әрекет жасауына ықпалын тигізіп отырған.

Сауын беру қазақ дәстүрінің ертеден келе жатқан қайырымдылық қасиеттің бір көрінісі. Әрине бұл көзқарас сауын қатынастарының белгілі дәрежеде мәнін ашуға мүмкіндік береді. Осы жерде ескеретін тағы бір жағдай сауынды ежелден келе жатқан қазақтың дәстүрі сауын айтумен шатастырып алмау қажет. Сауын айту-ежелден келе жатқан халықтық ғұрып. Бір елде ас, той болса, ол күні бұрын (жыл, бірнеше ай) жан-жаққа хабарланған. Бұл жай шақыру емес, әр ел өз салтымен яғни батыр, палуанымен, жүйрік атымен, ақын, жыршысымен, сойыс, сабасымен келсін дегенді білдірген және асқа, тойға сауын айтылған соң келгендер бір-бірінен асып түсуге тырысқан І. Жансүгіров «Құлагер» дастанында сауын айту ғұрпын жан-жақты суреттейді. Сауын айту ғұрпының ерекшелігі жиын, той, ас көптің күші мен малы арқылы атқарылады [8].

Бұл тұрғыдан алып қарағанда сауынның екі бағытта қолданылатындығын көруге болады. Бірінші қырынан алып қарағанда, ол ағайынгершілік қатынастарының жүйесіне кіретін негізгі элементтердің бірі болып табылады. Екіншіден, үлкен ас бергенде, тойда ағайынгершілікті танытатын тағы бір дәстүрдің көрінісі екендігін аңғартады. Белгілі этнограф С. Кенжахметұлы қазақ ішіндегі сауынды былай сипаттайды: Сауын алу (салт). «Ердің күйін сұрама, жұрттан сауын сауған соң» (Ел аузынан). Малы жоқ шаруалар бұрын ауқатты адамдардан сүтін пайдалану үшін «сауынға» деп белгілі бір мезгілге сауа тұратын бие немесе сиыр сұрап алады. Сауын алушы алған малының төлемін аман әкеліп тапсыруына кепілдік береді. Мұндай көмекті байлар, мырзалар жасап отырған, кейде басы бүгін берген бағалауға тырысады [9].

Қорытынды. Сонымен, біз туысқандық (ағайынгершілік) жүйесінің құрылымын оның құрамындағы жеке институттардың өмірге келу себептеріне және олардың алғы шарттарына байланысты қоғамдағы атқаратын рөліне қарай, мәні мен маңызын ескере отырып:

Біріншіден, туысқандық (ағайынгершілік) қатынастары әлі күнге дейін өз маңыздылығын жойған жоқ;

Екіншіден, туысқандық (ағайынгершілік) қатынастарының дамуы ұлттық құқықтық жүйеміздің дамуына қосар үлесі бар екендігіне көз жеткіземіз.

Туысқандық (ағайынгершілік) қатынастарының басты институттары дәстүрлі қазақ қоғамында үлкен маңызды рөл атқарған және ежелгі дәуірлерден қалыптасып келе жатқан, қазіргі қоғамда бет-бейнесін өзгерткен құбылыс ретінде негізгі құрылымдық элементтердің бірі болып табылады. Олардың қатарына сауын, шүлен тарату, қонақжайлық, жылу, жұртшылық, асарды жатқызуға болады. Ал туысқандық (ағайынгершілік) қатынастарының туынды институттары басты институттардың негізінде қалыптасқан және сол бағытта атқарылар шараларды толықтыруға қызмет істейтін жеке

құрылымдық элементтер болып табылады. олардың қатарына аманат мал, қызыл көтеру, ат майы, сыбаға беру т.б. жатады.

Қазақ халқы әруақытта да жесірін жылатпаған, баласын далада қалдырмаған халық қой. сондықтан да, қазіргі кезеңде де өзара көмек институтының табиғат апаты мен бақытсыздық жағдайларында, апаттардан зардап шеккендер мен пандемия жағдайында көрініс тапқандығын білеміз. Бұл ежелден келе жатқан ата-бабаларымыздың мұрасын жалғастыруға ұрпақтар сабақтастығы деп айтуға негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Турсункулова Д.А. Қазақ әдет құқығы бойынша өзара көмек институты. Монография.- Алматы, 2016.- 190 б.
2. Абдрахманова Б.М. История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке. Караганда: Гласир, 2010. - 242 с.
3. 2017 жылы 12 сәуірдегі мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.- <http://www.akorda.kz/>
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы // <http://www.akorda.kz/>
5. Зиманов С.З. Қазақ әдет-ғұрып құқығында шарттық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың ерекшеліктері.- <https://articlekz.com/kk/article/16639>
6. Қазақтың дархан дастарқаны.- <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
7. Guido Giarellia Elena Spinab Self-help/mutual aid as active citizenship associations: A case-study of the chronically ill in Italy // Social Science & Medicine.- Volume 123, December 2014, Pages 242-249.
8. Ағдарбеков З. Қазақтың әдет-ғұрып заңдарындағы ауыр қылмыстардың билер сотындағы үлгілі шешімдері // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. - 2009.- №4(52). - 29–31 бб.
9. Абдуллаев Б. Көшпелі қазақ қоғамындағы құқықтың қалыптасып дамуы. // Әділ сот, 2009. - № 6. - 27–29 бб.

ИНСТИТУТ ВЗАИМНОЙ ПОМОЩИ В ТРАДИЦИОННОМ КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Тинистанова С.С., Ауелбеков Г.Қ., Жумабек Б.Д., Тузубай Т.Т.

В статье рассматриваются особенности права и института взаимопомощи в традиционном казахстанском обществе, его структура, правовая форма, родства, сострадания, значения пропаганды традиций, их передача из поколения в поколение.

Ключевые слова: *традиционное казахское общество, право в традиционном казахском обществе, особенности, взаимопомощь, правовое выражение.*

INSTITUTE FOR MUTUAL ASSISTANCE IN TRADITIONAL KAZAKH SOCIETY

Tinistanova S.S., Auyelbekov G., Zhumabek B., Tuzubay T.

The article discusses the concept, signs of administrative offenses, the procedure for initiating a case on administrative offenses, as well as the peculiarities of proceedings in cases of administrative offenses.

Key words: *traditional kazakh society, law in traditional Kazakh society, features, mutual assistance, legal expression*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 28.01.2020 ж.

ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІНДЕ МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫН ҚОЛДАНУ

Тинистанова С.С., Жақиянов Е.Е., Ибрагимов Т.Е., Нұрқасымов Б.Е.

Мақалада әкімшілік құқықбұзушылық, әкімшілік істегі медиация, оның маңызы, артықшылықтары мен қолданылуы, медиацияны қолданудағы қиындықтар, нәтижесі туралы өзекті мәселелер қарастырылған.

Кілт сөздер: *әкімшілік құқықбұзушылық, сот, дау, жанжал, заң, медиация, медиацияның қолданылуы, нәтижесі*

Кіріспе. Қазіргі кезеңде азаматтардың болсын, заңды тұлғалардың болсын, белгілі бір мәселені медиаторлардың ықпалымен шешу үрдісі кең таралып келеді. Бұл үрдіс жаһандық даму үрдісінде заман талабынан туындаған, адамдардың уақытын үнемдеу, шығынды аз келтіру, соттың жұмысын азайтуға әсер ететін пайдалы үрдіс десек артық болмас. Себебі, азаматтардың, заңды тұлғалардың медиацияға жүгінуінің белсенділігі сот жүйесіне түсетін ауыртпашылықты азайтып қана қоймай, маңызды ірі істерді қарауға көп көңіл бөлуге мүмкіндік тудырады.

Медиация институты бүгінде дауды, жанжалдарды шешудің тиімді және тез дамып келе жатқан құралы ретінде бүкіл әлемдік қауымдастыққа танылды. Дауды шешудің бұл әдісі әртүрлі елдерде тиімді қолданылады, ал кейбір елдерде медиацияны қазіргі мағынада қолдану тәжірибесі жарты ғасырдан асады.

Медиацияның түп тамыры қазақ қоғамында ертеден басталады, яғни ата-бабаларымыздың ымыраға келу, бітімгершілік, дауды сыртқа шығармау, өзарашешу, бейбіт, даусыз, жанжалсыз қай істе болсын, ортақ бір шешімге келуге елдестірген әрекеттерімен байланысты тарихи терең құбылыс болып табылады.

Халықаралық статистикаға көз жүгіртетін болсақ, істің 30-40 % медиация арқылы шешіледі екен, оның 85 % адамдардың пайдасына шешіліп отырады екен. Сондықтан әкімшілік құқықбұзушылықтар бойынша істе де алатын орыны ерекше де айтуға болады.

Материалдар мен жұмыс әдістемесі. Әкімшілік құқық бұзушылық-жалпыға міндетті әкімшілік-құқықтық нормаларды бұзатын және әкімшілік жазалар түрінде жауаптылыққа әкеп соғатын құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет не әрекетсіздік [1]. Демек, әкімшілік құқықбұзушылық азаматтардың құқыққа қайшы әрекеттерінен немесе әрекетсіздігінен туындайды және жауаптылыққа негіз болатын жайттарды анықтауды талап етеді.

Әкімшілік сот ісі азаматтардың әкімшілік құқықтық нормаларды бұзатын әрекеттері мен әрекетсіздігінің нәтижесінде туындайтындықтан, бұл үрдістің ұзаққа созылмауы, уақытты үнемдеу мен азаматтардың бір мәмлеге келуін қамтамасыз ету үшін медиацияға жүгінуіне мүмкіндік туындатады.

Құқыққа қайшы құқық нормасының диспозициясын бұзатын іс-әрекетті (немесе әрекетсіздікті) жасау болып табылады, бұл үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленеді. Сондықтан да қазіргі кезеңде адамдар даусыз, жанжалсыз бір тоқтамға келу үшін тек әкімшілік құқықбұзушылықтар жасаған кезде ғана емес, азаматтық істер де, қылмыстың ауырлығы онша емес, ауырлығы орташа деңгейінде де медиацияға жүгінуге ден қояды. Қоғамдағы орын алған келеңсіз жағдайларды, дауларды, құқықбұзушылық мәселелерін қысқа уақыт ішінде шешуде медиацияны қолдану үрдісі кеңейіп келеді. Бұл үрдіс қазір ғана пайда болып, қалыптасқан дүние емес, ата-бабаларымыздан қалған, тарихта аты қалған, қара қылды қақ жарып, дат айтқан билердің есімімен тығыз байланысты.

Қарқынды дамып келе жатқан экономикалық қатынастарда туындайтын дау-дамайларды бітімгершілікпен шешу тұрақты шаруашылық даму мен тыныштық, бейбітшілікті сақтауға әкелетін үрдіс ретінде маңыздылығы жоғары [2].

Елімізде құқық салаларындағы жүргізілген көптеген реформалар мен өзгерістердің нәтижесінде соттарда дауларды медиация тәртібімен реттеуге арналған жоба іске асырылуда. Медиацияның негізгі мақсаты: даулардың (жанжалдардың) жекелеген санаттарын медиация тәртібімен реттеу. Міндеті: татуластыру рәсімдерін қолдану аясын кеңейту, татуластыру рәсімдерін қолдану арқылы азаматтардың сот шығындарын азайту, азаматтардың денсаулығын сақтау, оған нұқсан келтірмеу, жүйкесін қозғамау, уақытты үнемдеу, азаматтардың заңға сүйену белсенділігін арттыру, алаяқтардан сақтауды қамтиды.

Медиация тәртібімен істі аяқтаудың артықшылықтары: таласқа түсуші тараптардың мүдделерін ескере отырып, дауды еңсеру жолымен шешу мақсатында медиатордың қатысуымен келісім процесін жүргізу үшін жағдай жасау жолымен бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, процесін жеңілдету, дауды медиация тәртібімен тәртібімен реттеу туралы келісім жасалған жағдайда талап қоюдың нысанасы мен негізін бір мезгілде не кез келген ретпен өзгерту мүмкіндігі, талап арызды сотқа берген кезде төленетін баж сомасын толық көлемде қайтару болып табылады [3]. Бұл жасалып жатқан шаралардың барлығы азаматтардың құқығын қорғау, құқығына нұқсан келтірмеу, сот ісін азайту, басқа істерге баса көңіл бөліп, нәтижелі жұмыс жасау үшін де маңызы жоғары деп санауымыз қажет.

Нәтижелер және оларды талқылау. Азаматтардың құқығын қорғауды жүзеге асырудың бір көрінісі ретінде, істі ұзаққа созбай, бір тоқтамға келу үрдісін заңдастыру мақсатында елімізде 2011 жылдың 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы қолданысқа енгізілді: «Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар медиацияның қолданылу саласы болып табылады», - деп бекітілген заңда [4]. Медиация заңға сай, кез келген істе қолданылмайтындығы белгілі, ол тараптардың бір ымыраға келуіне мүмкін болатын, қоғамға қауіптілігі жоғары емес, құқыққа қайшы әрекеттер мен әрекетсіздіктің салдарынан туындайтын істерде пайдаланылуы мүмкін.

«Mediation» сөзі латын тілінен аударғанда «делдал, екі тарапты мәмлеге келтіруші үшінші тұлға» деген мағынаны білдіреді [5].

Екі тарапты қанағаттандыру негізінде жүргізілетін келіссөз рәсімі, яғни бейтарап медиаторды тарту арқылы келісімге келу жолымен уағдаластырылатын рәсім.

Жалпы, медиация әдісі әлемде 20 ғасырдың екінші жартысында дами бастады. Ең алдымен АҚШ-та, Австралияда, Ұлыбританияда, одан кейін бірте-бірте Еуропа елдеріне тарады.

Медиатордың өкілеттігіне шектеулер қойылуы да мүмкін. Атап айтқанда,
 - мемлекеттік функцияларды орындайтын уәкілетті және оған теңестірілгендер;
 - заңда белгіленген тәртіппен сот әрекет қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылғандар;
 - оған қатысты қылмыстық қудалау жүзеге асырылғандар;
 - заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар медиатор бола алмайды [5, 48].

Медиация еріктілік, тараптардың тең құбылығы, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы, медиация рәсіміне араласуға жол берілмеушілік, құпиялылық, қолданыстағы заңның талаптарына сай болуы қағидаттары негізінде жүргізіледі.

Судья сотқа жүгінген тараптарға аталған пилоттық жобаға қатысу бойынша өз ұстанымын жазбаша білдіруді ұсынады. Ал тараптар келіскен жағдайда бес күн ішінде олардың медиатормен жасақан медиаци жүргізу туралы жазбаша келісімін сотқа жолдау туралы керектігін түсіндіреді. Сонымен қатар, сот өз тарапынан өз тарапынан іске қатысушы тараптарға медиатордың тізімін, медиация кабинеті туралы ақпарат ұсынады. Көрсетілген мерзімде тараптар медиатормен медиация жүргізу туралы келісім жасауға

немесе сотқа медиацияны судьяның жүргізуі туралы өтінішпен жүгіне алады [6].

Әрине, дауласушы тараптардың әрқайсысы өздерінікін жөн санайтыны түсінікті. Бұл медиаторлар мен бітімге келтіруші судьялардан психологиялық дайындықты талап етеді. Өзгені сабырлықпен тыңдай білу, түсіністікпен қарап, келісімге келу, ол да даналықтың белгісі болып табылады. Мақсат-денсаулыққа, жүйкеге зиян келтірмей, материалдық шығынға ұшырамай, әлеуметтік тепе-теңдікті орнату. Қандай жағдайда да медиаторлықты күштеп таңуға болмайды [7],

Медиаторлық қызметті жүзеге асыру барысында медиаторлар көптеген қиыншылықтармен бетпе бет келеді. Біріншіден, медиация жүргізуді бастамастан жұл жұмыстың оңай еместігі көрінеді. Бұл үрдістің бірінші кезеңінде медиаторлар алдымен бір тарапқа кеңес береді, одан кейін екінші тарапқа медиация жүргізудің мәні мен мақсатын нақты жеткізумен тікелей байланысты. Екіншіден, іс сотқа жеккен кезде екі жақтың да кәсіби өкілдері-адвокаттары болады. Бұл жерде адвокаттың екі жақты бір мәмлеге келтіруге деген ниетінің болуы маңызды, яғни, өзінің қорғауындағы адамды медиацияға бейімдеуі. Сол үшін медиатордың адвокатпен дұрыс диалог құруы, екі жақтың мүддесіне қайшы келмеуі, дұрыс шешім қабылдау маңызды рөл атқарады [8].

Келіссөздер әрқашан кем дегенде екі қатысушыны қамтиды, олардың мүдделері ішінара сәйкес келеді және ішінара алшақтайды. Қақтығыстарды шешу үшін келіссөздер процесінің жетістігі көбіне сіздің серіктесіңізді түсіну, оның мінез-құлық моделін дұрыс бағалау және адекватты қарым-қатынас стилін таңдау қабілетімен анықталады.

Қорытынды. Медиация әдісі арқылы азаматтар уақыт пен қаржы шығынын үнемдейді. Сонымен қатар, дауласушы тараптар адвокаттың қымбат ақылы қызметіне жүгінбейді. Ең бастысы, қоғамдағы алауыздықты азайтып, ел бірлігін, азаматтардың жанжалдарын бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік береді.

Осылайша, медиация әлеуметтік-коммуникативті технология ретінде сізге байланыс орнатуға, тараптар арасында сындарлы келіссөздер үдерісін ұйымдастыруға және туындаған проблемалық жағдай бойынша белгілі бір нақты келісімді жасауға мүмкіндік береді. Кез-келген басқа технологиялар сияқты медиация да проблемалық жағдайды шешуге бағытталған, белгілі бір жүйелілікке ие және белгілі бір репродуктивті технологиялық циклды білдіреді. Біз медиация процесін екі субъектінің қарым-қатынас моделі ретінде қарастырамыз. Медиаторлар ешкімді күштеп келісімге шақырмайды, бәрі тараптардың өз келісімімен жүзеге асырылады.

Әкімшілік құқықбұзушылықтар бойынша медиацияны қолдану арқылы азаматтардың белгілі мәмлеге келуіне байланысты шығындарды өтеуі мен қаржының аз жұмсалуды қамтамасыз етеді, азаматтардың сенімі пайда болады, әкімшілік құқық бұзушылықтарға жол бермеуге тырысады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Құқықтану / А. Ибраева, Г. Өлібаева, Қ. Айтхожин. - Алматы: Мектеп, 2006.236 б.
2. Тинистановна С.С. Құқық негіздері.- Талдықорған, 2013.- 190 б.
3. «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы. \ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401>
4. Байдельдинов Д. Институт медиации-на новый уровень // Заңгер, 2018.-№7(204).- С. 50-51.
5. Тасыбаев Д. Медиация-дауды реттеудің ең тиімді тәсілі///Заңгер, 2018.-№9.(206).- 30-31 бб.
6. Қадырбаев М. Даулар мен жанжалдарды реттеуге арналған медиация негіздері, сотқа дейінгі міндетті реттеу // Заңгер, 2018.-№6 (203).- 38-39 бб.
7. Артықбаева Г. Бітімгерлік бастауы-бабалар мұрасында // Заңгер, 2018.-№4 (201).- 26-27бб.

8 Магомедова А. Г. Практические аспекты, связанные с применением процедуры медиации в ходе судебного разбирательства.- Медиация: теория, практика, перспективы развития. Сб. материалов Первой всероссийской научно-практической конференции (23–24 апреля 2015 г., Москва) / Отв. ред. О. П. Вечерина. М.: ФГБУ «ФИМ», 2015. – С. 98-99.

ПРИМЕНЕНИЕ ИНСТИТУТА МЕДИАЦИИ В АДМИНИСТРАТИВНОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ

Тинистанова С.С., Жакиянов Е.Е., Ибрагимов Т.Е., Нуркасымов Б.Е.

В статье рассматриваются актуальные проблемы административного правонарушения, медиация в административных делах, ее значение, преимущества и применение, трудности в использовании медиации, результаты.

Ключевые слова: административные правонарушения, суд, споры, скандалы, закон, медиация, применение медиации, результаты

APPLICATION OF INSTITUTE OF MEDIATION IN ADMINISTRATIVE COURT PROCEEDINGS

Tinistanova S.S., Zkakianov E., Ibragimov T., Nurkasymov B.

The article discusses topical problems of administrative offenses, mediation in administrative cases, its significance, advantages and application, difficulties in using mediation, results.

Key words: administrative offenses, court, disputes, scandals, law, mediation, use of mediation, results

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 13.01.2021ж.

ӘОЖ 94(514)084.5

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тинистанова С.С., Қонысбаев С.Б., Қуанханов А.М., Надырханов А.М.

Мақалада әкімшілік жауаптылық, әкімшілік жауаптылық негіздері мен кәсіпкерлік саласындағы әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін жауаптылыққа талдау жасалынған. Сонымен қатар, заңнамаға сай қарастырылған кәсіпкерлік саласындағы құқықбұзушылықтардың түрлері мен жауаптылық, сот ісін жүргізудің құқықтық негіздері қарастырылған.

Кілт сөздер: әкімшілік құқықбұзушылық, кәсіпкерлік қызмет, кәсіпкерлік қызмет саласындағы құқықбұзушылық, жауаптылық

Кіріспе. Мемлекеттік басқару теориясы мен практикасында, атқарушылық-өкімдік қызметте әкімшілік жауапкершілік, оның ішінде кәсіпкерлік саласындағы әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін жауаптылық мәселесі - заңдылықты, тәртіпті нығайтуда, басқару қызметі субъектілері қызметінің тиімділігін арттыруда маңызды орын алады және ғылыми және практикалық маңызы бар пікірталас тудыратын тақырыптардың бірі болып табылады.

Қазақстандық қоғам мен мемлекетті жаңғыртудың қазіргі кезеңінде бұл проблема ерекше маңызға ие болып отыр, өйткені оны зерттеу бақылау мен қадағалау тетіктерін,

атқарушы билік органдары мен лауазымды тұлғалардың ұйымдастыру-құқықтық қызметін жетілдіруге ықпал етеді.

Кәсіпкерлік саласындағы құқықбұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершіліктің мәні мен мазмұнын зерттеу қажеттілігі қазіргі заманғы даму жағдайында мемлекеттік-құқықтық қатынастардың түрлі салаларында, әсіресе Қазақстанның әлемдік кеңістікке жаһандануы мен кірігуі жағдайында басқарудың құқықтық негіздері туралы мәселені өткір қойып отырғандығымен байланысты.

Қазіргі заманғы қоғамда орын алып келе жатқан қылмыстармен қатар, әкімшілік құқық бұзушылық да үлкен қауіп төндіреді. Әкімшілік жауапкершілік институтының дамуына елдегі қылмыстың нақты жай-күйі, қоғамдық өмірдің түрлі салаларында көптеген құқыққа қарсы әрекеттер белгілі бір ықпал етті. Сондықтан кәсіпкерлік саласындағы әкімшілік құқықбұзушылықтарды жіктеу, оларға қатысты жауапкершілік, сот ісін жүргізу реті туралы зерттеу өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Материалдар мен жұмыс әдістемесі. П.Е.Недбайло және басқалары әкімшілік жауаптылықтан белгілі бір жағдай талаптарына және уақытқа сай әрекетті көрсеті [1], И.В.Тимошенко әкімшілік жауапкершілік түсінігін құқықтық жауаптылықтың кең мағынасында, яғни, жауаптылық:

а) мемлекеттік мәжбүрлеуді білдіреді;

б) құқықбұзушыға қандай да заңсыз әрекеттері үшін құқықтық норманы қолданғанда туындайды;

в) құқықбұзушы жеке немесе қандай да бір мүлікке қатысты қайшы әрекет жасағанда;

г) процессуалдық тәртіппен жүзеге асырылады деген түсінік береді [2]. Сонымен қатар, әкімшілік жауаптылық қандай да бір жағымсыз әрекеттерден туындайды деген де пікір қалыптасқан (Малеин Н.С.) [3].

С.С.Тинистановна әкімшілік жауаптылық - азаматтар мен лауазымды адамдардың өздерінің әкімшілік құқық бұзушылық әрекеттері үшін заң алдындағы жауапкершілігінің бір түрі ретінде қарастырады [4].

А.И.Петелин сынды ғалымдар, әкімшілік жауапкершілік, мемлекеттік-билік сипатындағы шараларды іске асыру бойынша құқық қолдану органдарының құқықтық жауапкершілікті жүзеге асыруы мен құқықтарын шектеу қажеттігінен туындайтындығын көрсетеді. Осы сәттерді елемей құқықтық жауапкершілік сипатын жоғалтуы мүмкін. Бұл жағдайға назар аударып отырып, әкімшілік жауаптылық жалпыға бірдей ерік тарапынан мәжбүрлеуден туындайтыны (бұл жалпыға бірдей ерік нақты болу қажет болғандықтан), құқық қорғау органдары өз құзіреті шеңберінде іске асыратындығын алға тартады.

Заң тармақтарында қарастырылғандай, құқық бұзушылық жасаған адамды әкімшілік міндеттерін орындамағаны үшін әкімшілік жазадан босатпайды [5].

С.С.Алексеевтің еңбектерінде жауаптылық жазасын екі түрде қарастырады, бірі, қорғау шаралары, екіншісі, құқықтық жауаптылық шаралары. Әкімшілік қорғау шаралары, нақты сипатта болады, ал жауапкершілік шаралары- салыстырмалы сипатта болуы мүмкін. Жауапкершілікке тартудың негізі-құқықбұзушылық болатын болса, қорғау шаралары белгілі бір тұлғаның құқықтарының бұзылуының алдын алуға бағытталады [6].

Нәтижелер және оларды талқылау. Г.Т.Байсалованың пікірінше, Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы экономикалық дамуы, кәсіпкерлер класы мен еңбекшілердің негізгі салмағы арасында туындайтын әлеуметтік қайшылықтар, қаржы-экономикалық тұрақсыздық құқық тәртібінің жай-күйіне белгілі бір із салады, құқық бұзушылық санының өсуіне алып келеді, олардың жаңа түрлерін туындатады.

Мұндай жағдайларда құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің әкімшілік-құқықтық шараларының маңызы артады. Сондықтан құқық бұзушыларға әкімшілік ықпал ету саласы кеңейтілуі тиіс.

Жеке және заңды тұлғалардың заң бұзушыларға әкімшілік тыйымдарды, тиісті әкімшілік жазалау шараларын не атқарушы билік органдары мен соттар салатын өзге де мәжбүрлеп әкімшілік-құқықтық ықпал ету шараларын қолдану түрінде қолданылып жүрген заңдарда белгіленген құқықтық нормаларды кінәлі бұзғаны үшін заңдарда белгіленген тәртіппен оған белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардың жауаптылығы Әкімшілік жауапкершілік деп танылады. Заңды тұлғаларды әкімшілік жауапкершілік субъектісі ретінде тану тәртібі әкімшілік құқық нормаларымен ғана емес, сонымен қатар жер, қаржы, салық, еңбек, экологиялық құқық және т. б. сияқты құқық салаларының нормаларымен де регламенттеледі.

Қазақстан Республикасының заңдары бойынша лауазымды адам қызметтік міндеттерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайда әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Бұл мән-жайлар болмаған кезде әкімшілік құқық бұзушылық жасауға кінәлі лауазымды адам жалпы негіздерде жауаптылықта болуға тиіс.

Заңнамада әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде билік өкілінің функцияларын тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын немесе жүзеге асырған не әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде мемлекеттік мекемелерде, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын немесе орындаған адамдар лауазымды адамдар деп танылады [7].

Заңды жауаптылыққа тартудың негізіне құқықбұзушылық жатады, яғни құқық нормаларын бұзу немесе орындамау (дұрыс орындамау) қорытындысы құқықбұзушының құқықтарын шектеуге әкеледі.

Бұл негіздерді егжей – тегжейлі мынандай жолмен бөліп қарастыруға болады.

1. Төтенше жағдайлар, яғни азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеу объективтік қажеттілік болып табылғанда. Мысалы, карантин тәртібі жұқпалы аурудың таратылуына жол бермеуге қарсы енгізілсе, және де карантиннің өзі қосымша міндеттер мен шектеулерді жүктеуді көздейді (мед. тексеруден өру, вакцинациялау, еркін жүріп – тұруды шектеу және тағы басқа).

2. Лауазылдық өкілеттіліктерге байланысты немесе егер бұл қоғамдық пайдалы қызметпен байланысты болса. Яғни адамның барлық құқықтары мен бостандықтары мен лауазымының немесе арнайы мәртебесінің аралығын таңдау мүмкіндігі болса, (бұлар көбінесе бір – бірімен сәйкес келе бермейтінін ескерсек) мысалы, мемлекеттік қызметкерге коммерциялық немесе өзге де ақы төленетін қызметпен айналысу, немесе мемлекеттің мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттер жасауға тиым салынады.

3. Мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында. Міне, әкімшілік ереженің бір түрін енгізу: құпиялық, шекаралық, әскери. Бұл өзінен - өзі азаматтар мен ұйымдардың қызметін арнайы өкілеттігі бар мемлекеттік органдардың тарапынан бақылау механизімін енгізуді көздейді.

4. Заңдылық бұзылған жағдайда, яғни құқықбұзушылық жасалғанда. Тап осы әрекет үшін заңды жауаптылық көзделген.

Заңды жауаптылықтың жалпы түріне мына қасиеттер тән:

1. Заңды жауаптылыққа заңдылықта көрсетілген кез – келген бір құқықбұзушылықты жасаған және кінәсі анықталған адам ғана тартылуы мүмкін.

2. Заңды жауаптылыққа тарту – кінәлі үшін жағымсыз салдарларды туғызады – жеке, мүліктік немесе өзге де сыйпаттағы.

3. Заңды жауаптылыққа тарту барысында кінәліні мемлекет тарапынан әшкерелеу болады.

4. Заң жауаптылық шаралары құқықбұзушыны тәрбиелеу немесе қайта тәрбиелеуге бағытталған, және де жаңа құқықбұзушылықтарды болдырмау үшін ескерту сипатында болады.

Занды жауаптылыққа тартудың құқықтық қалпына келтіру және әшкерелеу мақсаттары бар.

Занды жауаптылық, оның ішінде әкімшілік жауапкершілік мемлекеттің құқық бұзушылыққа деген шарасы болып табылады және құқық бұзушының өзі үшін пайда болған құқықтық жауаптылық міндетінен тұрады. Әкімшілік ғана емес, сонымен қатар қылмыстық құқықта мемлекеттің реакциясын сипаттайтын түрлі дефинициялар («алдын алу» және «жолын кесу») қолданылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасау кінәлі адамға мемлекеттің өкілетті органдары салатын әкімшілік жауапкершілік (жазалау) түрінде мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдануға әкеп соғады [8].

2014 жылы 5 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 151-189 баптарында кәсіпкерлік саласындағы әкімшілік құқықбұзушылықтар мен оларға қатысты жауапкершілік қарастырылған, яғни олар:

- Шикізатты, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге әкету немесе жөнелту қағидаларын бұзу мен заңсыз кәсіпкерлік;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салу белгіленген адамның осындай қызметпен айналысуы;

- Заңсыз банктік қызмет;

- Көрінеу жалған жарнама;

- Бөтен тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауды заңсыз пайдалану;

- Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын бұзу;

- Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізу тәртібін бұзу;

- Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасын бұзу;

- Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі мен мерзімдерін бұзу туралы жағдайларды қарастырады [9].

Осы кәсіпкерлік саласындағы әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін сот ісін жүргізу

Қазақстан Республикасының Конституциясы;

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 9 сәуірдегі № 1 Нормативтік қаулысына;

Әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі іс бойынша соттың қаулысы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 5 нормативтік қаулысына;

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексіне сай жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 3-бабында: «Кодексте реттелетін қатынастар әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді», -деп қарастырылған. Яғни, әкімшілік іс – әкімшілік рәсімді жүзеге асыру барысы мен нәтижелерін және (немесе) сотта жария-құқықтық даудың қаралуын тіркеп-бекітетін материалдар [10].

Қорытынды. Занды жауаптылық, оның ішінде әкімшілік жауапкершілік мемлекеттің құқық бұзушылыққа деген шарасы болып табылады және құқық бұзушының өзі үшін пайда болған құқықтық жауаптылық міндетінен тұрады. Әкімшілік ғана емес, сонымен қатар қылмыстық құқықта мемлекеттің реакциясын сипаттайтын түрлі дефинициялар («алдын алу» және «жолын кесу») қолданылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасау кінәлі адамға мемлекеттің өкілетті органдары салатын әкімшілік жауапкершілік (жазалау) түрінде мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдануға әкеп соғады.

Құқықтық қалпына келтіру мақсатына құқықбұзушының жолын кесу, құқықбұзушылықтан пайда болған залалды жою, бұзылған құқықтық қатынастарды қалпына келтіру, және де орындалмаған міндеттерді жүзеге асыру борышын жүктеуге бағытталған қорғау шараларын қолдану арқылы қол жеткізледі.

Әкімшілік жауапкершілік институтын жетілдіру мәселелері көбінесе әкімшілік құқық бұзушылықтар - кең таралған құқыққа қарсы көріністерге қарсы күрестегі рөлге негізделген үрдіс болып табылады.

Құқықтық мемлекетте құқықбұзушылықпен күрес, жауаптылыққа тарту тек заң негізінде ғана мүмкін. Әкімшілік жауапкершілік туралы заңнама әрдайым екі маңызды қызметті атқарады: Мемлекеттің әкімшілік саясатын бекітеді және оны іске асырудың нысаны болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Недбайло П.Е. Применение советских правовых норм. М.: Госюриздат, 1980.150с.
2. Тимошенко И. Понятие административной ответственности.- Северо-Кавказский юридический вестник, 2009.- №2.- 74-79 бб.
3. Малеин Н.С. Юридическая ответственность и справедливость. - М., 2002.- 190 с.
4. Петелин А.И. Проблемы правовой ответственности в социалистическом обществе. Учебное пособие.- Омск: Изд-во Ом. ВШМ МВД СССР, 1980.- 120 с.
5. Алексеев И.А., Свистунов А.А. Административное право. Учебник. М.: Проспект, 2015.- 486 с.
6. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. \ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235/k14235 .htm>
7. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексі / <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000350>
8. Тинистановна С.С. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа жататын тұлғалар түсінігі.- «Қоғамдық сананы жаңғырту аясында құқық пен мемлекеттің: теориялық және тәжірибелік мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары.- Талдықорған, 2019 жыл 19 ақпан.- 203-206 бб.
9. Байсалова Г.Т. Проблемы совершенствования института административной ответственности в Республике Казахстан // Вестник КазНУ - №2 (58). - 2011.- С. 23-25.
10. Таранов А.А., Таранов Д. А. Подведомственность и подсудность рассмотрения дел об административных правонарушениях // Зангер, 2002, - № 10.- С. 142-149.

ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА АДМИНИСТРАТИВНЫЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ В СФЕРЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Тинистановна С.С., Конысбаев С.Б., Куанханов А.М., Надырханов А.М.

В статье анализируется административная ответственность, основы административной ответственности и ответственности за административные правонарушения в сфере предпринимательской деятельности. А также виды правонарушений и ответственности в сфере предпринимательской деятельности, правовые основы судопроизводства

Ключевые слова: *административные правонарушения, предпринимательская деятельность, правонарушения в сфере предпринимательской деятельности, ответственность.*

LEGAL BASIS OF LIABILITY FOR ADMINISTRATIVE OFFENSES IN THE SPHERE OF ENTREPRENEURIAL ACTIVITY

Tinistanova S.S., Konysbaev S., Kuankhanov A., Nadyrkhanov A.

The article analyzes administrative responsibility, the foundations of administrative responsibility and responsibility for administrative offenses in the field of entrepreneurial activity. As well as types of offenses and liability in the field of entrepreneurial activity, legal basis of legal proceedings

Key words: *administrative offenses, entrepreneurial activity, offenses in the field of entrepreneurial activity, liability*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 13.01.2021ж.

ӘОЖ 94(514)084.5

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тинистанова С.С., Дүйсенғалиев Д.М., Жұмағали Д.Қ., Мухидин А.А.

Мақалада әкімшілік құқықбұзушылық түсінігі, белгілері, әкімшілік құқықбұзушылық бойынша іс қозғау тәртібі, сонымен қатар, әкімшілік құқықбұзушылық бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері қарастырылған.

Кілт сөздер: *әкімшілік құқықбұзушылық, белгілері, іс қозғау, әкімшілік өндіріс, іс жүргізу ерекшеліктері*

Кіріспе. Қазіргі Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы, еліміздегі құқық саласында жүргізілген реформалар мен жазаны оңтайландыру үрдістерінің қолға алынуы саяси, экономикалық салада жаңа қатынастарды бекітті және қоғамда әкімшілік жауаптылықтың рөлін өсіріп, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам құру барысында қоғамдағы қайшылықтарды әкімшілік жолмен шешудің бағыттарын айқындау мен осы институтқа тән белгілерді айқындап, қызметтің бағыттарын көрсету маңыздылығы артты.

Бұл жағдайда құқықтық тәртіп талаптарын қамтамасыз етуге және профилактикалық функцияны жүзеге асыруға заңды жауапкершіліктің басқа түрлерімен қатар, әкімшілік жауапкершіліктің рөлі мен мәнін ғылыми тұрғыдан ұғыну мен талдау ерекше өзектілікке ие болады.

Қоғам мен мемлекетті дамытудың қазіргі заманғы басымдықтары әкімшілік жауапкершілік институтының жаңа мазмұнын да қамтиды: адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы, сот және өзге де әкімшілік юрисдикция органдарының Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарын қатаң сақтауы заман талабына айналды.

Өкінішке орай, қазіргі деректерге сүйенетін болсақ, әкімшілік құқық бұзушылықтардың басым көпшілігі, әсіресе, жол қозғалысының бұзылуы,, денсаулық сақтау саласындағы заңсыз әрекеттер, көші - қон, заңдарының бұзылуымен, табиғатты пайдалану және экология саласындағы құқықбұзушылықтар, бюджет пен салық, монополияға қарсы реттеу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың орын алуымен көбірек байланысты болып отыр.

Жалпы әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаралған сот істерінің басым көпшілігі жоғарыда аталған құқықбұзушылықтардың тіркелуімен жүргізілгені белгілі болып отыр. Қазіргі кезеңде қоғамда масаң күйінде көлікке отырған жүргізушілердің санының өсуі,

карантин талаптарын бұзу, қоғамдық орындағы тыныштықты бұзу, көпшіліктің басын қосып, ойын ұйымдастыру, көрмелер жасау, ойын-сауық, мерейтойларды көпшілікпен өткізу, қоршаған ортаны ластау деректері бойынша қаншама адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Басқа құқық бұзушылықтар үшін 1,8 миллионнан астам азамат тартылды.

700 мыңға жуық құқық бұзушы жазалаудың өзге де түрлеріне тартылды, оның ішінде: 488 273 - ескерту алды, 42 306 азамат әкімшілік қамауға алынды, 27 мыңға жуық адам арнайы құқықтан айырылды.

Құқық бұзушылар ел бюджетіне шамамен 20 млрд. теңге төледі, бұл салынған айыппұлдың барлық сомасының 55,6%-ын құрайды. Статистиканың келтірілген деректері әкімшілік құқық бұзушылықтарды қысқарту үрдісі байқалмайтынын көрсетеді, бұл өз кезегінде жалпы елдегі құқық тәртібінің жай-күйіне теріс әсер етеді [1]. Бұл келтірілген деректермен дәл қазіргі жағдайды салыстырсақ, қазіргі күні де әкімшілік құқықбұзушылық деңгейі әлі де төмен түсе қойған жоқ. Сондықтан теориялық жағынан да, ғылыми жағынан да, тәжірибеде де әкімшілік құқықбұзушылықтарға қатысты іс жүргізу үрдісінің құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілуі мен дамуы туралы тың көзқарастар, ғылыми тұжырымдар мен ұсыныстардың, осы саланы жетілдіруде маңызды рөл атқарады.

Материалдар мен жұмыс әдістемесі. Әкімшілік құқық бұзушылық-жалпыға міндетті әкімшілік-құқықтық нормаларды бұзатын және әкімшілік жазалар түрінде жауаптылыққа әкеп соғатын құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет не әрекетсіздік [2]. Демек, әкімшілік құқықбұзушылық азаматтардың құқыққа қайшы әрекеттерінен немесе әрекетсіздігінен туындайды.

Әкімшілік құқық бұзушылықты жасау әкімшілік жауаптылықтың, адамға әкімшілік жаза қолданудың нақты негізі болып табылады (нормативтік негіз-оған сәйкес әкімшілік жауаптылық белгіленетін және қолданылатын құқықтық нормалар). Әкімшілік құқықбұзушылықтың орын алуы әкімшілік іс қозғауға да негіз болады.

Әкімшілік жауапкершілік - азаматтар мен лауазымды адамдардың өздерінің әкімшілік құқық бұзушылық әрекеттері үшін заң алдындағы жауапкершілігінің бір түрі [3]. Кінәлі адамдар өзі құқық бұзған уақытта және территорияда қолданылатын заңдар негізінде әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Әкімшілік құқықбұзушылық жасалғандығы үшін жауапкершілікке тартуға құқыққа қайшы әрекеттің немесе әрекетсіздіктің орын алуы, кінәлілігі, қоғамға қауіптілігі онша емес, құрамы қылмыстың құрамына жатпайтын әрекеттердің орын алуы әкеліп соғады.

Құқыққа қайшы құқық нормасының диспозициясын бұзатын іс-әрекетті (немесе әрекетсіздікті) жасау болып табылады, бұл үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленеді. Құқық бұзушылықтың құқықтың, заңнаманың (мысалы, білім беру, қорғаныс, ветеринария және т.б. туралы) әртүрлі салаларының нормаларына қол сұғуы мүмкін екенін атап өткен жөн, бірақ егер бұл үшін әкімшілік, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шаралары көзделсе, онда ол әкімшілік құқық бұзушылықтарға жатады.

Әкімшілік жауапкершіліктің негізгі қағидаттары:

1. Заңдылық, яғни материалдық және іс жүргізу заңын мүлтіксіз сақтау;
2. Жауапкершілік кінәсін, яғни әкімшілік взыскание может қолданылуы мүмкін тек тұлға әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалуына кінәлі;
3. Жауапкершілікті дараландыру, яғни жауапкершілікті қолдану құқық бұзушының жеке басын, теріс қылықтың қоғамға жат дәрежесін жан-жақты ескеруі тиіс;
4. Жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар;
5. Гуманизм, яғни жауапкершілікке тартылатын адамның дене азабын келтіруге, ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіруге жол бермеу;
6. Жауап бермеушілік, яғни құқық бұзушылық ашылуы, құқық бұзушы жауапқа тартылуы, ал қолданылған жаза-орындалуы тиіс;

7. Орындылығы, яғни істің барлық мән-жайларын, құқық бұзушының отбасы және мүліктік жағдайын ескере отырып, зиян теріс қылығымен келтірілген жауапкершілік шараларын қолдану;

8. Жауапкершіліктің жариялылығы, яғни жауапкершілік шараларын қолдану жария процесс түрінде жүзеге асырылады [4].

Нәтижелер және оларды талқылау. Әкімшілік процесс өзіне тән белгілі бір сатылардан тұрады:

- 1) нақты проблеманы айқындау;
- 2) осы проблеманы талдау және шешім жобасын әзірлеу;
- 3) жобаны қарау (оны келісу, талқылау, сараптамалық бағалау);
- 4) жобаны бекіту, яғни шешім қабылдау;
- 5) оны орындаушыларға жеткізу;
- 6) шешімнің орындалуын ұйымдастыру және оның орындалуын бақылау;

7) қажет болған жағдайда бұрын қабылданған шешім, оны түзету, іс-әрекетті жою немесе тоқтату [5]. Әкімшілік үрдістің жүзеге асырылу барысында мәселе нақты қандай жағдайға байланысты, шеші жолдары, қабылданатын шешімнің заңға қайшы келмеуі, қабылданған шешімнің орындалуы, егер оған қатысты шағым немесе наразылық болса, істі қайта қарау мен оның нәтижесінің нақты заңға сай жүзеге асырылуы маңызды.

Заң ғылымы саласындағы әдебиеттерде көрсетілгендей, әкімшілік іс жүргізу келесі 4 сатыдан:

- әкімшілік тергеп-тексеру;
- істі қарау;
- қаулыны қайта қарау;
- қаулыны орындау сатыларынан тұрады.

Кез келген әкімшілік өндіріс барлық тізілген кезеңдерді қамти бермейді.

Мысалы, азаматтардың арызы бойынша проблемаларды анықтау сатысында қажет емес жағдай болады, өйткені барлығы арызда ашық көрсетіліп тұрады.

Мәселеге қатысты келесі кезеңдерге бөлінеді:

- 1) актісін шығару қажеттілігін айқындау;
- 2) акт жобасын дайындау;
- 3) актінің жобасын басқару органының қарауына енгізу;
- 4) жобаны талқылау;
- 5) жоба бойынша шешім қабылдау;

6) қабылданған актіні жариялау [6]. Келіп түскен арызға қатысты қабылданатын нормативтік құжат, оны заңға сай дайындау, талдау, дұрыс шешім қабылдау, оның жариялануы мен екі тараптың қабылдауы, құқықбұзушылықтардың орын алмауы мен сауатты мәтін құрастыру қажеттілігі туындайды.

Сатылардың көпшілігінде кезеңдерді бөліп алу қиын емес-сатылық аралық мақсатты көздейтін іс-әрекеттердің жиынтығы. Мысалы, азаматтардың өтініштері бойынша іс жүргізудегі істі қарау сатысы нақты ықтималдылықты анықтау және зерттеу, тиісті материалдар-құқықтық нормаларды таңдау; басқару құқық ерлігі актісінің жобасын талқылау – оны зияткерлік қатысушыларға тапсыру, заң күшіне енер алдында актіге барлық түзетулерді енгізу және келісу. Осылайша, процесс төрт деңгейлі құрылымға ие: іс-әрекеттер-кезеңдер – сатылар-өндіріс.

Әрбір әкімшілік процесс жүйесіне келесі әкімшілік өндірістер кіреді:

1. Азаматтардың өтініштері мен шағымдары бойынша іс жүргізу.
2. мадақтау туралы іс бойынша;
3. Кәсіпорын басшылығымен, ұйымдармен, мекеме басшылары тәртіптік іс бойынша;
4. Әкімшілік құқықбұзушылықтар бойынша;

5. Әкімшілік ретпен материалдық шығынды өтетіп алу бойынша істер болады. Қай өндірісті болса да, тиісті мемлекеттік билік органдары арқылы жүзеге асырылады, кей жағдайда лауазымды тұлғалар жүргізеді. Қандай да бір өндірісті жүзеге асыру барысында, әкімшілік құқықбұзушылық норма басшылыққа алынады. Осының өзі барлық өндірісті тұтас бір жүйеге біріктіреді [7]. Кез келген істің өндірісте нәтижелі аяқталуы лауазымды тұлғаның күзіреттілігі мен жауапты органның тиісті нормативтік актіге сай әрекет етуінің нәтижесі деп тану қажет.

Заңнама шағымдану барысында арыздық заңға сай жүзеге асырылуына кепілдік береді. Мысалы, азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заң күші бар Жарлығымен белгіленген [8].

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға әзірлеу кезінде лауазымды адам іске қатысты шешім қабылдайды, яғни, іс қаралатын орын мен уақытты белгілеу; іске қатысы бар адамдарды шақырту, дұрыс ресімделмеген құжаттарды кейін қайтару, іс жүргізуді қысқарту, істі қарауға беру туралы шешім шығара алады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер істі қарауға құқықты орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және істің басқа материалдарын алған күннен бастап он бес күн мерзімде қаралады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қатысушылардан өтініштер түскен жағдайда не істің мән-жайларын қосымша анықтау қажет болған кезде істің қаралу мерзімін істі қараушы лауазымды адам ұзартуы мүмкін, бірақ ол бір айдан аспайды.

Лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға кіріскенде:

1) істі кім қарайтынын, қандай іс қаралғалы жатқанын, кім және осы Кодекстің қай бабы негізінде жауапқа тартылып отырғанын хабарлайды;

2) әкімшілік жауапқа тартылып отырған жеке адамның немесе заңды тұлғаның заңды өкілінің, сондай-ақ істі қарауға қатысушы өзге де адамдардың келгеніне көз жеткізеді;

3) іс жүргізуге қатысушылардың жеке басын анықтайды және жеке адамның немесе заңды тұлғаның заңды өкілдерінің, қорғаушысының және уәкілетті өкілінің өкілеттіктерін анықтайды;

4) іс жүргізуге қатысушылардың келмей қалу себептерін анықтайды және аталған адамдар жоқта іс қарау туралы не іс қарауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды;

5) қажет болған жағдайларда іс қарау кезінде қатысуы міндетті адамды алып келу туралы ұйғарым шығарады, аудармашы тағайындайды;

6) іс қарауға қатысушы адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

7) мәлімделген бас тартуларды және өтініш жасауларды шешеді;

8) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы, ал қажет болған жағдайда - өзге де материалдарды оқып береді;

9) іс қарауды кейінге қалдыру туралы: егер іс қараушының не лауазымды адамның өздігінен бас тарту немесе одан бас тарту тиісті мәні бойынша қарауға кедергі келтірсе, бас тарту мәлімделуіне; егер қорғаушыдан, уәкілетті өкілден, сарапшыдан немесе аудармашыдан бас тарту істі мәні бойынша қарауға кедергі келтірсе, аталған бас тартуға; істі қарауға қатысушы адамдардың келуі немесе іс бойынша қосымша материалдар сұрап алу қажеттігіне байланысты ұйғарым шығарады. Қажет болған жағдайда лауазымды адам сараптама тағайындау туралы ұйғарым шығарады [9].

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап, лауазымды адам мына қаулылардың бірін шығарады:

1) әкімшілік жаза қолдану туралы;

2) іс жүргізуді қысқарту туралы;

3) істі осы әкімшілік құқық бұзушылық үшін өзге түрде немесе мөлшерде жаза қолдануға құқылы лауазымды адамға беру туралы;

4) мәжбүрлеп орындату және айыппұл салу туралы [9].

Қандай қаулы шығарылса да, аталған іске байланысты нақты, қай бапқа сай, қандай негізде ондай қаулы шығарылғандығы, қандай шара қолданылатындағы қолданыстағы заңнаманың баптары шегінен шықпауы тиіс екендігі барлығымызға да аян.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыда:

- 1) қаулыны шығарған лауазымды адамның лауазымы, аты-жөні;
- 2) істің қаралған күні мен орны;
- 3) өзіне қатысты іс қаралған адам туралы мәліметтер;
- 4) осы Кодекстің әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылық көзделетін бабы;
- 5) істі қарау кезінде анықталған мән-жайлар;
- 6) іс бойынша шешім;
- 7) қаулыға шағым беру тәртібі мен мерзімі көрсетілуге тиіс [9].

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулы дәлелді болуы тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға қаулы шығарған лауазымды адам қол қояды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулы іс қаралып біткен соң дереу хабарланады.

Қаулының көшірмесі өзі арнап шығарылған жеке адамға немесе заңды тұлғаның заңды өкіліне, сондай-ақ олардың сұрауы бойынша жәбірленушіге, жеке адамның заңды өкіліне дереу тапсырылады. Аталған адамдар болмаған жағдайда қаулының көшірмесі ол шығарылған күннен бастап үш күн ішінде жіберіледі [10].

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғау үшін әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректердің болуы негіз болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаны туралы хаттама жасалған немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы прокурор қаулы шығарған кезден бастап әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған болып саналады. Әкімшілік істің қозғалуы, әкімшілік іс жүргізу мен оның заң бойынша тиісті құжаттармен бірге жүруімен қатар жүзеге асырылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы уәкілетті лауазымды адам жасайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға белгіленген заң тәртібінде уәкілетті әділет органдарының басшыларына берілген бұйрық немесе нұсқаманың негізінде, қосымшаның тізіліміне сәйкес және осы Нұсқаулықтың осы тармағында көрсетілген лауазымды адамдар құқық береді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада оның жасалған күні мен орны, хаттаманы жасаған адамның лауазымы, аты-жөні; іс қозғалған адам туралы мәліметтер; әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған орны, уақыты мен мәні; осы Кодекстің ерекше бөлігінің аталған құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылық көзделетін бабы; егер олар бар болса, куәлардың аты-жөні, мекен-жайы; өзіне қатысты іс қозғалған жеке адамның не заңды тұлғаның заңды өкілінің түсініктемесі; заңды тұлғаның, филиалдың, өкілдіктердің атауы, тіркеу нөмірі және істі шешу үшін қажетті өзге де мәліметтер көрсетіледі [11].

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезде өздеріне қатысты іс қозғалған жеке адамға немесе заңды өкіліне, сондай-ақ іс жүргізудің басқа да қатысушыларына олардың осы Кодексте көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, бұл туралы хаттамада белгі жасалады.

Хаттамаға оны жасаған адам және әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам немесе заңды тұлғалардың, филиалдардың, өкілдіктердің өкілі қол қояды. Куәлар болған кезде, сондай-ақ куәгерлер қатысқан жағдайда хаттамаға сол адамдар да қол қояды.

Өздеріне қатысты іс қозғалған жеке адамға немесе заңды тұлғаның заңды өкіліне әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен танысуға мүмкіндік берілуге тиіс. Аталған адамдар хаттаманың мазмұны бойынша түсініктеме беруге және ескерту жасауға, сондай-ақ оған қол қоюдан өзінің бас тарту себебін баяндауға құқылы, олар осы хаттамаға қоса тіркеледі.

Бұл адамдар әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда хаттамаға тиісті жазба жасалады.

Өздеріне қатысты іс қозғалған жеке адамға, заңды тұлғаның заңды өкіліне әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалғаннан кейін оның көшірмесі алған қолы қойылып, дереу тапсырылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама әкімшілік құқық бұзушылық жасалу фактісі анықталғаннан кейін дереу жасалады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың мән-жайларын, өзіне қатысты іс қозғалған жеке адамның өз басын немесе заңды тұлға туралы мәліметтерді және заңды тұлғаның заңды өкілінің жеке басын қосымша анықтау талап етілген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама құқық бұзушылық анықталған кезден бастап үш тәулік ішінде жасалады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама қарау үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті судьяға, органға (лауазымды адамға) бір тәулік ішінде жіберіледі [12].

Іс қаралғаннан кейін шығарылған қаулыға сәйкес алып қойылған құжаттар мен заттар олардың иесіне қайтарылады немесе тәркіленеді, немесе сатылады, немесе сақталады, немесе белгіленген тәртіппен жойылады [13].

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы:

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы, егер оған шағым берілмесе немесе наразылық келтірілмесе, шағым беру үшін белгіленген мерзім біткеннен кейін заңды күшіне енеді [9].

Қорытынды. Құқықтық қалпына келтіру мақсатына құқықбұзушының жолын кесу, құқықбұзушылықтан пайда болған залалды жою, бұзылған құқықтық қатынастарды қалпына келтіру, және де орындалмаған міндеттерді жүзеге асыру борышын жүктеуге бағытталған қорғау шараларын қолдану арқылы қол жеткізледі.

Әкімшілік жауапкершілік институтын жетілдіру мәселелері көбінесе әкімшілік құқық бұзушылықтар - кең таралған құқыққа қарсы көріністерге қарсы күрестегі рөлге негізделген үрдіс болып табылады.

Құқықтық мемлекетте құқықбұзушылықпен күрес, жауаптылыққа тарту тек заң негізінде ғана мүмкін. Әкімшілік жауапкершілік туралы заңнама әрдайым екі маңызды қызметті атқарады: Мемлекеттің әкімшілік саясатын бекітеді және оны іске асырудың нысаны болып табылады.

Әкімшілік заңнаманың ерекшелігі азаматтық заңнамаларға қарағанда, оны реттеудің мәні қоғам өмірінің барлық салаларындағы алуан түрлі қоғамдық қатынастар болып табылады. Сондықтан бірыңғай заңнамалық актіде барлық әкімшілік-құқықтық нормаларды кодификациялау мүмкін емес, бұл барлық мемлекеттердегі мемлекеттік басқарудың көпжылдық тәжірибесімен дәлелденді.

Іс жүргізуі реттеуші, бақылау және қорғау функцияларын орындай отырып, кез келген қызметті ұйымдастыру нысаны болып табылады. Әкімшілік процесс құқықтық процестің дербес түрі бола отырып, өзіне әкімшілік іс жүргізу мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтиды және қолданыстағы заңнама негізінде жүзеге асырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Құқықтану/А.Ибраева, Г.Өлібаева, Қ.Айтхожин. - Алматы: Мектеп, 2006.- 236 б.
2. Общее административное право. Учебник.- Воронеж: Издательский дом ВГУ, 2016.- 760 с.
3. Н.Макарейко. Пути повышения качества законодательства об административных правонарушениях //Юридическая наука и практика: Вестник Нижегородской академии МВД России. -2013. - № 22.- С. 88-94.

4. М.Омиргалиев Институт административной ответственности и его модернизация в современных условиях.- Талдыкорган, 2018.- 88 с.
5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. \ [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235/k14235 .htm](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235/k14235.htm)
6. «Предпринимательский кодекс Республики Казахстан» // <http://adilet.zan.kz>
7. Тинистановна С.С. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа жататын тұлғалар түсінігі.- «Қоғамдық сананы жаңғырту аясында құқық пен мемлекеттің: теориялық және тәжірибелік мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары.- Талдыкорған, 2019 жыл 19 ақпан.- 203-206 бб.
8. Жетписбаев Б. Административная ответственность в Республике Казахстан: Учеб. пособие / Б. Жетписбаев; Под общ.ред.проф.С.С.Сартаева.- Алматы: Данекер, 2000.- 233 с.
9. В.Татарин Административно-деликтное законодательство РК: становление, состояние и его дальнейшее развитие после приобретения независимости // Вестник Уральского института экономики, управления и права, 2009. Т. 8. №3.103
10. «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 Заңы// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000221>
11. Жатқанбаева А.Е. Место административно-надзорного производства в системе административного процесса // Вестник КазНУ.- 2016. – Т. 60. – №. 4.- С. 78-82.
12. Кодзаев Ч.С. Пересмотр постановлений по делам об административных правонарушениях // Вестник Северо-осетинского ГУ, 2012.- С. 186-191.
13. Об административных правонарушениях, выявленных за 7 месяцев 2016 года.- <http://pravstat.prokuror.kz/>

ОСОБЕННОСТИ ПРОИЗВОДСТВА ПО ДЕЛАМ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ

Тинистановна С.С., Дуйсенғалиев Д.М., Жумағали Д.Қ., Мухидин А.А.

В статье рассматриваются понятие, признаки административных правонарушений, порядок возбуждения дела об административных правонарушениях, а также особенности производства по делам об административных правонарушениях.

Ключевые слова: административные правонарушения, признаки, возбуждение дела, административное производство, особенности производства

FEATURES OF PROCEEDINGS IN CASES OF ADMINISTRATIVE OFFENSES

Tinistanova S.S., Duisengaliev D., Zhumagali D., Muhidin A.

The article discusses the concept, signs of administrative offenses, the procedure for initiating a case on administrative offenses, as well as the peculiarities of proceedings in cases of administrative offenses.

Key words: administrative offenses, signs, initiation of proceedings, administrative proceedings, peculiarities of production

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 13.01.2021ж.

УДК 343.34

КРИМИНАЛИСТИЧЕСКИЕ МЕТОДЫ РАССЛЕДОВАНИЯ КИБЕРТЕРРОРИЗМА*Чукмаитов Д.С., Берзин П.С., Төлеева А.С., Карякина Р.А., Коновалова М.И.*

В статье рассмотрены методы раскрытия, расследования и предупреждения преступлений террористической направленности, которые способствуют установлению обстоятельств, подлежащих доказыванию по факту совершения кибертерроризма. Акцентировано внимание на раскрытии определяющих факторов установления преступлений террористической направленности, исходя из закономерных процессов отражения и проявления взаимодействующих объектов, предметов и субъектов, информирующих о характере преступной деятельности. Выделены признаки, особенности совершения кибертерроризма, значимые с точки зрения раскрытия, расследования и предупреждения совершения террористических актов.

Ключевые слова: Кибертерроризм, расследование, методика, криминалистика, преступление.

В настоящее время все чаще отмечаются факты освоения информационных технологий и компьютерных сетей транснациональными террористическими и экстремистскими организациями, что обусловило распространение наиболее опасной разновидности компьютерной преступности – кибертерроризма. Всемирная паутина позволяет террористам осуществлять информационные кибератаки, пропаганду экстремистских идей, расовой, религиозной и других форм нетерпимости, а также вовлекать в свои ряды новых членов, осуществлять незаконные финансовые операции и другое.

Для достижения своих целей кибертерроризм использует электронные сети, информационно-коммуникационные технологии, радиоэлектронику. Особую опасность представляют посягательства на информационную безопасность критически важных инфраструктур: компьютерных систем управления банковской сферы, обороны, промышленности и других. Реализация таких угроз может привести к чрезвычайным последствиям для общества и государства [1, 232–233].

При совершении кибератак в информационном пространстве чаще всего используются следующие приемы:

- получение несанкционированного доступа к личной, коммерческой, банковской информации, к государственным и военным секретам;
- нанесение ущерба физическим элементам информационного пространства (например, создание помех, нарушение работы сетей электропитания, использование специальных программ, которые разрушают аппаратные средства);
- уничтожение информации, программного обеспечения, технических ресурсов путем внедрения вирусов, программных закладок, преодоления систем защиты;
- техническое внедрение в каналы трансляции средств массовой информации с целью распространения слухов, дезинформации, объявления требований террористической организации;
- уничтожение или подавление работы линий связи, перегрузка узлов коммуникации, изменение адресации запросов в сети Интернет;
- проведение информационно-психологических операций, воздействующих на сознание населения и другие.

Эти приемы постоянно совершенствуются в зависимости от средств защиты, которые применяют разработчики компьютерных сетей. Так, киберпреступники могут использовать в сетях различного вида атаки, которые позволяют им получить доступ к

корпоративной сети, перехватить управление ею или заблокировать информационный обмен в сетях.

На основе анализа научной литературы, международных правовых документов и законодательства ряда стран можно выделить следующие особенности кибертерроризма.

Во-первых, явление кибертерроризма неразрывно связано с информационным оружием, так как для достижения своих преступных целей он использует информационно-коммуникационные технологии, компьютерные системы и сети, специальное программное обеспечение.

Во-вторых, следует признать, что это понятие носит международный характер, поскольку преступники часто находятся в одном государстве, а их жертвы – в другом.

В-третьих, важной особенностью кибертерроризма является многообразие его целей: от умышленного создания обстановки напряженности, подавленности и страха на социальном уровне до совершения с помощью компьютеров и компьютерных сетей террористических действий.

Необходимо отметить также четвертую важную особенность – киберпреступления характеризуются высоким уровнем латентности и низким уровнем раскрываемости, они требуют от исполнителей сравнительно небольших финансовых затрат, однако при этом наносят огромный моральный и материальный ущерб, позволяя достигать политических целей минимальными усилиями.

Кроме перечисленных выше уровней, некоторые авторы выделяют также информационно-психологический уровень, который подразумевает защиту психики человека от негативного информационного воздействия. Следует признать справедливой следующую точку зрения: благодаря Интернету кибертеррористы могут оказывать на аудиторию серьезное информационно психологическое воздействие, то есть инициировать «психологический терроризм». Например, с помощью социальных сетей кибертеррористы повышают уровень организации участников этой деятельности, распространяют различные тревожные слухи, сеют панику, вводят пользователей сетей в заблуждение. Также они систематически распространяют среди огромной аудитории информацию о технологии производства взрывчатых веществ и взрывных устройств, ядов и отравляющих газов [2, 67–69].

Кибертеррористами часто используется замена содержания сайтов и других интернет-ресурсов, которая заключается в подмене электронных страниц или их отдельных элементов в результате взлома. Этот прием используется в основном для привлечения внимания, демонстрации своих возможностей и является противоправным способом выражения их политических целей и убеждений. Помимо прямой подмены страниц широко используется регистрация в поисковых системах сайтов террористического содержания, которые открываются по ключевым словам легальных сайтов, а также перенаправление (подмена) ссылок на другой адрес, что приводит к открытию специально подготовленных противостоящей стороной интернет-страниц.

По нашему мнению, для эффективной борьбы с кибертерроризмом необходимо разработать государственную программу развития информационно-коммуникационных технологий, обеспечивающих подключение корпоративных сетей к сети Интернет при соблюдении требований безопасности информационных ресурсов. Также необходимо принять меры по совершенствованию технологий своевременного обнаружения и пресечения попыток несанкционированного доступа к информации. Кроме этого, важно законодательно установить исчерпывающий перечень видов сведений, не подлежащих передаче по открытым сетям, и обеспечить контроль над соблюдением установленного статуса конфиденциальной информации [3, 72–79].

При этом необходимо продолжать работу по упреждающему выявлению появляющихся новых факторов риска, по созданию и использованию опережающих технологий борьбы с кибертерроризмом.

Большое значение имеет организация системы подготовки и повышения квалификации специалистов по информационной безопасности. Кроме того, необходимо повышать правосознание людей, что позволит им, имея четкое понимание разумности подобных норм, оказывать всемерную помощь правоохранительным органам в выявлении случаев кибертерроризма уже на стадии подготовки преступлений, осуществляемых с использованием информационных систем.

Особую роль в борьбе с киберпреступниками играет осуществление переподготовки и регулярное повышение квалификации кадров, которые специализируются на борьбе с кибертерроризмом, их поиск из числа профессионалов только на конкурсной и контрактной основе. Такое обучение будет побуждать их постоянно самосовершенствоваться, чтобы эффективно противостоять новым видам сетевых атак и компьютерных преступлений.

Кіріспе. Банк үшін тәуекелдерді басқару ең маңызды мәселелердің бірі болып табылатынын атап өткен жөн. Себебі банктің кез-келген банктің қалыптасу кезінен бастап бүкіл қызмет ету кезеңіндегі әрекеті көптеген тәуекелдерге тікелей байланысты. Сондықтан банкроттық немесе болашақта Банктің болмауы Банктің тәуекелдерін басқарумен байланысты. Банк ісіндегі тәуекел деп банктің кірісі мен капиталына теріс әсер ететін оқиғалардың туындау ықтималдығы түсініледі. Тәуекел қолайсыз оқиғаның болу ықтималдығымен сипатталады. Бұл оқиғаларға мыналар жатады: кірістердің төмендеуі, берілген несиелердің қайтарылмауымен байланысты шығындардың пайда болуы, базалық ресурстардың азаюы, баланстан тыс операциялар бойынша төлемдердің төленбеуі және т.б. [1].

Банк жүйесінің дағдарысы тәуекелдерді басқарудағы маңызды кемшіліктерді ашты. Бірқатар банктерде тәуекел-менеджмент жүйесі мүлдем құрылмаған, басқаларында бұл функцияның тәуелсіздігі қамтамасыз етілмеген, үшіншіден, тәуекел-менеджменттің жоғары басқару жүйесі туындаған проблемалар бойынша тәуекел – менеджерлердің ескертулеріне жауап берген жоқ. Банк жүйесін дамытудың жаңа кезеңінде менеджмент тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін құруға айтарлықтай күш салуы керек [2].

Банк басқармасы тәуекелдердің туындау көздері мен туындау себептеріне ерекше назар аударады. Тәуекелдің пайда болуының үш көзі бар. Алғашқы екі түрі объективті, яғни банктің әрекеттеріне қарамастан немесе тәуелсіз. Ал үшінші түрі субъективті, яғни банктің қызметіне байланысты [3].


1. Нарықтық тәуекел деп әртүрлі активтер құнының өзгеруіне тәуелді қаржылық жағдай түсініледі.	а) пайыздық тәуекел-ағымдағы пайыздық тәуекелдің өзгеруіне байланысты тәуекел түрі. б) валюталық тәуекел – валюта бағамының өзгеруіне байланысты тәуекел түрі. с) инвестициялық тәуекел – қор нарығындағы өзгерістерге байланысты тәуекел түрі.
Контрагенттің тәуекелі немесе кредиттік тәуекел	контрагенттің өз міндеттемелерін орындамауына немесе берілген кредитті қайтармауына байланысты тәуекелді білдіреді
<u>Басқару тәуекелі</u>	а) жедел тәуекел – Банктің кейбір функцияларымен байланысты тәуекелді білдіреді. Оларға мыналар жатады: Банктің ұйымдық құрылымы, ақпараттық және технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етілу дәрежесі, кадрлардың мамандану деңгейі, банктің өз қызметін жедел және нақты орындау қабілеті. б) стратегиялық тәуекел – банк қызметін дұрыс ұйымдастырмауға немесе жіберілген қателіктерге байланысты тәуекел түрі. Бұл: шешімдер қабылдау үшін жеткіліксіз ақпараттық база, қаржы нарығының математикалық модельдері сапасының төмендігі, болжау және жоспарлау әдістемелерінің толық еместігі

Жоғарыда келтірілген факторлар келесі жиі кездесетін банктік тәуекелдерді тудыруы мүмкін:

1. Өтімділік тәуекелі активтерді ақшаға тез айналдыру немесе міндеттемелерді орындау үшін қажетті ресурстарды тарту қабілетін жоғалтумен байланысты
2. Пайыздық тәуекел нарықтағы процесс мөлшерлемесінің ауытқуымен байланысты.
3. Кредиттік тәуекел қарыз алушының өз міндеттемелерін орындамауымен байланысты.
4. Нарықтық немесе инвестициялық тәуекел бағалы қағаздардың ықтимал құнсыздануымен байланысты
5. Саяси тәуекел мемлекеттегі саяси жағдайдың тұрақтылығымен сипатталады.
6. Валюталық тәуекел валюта бағамының жоспарланған деңгейден ауытқуымен байланысты.
7. Операциялық тәуекел төлемдерді жүргізу барысында немесе деректерді электрондық өңдеу кезінде туындайды.
8. Экономикалық тәуекел өндіріс салаларында және қаржы нарығында орын алатын қолайсыз жағдайларға байланысты туындайды.
9. Теріс жағдайдың қаупі табиғи апаттарға немесе төтенше жағдайларға байланысты туындайтын тәуекел түрі

Материалдар мен жұмыс әдістемесі. Зерттеу барысында банктік тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістері пайдаланылды, олар: қарыз алушыны саралау; кредиттік салымдарды әртараптандыру; тәуекелдерді лимиттеу; тәуекелдерді хеджирлеу; тәуекелдерді бөлу. Бұл қолданбалы және нақты дәлелдемелерді жинақтау арқылы банк қызметіндегі тәуекелдерді бақылау мен реттеуді қамтиды. Осы әдістерді қолданудың түпкі мақсаты банктік тәуекелдерді анықтау, жіктеу және басқару тұрғысынан тиімді шешімдерді іздеу болып табылады.

Нәтижелер және оларды талқылау. Банк үшін тәуекелдерді басқару өте маңызды. Тәуекелдің жоғары деңгейімен сипатталатын банктік қызмет түрлерінде банк пайда табу үшін шешім қабылдаудың ерекше тетігін дамытады. Банктер тәуекелдің мүмкін деңгейін анықтайды және оның кірісті қаншалықты ақтайтынын есептейді [4].



Сурет 1. Банктердегі тәуекелдерді басқару жүйесі

Банктік тәуекелдерді басқару жүйесі нақты шаралар арқылы жүзеге асырылады. Мұндай шаралар стратегиялық басқару деңгейінде немесе ұйымдастырушылық деңгейде жүзеге асырылуы мүмкін. Банктік тәуекелдерді басқаруға байланысты көптеген жалпы және арнайы әдістер қолданылады.

Бұл процесті сапалы ұйымдастыру үшін екінші деңгейдегі банктерде мамандандырылған бөлімдер ұйымдастырылады, олардың қызметі белгіленген принциптер мен ережелерге негізделеді, ал оларды бұзу жекелеген операциялар бойынша зиян келтіруі мүмкін және банктерге үлкен зиян келтіруі мүмкін және несие мекемелері осы себепті жиі банкротқа ұшырайды [5].

Несиелік тәуекелдің себептері мен тиімділігі көптеген сыртқы және ішкі факторлар болып табылады, біз барлық факторларды келесі түрлерге бөлеміз (кесте 1):

Кесте 1

Банктің кредиттік тәуекел факторлары

Сыртқы	Ішкі
- форс-мажорлық жағдайлар	- <u>шарттық міндеттемелерді орындамау</u>
- тұрақсыз экономикалық және саяси жағдай	- қарыз алушының кредиттік қабілеттілігін бағалауға қойылатын талаптардың төмендеуі
- мемлекеттік экономикалық саясаттың тиімсіз өзгеруі	- кепілдіктің төмен сапасы, кепілдікті бағалаудағы қателер
- ақпаратты бұрмалау тәуекелдері	- ырықтандырылған несие саясаты
- қызмет бабын теріс пайдалану қаупі	- банкті басқару тәуекелдері
- кредитті мақсатсыз пайдалану тәуекелі	- Банктің жеткілікті ақпараты жоқ жана және жақындағы клиенттердің меншікті салмағы
- жауапкершіліктен жалтару	- өзара байланысты қарыз алушыларға берілген елеулі сомалар
	- экономикалық дамудың қолайсыз салалық және өнірлік үрдістері

Кредиттік тәуекелдің кредиттік операциялардың кірістілігіне әсерін бағалау үшін коэффициенттердің мынадай жүйесін пайдалануды ұсынамыз (кесте.2).

Кесте 2

Кредиттік тәуекелдердің нәтижелілігін бағалау коэффициенттері

Коэффициенттер	Анықтау тәртібі
1. Кредиттік маржа	Таза пайыздық кірістің кредиттік салымдарға қатынасы
2. Таза пайыздық маржа	Таза пайыздық маржалар мен кредиттер бойынша шығындар коэффициенттерінің арасындағы айырма
3. Кредиттер бойынша шығындар коэффициенттері	Мерзімі өткен кредиттердің кредиттік салымдарға қатынасы
4. Кредиттің қорғалу коэффициенті	Резервтік капиталдың кредиттік салымдарға қатынасы
5. Кредиттер бойынша шығындылық коэффициенті	Алынбаған пайыздар сомасының алынған қарыздардың жалпы сомасына қатынасы
Кредиттік салымдардың өсу қарқыны	Соңғы кезеңде берілген кредиттердің ағымдағы жылы берілген кредиттерге қатынасы

Біз бұл коэффициенттерді есептеу жалпы банк бойынша деп санаймыз. Тәуекел-менеджмент бөлімін ұйымдастыру үшін ерекше жағдайларда жұмыс істей алатын, нақты болжамдар жасай алатын және қаржы нарығындағы жағдайды қадағалай алатын білікті мамандарды таңдау қажет [6].

Банк секторының бәсекеге қабілеттілігін талдау бәсекелестік артықшылықтар жүйесін, олардың көздері мен типтерін айқындауға негізделеді. Салыстырмалы артықшылықтардың жағдайларын, өндіріс факторлары мен даму факторларын ескеру қажет. Әрине, банктің несиелік операцияларынан пайданың негізгі бөлігін алуға байланысты несиелік тәуекелді, яғни банкпен және клиентпен өзара әрекеттесу процесінде несиелік тәуекелін азайту маңызды. Әдетте, қарыз алушылардың кредитті өтемеуі берілген кредиттердің тиімділігін дұрыс өлшеуге көмектеседі және банк шешім қабылдайтын кредиттік тәуекелге тиісті баға береді. Банкте тәуекел-менеджмент жүйесін құру тәуекел болуы мүмкін операциялардың ашықтығы мен уақтылы анықталуына ықпал етуі тиіс. Ішкі тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы тәуекелдерді азайтуға және сәйкесінше банк шығындарын азайтуға ықпал етуі керек деп санаймыз, өйткені көптеген банктер клиенттердің (салымшылардың) қаражатымен жұмыс істейді [7].

Жүргізілген талдау тәуекелдерді басқаруды келесі жүйеге интеграциялау тәсілін жасауға және әрбір элемент шегінде тәуекел-менеджмент құралдарын топтан бөлек бөлуге мүмкіндік береді (кесте 3):

Кесте 3

Тәуекелдерді басқару жүйесі

Тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтері		
Операцияны жүргізуден ішінара немесе толық бас тарту	Тәуекелдер болжамы	Шығындарды материалдық өтеу
1. Сенімсіз клиенттері бар серіктестерді анықтау. 2. Жоғары тәуекелмен операциялардан бас тарту. 3. Ақталмаған шығындарға жол бермеу.	1. Ең жоғары шаманы және ықтимал шығындардың ең төменгі шамасын алдын ала есептеу 2. Жоғалту ықтималдығын анықтау. 3. Ықтимал шығындар уақытын есептеу.	1. Сақтандыру. 2. Хеджирлеу 3. Ішкі бақылауды күшейту. 4. Тәуекелдер мониторингін енгізу
Тәуекелдерді басқару объектілері		
1. Қаржылық тәуекел 2. Валюталық тәуекел 3. Кредиттік тәуекел 4. Инвестициялық тәуекел	1. Өтімділік тәуекелі 2. Операциялық тәуекел	1. Пайыздық тәуекел 2. Қор тәуекелі. 3. Валюталық тәуекел. 4. Кредиттік тәуекел. 5. Инвестициялық тәуекел

Қорытынды. Тәуекел талдау - мынадай факторларға назар аударған жөн:

- банк басшылығы біліктілігін, басқару және басқару қабілетін көрсетуі керек;
- банк басшылығы заңнаманың және белгіленген ішкі ережелердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады.
- ҚРҰБ ж/е ҚҚА, сондай-ақ ішкі және сыртқы аудиторлардың ұсынымдарын сақтау;
- банк басшылығы экономикалық жағдайдың өзгеруіне, банк ортасының өзгеруіне бейімделуін (тактика мен Стратегияның дұрыстығын) көрсетуі тиіс;
- банк басшылығы тиісті ішкі жұмыс ережелерін әзірлеуге және оларды орындауға толық жауап береді;
- банк басшылығын тәуекелдерді басқарудың тиісті біліктілігімен қамтамасыз ету мақсатында қызметкерлерді оқытуға;
- банк басшылығы пайдакүнемдік әрекеттердің кез келген көрінісіне, әсіресе Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларға жеңілдікті қарызға қатысты сынға ұшырайды. [8].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Лаврушин О.И. Банковское дело. - Москва: Финансы и статистика, 2009.- 443 б.
2. Долан Э.Дж. и др. Деньги, банковское дело и денежно-кредитная политика. - Москва: Экономика, 2009.- 398 б.
3. Е.Б.Ширинская. Операции коммерческих банков и зарубежный опыт. - Москва: Финансы и статистика, 2009.- 223 б.
4. Лексис В. Кредит и банки.- М.: Перспектива, 2009.- 213б.
5. Нуреев Р.М. Деньги, банки и денежно-кредитная политика. - Москва: Финстатинформ, 2009. – 410б.
6. Дробозина Л.А. Финансы. Денежное обращение. Кредит. - Москва, 2009.- 293 б.
7. Казбекова Ж. Б. Некоторые особенности совершенствования банковской деятельности в переходной экономике // Каржы Каражат, 2013.-№3.-Б.34-37
8. Жунусова Г. Некоторые особенности банковской конкуренции в Казахстане // Аль-Пари, 2014.-№2.- Б.61 -63

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ УПРАВЛЕНИЯ РИСКАМИ В БАНКОВСКОЙ СФЕРЕ

Кереева А. Р.

Рассматриваются риски банковской деятельности. Раскрываются теоретические, методические и практические аспекты управления банковскими рисками. Определены субъекты управления банковскими рисками, рассмотрена классификация банковских рисков и система управления ими. Сформулированы предложения по улучшению управления банковскими рисками. Целью статьи является определение сущности банковских рисков, рассмотрение системы управления ими для обеспечения финансовой устойчивости и стабильности банков. В статье обоснована ключевая роль банковского сектора в обеспечении сбалансированного и инновационного развития экономики страны, выделен ряд проблем современного развития банковской системы в условиях макроэкономической нестабильности.

Ключевые слова: *банковский риск, кредитный риск, операционный риск, риск ликвидности, процентный риск, риск потери доходности.*

CURRENT ISSUES OF RISK MANAGEMENT IN THE BANKING SECTOR*Kereyeva A. R*

Banking risks are considered. Theoretical, methodological and practical aspects of Bank risk management are revealed. The subjects of Bank risk management are defined, the classification of Bank risks and their management system are considered. Suggestions for improving Bank risk management are formulated. The purpose of the article is to determine the nature of banking risks, to consider their management system to ensure the financial stability and stability of banks. The article substantiates the key role of the banking sector in ensuring a balanced and innovative development of the country's economy, highlights a number of problems of modern development of the banking system in the context of macroeconomic instability.

Key words: *banking risk, credit risk, operational risk, liquidity risk, interest rate risk, risk of loss of profitability.*

Мақалаңын редакцияға келіп түскен күні: 26.01.2021ж.

УДК.657.62

ӨНДІРІСТІК ШЫҒЫНДАРДЫҢ ТАЛДАУЫ ЖӘНЕ АУДИТІ*Турысбекова Р.К.,Толегенова А.Д.*

Бұл мақалада басқару есебі жүйесінің мәні мен маңызы, оның бюджеттелінуі және ұйымдастырылу принциптері қарастырылған.

Есеп ақпараттарын пайдаланушылар үшін көптеген белгісіздік факторлар да болуы мүмкін. Осы айтылғандарға байланысты есеп ақпараттарын пайдаланушы жақтар сенімді тұрғыда қанағаттануын қамтамасыз етудің жақсы бағыты үздіксіз зерделеніп отыруы керек. Мұның үшін ресурстардың тиімді орналасуы, табыс алу мен бұларды жұмсауға байланысты факторлар, қандай шығындардың бәсекелестік процесспен байланыста болатындығы, бірлескен ұтымдылықтың қалыптасуы, т.с.с. сұрақтарға байланысты мәселелер толығымен шешілуі керек. Осы мақаланың мақсаты - ұйымның қаржылық жағдайын, ұйымның шығындарын есепке алу мен аудитін, тексерулердің уақтылы жүргізілуін, оның ерекшеліктері мен кәсіпорынның қызметі мен қызметіне әсерін мүмкіндігінше зерттеу. Мақаладағы зерттеудің әдіснамалық негізі бухгалтерлік есеп, қаржылық есеп және ұйым шығындарының аудиті бойынша нормативтік және заңнамалық актілер, сондай-ақ ғалымдардың, доценттер мен профессорлардың берілген тақырыптағы жұмыстары болып табылады. Жұмыстың практикалық маңыздылығы қаржылық талдау, бухгалтерлік есеп және аудиторлық қызметтердің мәліметтерін қорытындылауға бағытталған зерттеудің қолданбалы сипатымен анықталады[1].

Кілттік сөздер: *Қаржылық есеп, аудиторлық қорытынды, бухгалтерлік есеп, экономикалық ақпарат, өзіндік құн.*

Кейінгі жылдары экономикасы дамыған көптеген елдер назары есеп жүйесін халықаралық деңгейде бір ізге салу мәселелеріне аударылып келеді. Мұның өзі нарықтық қатынастар өрісіндегі халықаралық экономикалық одақтардың тұрақты бағытта қызмет атқаруына байланысты қаралған. Алайда әр елдер өз қалауы мен зерделенуіне байланысты халықаралық стандарт жүйесін қабылдаудың жолдарын тандап алу мүмкіндігі болады.

Есеп экономикалық ақпараттар қалыптастырудағы бірден-бір сенімді ақпарат дайындаушы процесс екендігіне байланысты, жалпы есеп ережелері мен әдістерінің

қолданылынуы барлық елдерде бірдей мазмұнда қалыптасатындығын естен шығармау керек.

Әр елдің есеп жүргізу ерекшеліктері әртүрлі жағдайда және әртүрлі мақсатқа сай ұйымдастырылатынына, сонымен қатар есеп ақпараттарын пайдаланушы топтар мүддесін қанағаттандыруға байланысты ерекшеліктер болатындығын барлық бухгалтерлер білуі керек. Сондықтан іске асырылатын мақсаттардың әр түрлі жағдайда орындалуы әр елдерде әр түрлі мазмұнда қалыптасады. Есеп ақпараттарын пайдаланушылар үшін көптеген белгісіздік факторлар да болуы мүмкін. Осы айтылғандарға байланысты есеп ақпараттарын пайдаланушы жақтар сенімді тұрғыда қанағаттануын қамтамасыз етудің жақсы бағыты үздіксіз зерделеніп отыруы керек. Мұның үшін ресурстардың тиімді орналасуы, табыс алу мен бұларды жұмсауға байланысты факторлар, қандай шығындардың бәсекелестік процесспен байланыста болатындығы, бірлескен ұтымдылықтың қалыптасуы, т.с.с. сұрақтарға байланысты мәселелер толығымен шешілуі керек. Біздің пайымдауымызша басқару есебін еліміздің есеп тәжірибесіне қолданудың көптеген мәселелері әлі де болса өз шешімін таппай отыр. Сондықтан басқару есебінде шешім қабылдау және бюджеттеуді ретке келтіру жақтарындағы көптеген мәселелер қосымша зерттеуді қажет етеді.

Шығындардың жалпы сомасы мыналардың есебінен өзгеруі мүмкін: толықтай кәсіпорын бойынша өнімді шығару көлемі; құрылымы; өнім бірлігіне кеткен ауыспалы шығындардың дәрежесі; өнімді шығаруға кеткен тұрақты шығындар сомасы.

Төменгі кестелерде 2017-2019 ж.ж. аралығындағы өнімнің толық өзіндік құнының талдауы көрсетілген.

Кесте 1

2017 ж. өнімнің толық өзіндік құнын талдау

Шығындар элементі	Сома (мың.теңге)			Шығындар құрылымы, %		
	жоспар	нақты	ауытқулар	жоспар	нақты	ауытқулар
Материалдық шығындар	175300	168965.5	-4334.5	101.0	98.1	-2.9
Еңбекақы	1200	1200.0	0.0	100.0	100.0	0.0
Негізгі құралдардың тозуы	2800	2800.0	0.0	100.0	100.0	0.0
Басқа да шығындар	36100	34377.2	-1723.8	105.6	96.6	-9.0
Толық өзіндік құн	211900	207342.7	6058.3	206.6	394.7	11.9

Кесте 2

2018 ж. өнімнің толық өзіндік құнын талдау

Шығындар элементі	Сома (мың.теңге)			Шығындар құрылымы, %		
	жоспар	нақты	ауытқулар	жоспар	нақты	ауытқулар
Материалдық шығындар	149800	151427.9	1627.9	98.9	101.1	2.2
Еңбекақы	1260	1260	0.0	100.0	100.0	0.0
Негізгі құралдардың тозуы	2240	2240	0.0	100.0	100.0	0.0
Басқа да шығындар	28400	29376.7	976.7	96.7	103.4	6.8
Толық өзіндік құн	181700	184304.6	26046	395.6	404.5	9.0

2019 ж. өнімнің толық өзіндік құнын талдау

Шығындар элементі	Сома (мың.теңге)			Шығындар құрылымы, %		
	жоспар	нақты	ауытқулар	жоспар	нақты	ауытқулар
Материалдық шығындар	140500	138779.5	-1720.5	101.2	98.8	-205
Еңбекақы	1428	1428	0.0	100.0	100.0	0.0
Негізгі құралдардың тозуы	1792	1792	0.0	100.0	100.0	0.0
Басқа да шығындар	25000	26092.1	1092.1	95.8	104.4	8.6
Толық өзіндік құн	168720	168091	2812.6	397	403.2	11.1

2017 жылы шартты-натуралдық көріністегі жалпы өзіндік құнның жоспардан 5,1%- ға артық орындалғанына байланысты шығындар сомасы 45573 мың теңгеге азайды. 2018 жылы ұсталымдар 2,9%- ға артық жұмсалыуына байланысты шығындар сомасы 26046 мың теңгеге ұлғайды. Келтірілген мәліметтерден көрінгендей, шығындарды артық мөлшерде жұмсау материалдық және де басқа да шығын баптарындағы артық жұмсалымдар есебінен болды[2].

2019 жылы шығындардың фактілі сомасы жоспарлыдан 6284 мың теңгеге немесе жоспарды артығымен орындау есебінен 1%- ға төмен болды.

Өз кезегінде өнімнің өзіндік құны өндірістің ресурс сыйымдылығының (еңбек сыйымдылығы, материал сыйымдылығы, қор сыйымдылығы, жылу сыйымдылығы) және инфляция жағдайына байланысты пайдаланған ресурстар бағасының өзгеру дәрежесіне тәуелді.

Ол үшін өнімді өндіруге кеткен ресурстардың фактілік көлемін ресурстардың әрбір түрі бойынша құнының орташа өзгеру дәрежесіне көбейтіп, алынған нәтижелерді қосу керек:

$$Z_{ц} = (Ц I - P_{иф})$$

Берілген факторлар есебінен талданып отырған кәсіпорынның 2018 жылы өнімді өндіруге кеткен шығындарының жалпы сомасы жоспарланған сомамен салыстырғанда 26046 мың теңгеге көбейді. Осыдан келіп, өнімнің ресурссиымдылығының дәрежесінің ұлғаюы есебінен шығындар 1627,9 мың теңгеге ұлғайған.

Ережеге сай, өнімнің өзіндік құнының көп үлесін шикізаттар мен материалдарға кеткен шығындар алып тұр. Бұл бап бойынша шығындардың жалпы сомасы өндірілетін өнімнің көлеміне, оның құрылымына байланысты.

2017 – 2019 жылдары өнімді өндіруге кеткен материалдық шығындар мыналардың есебінен жүргізіледі

1	материалдардың жиынтық шығындары
2	шикізат пен материалдардың құны

Өнім бірлігіне жұмсалатын шикізат пен материалдардың шығыны олардың сапасына, материалдардың бір түрін басқасына ауыстырумен, шикізат рецептурасының, техника, технологияның және өндірісті ұйымдастырудың өзгеруі, жұмысшылардың, шикізат қалдықтарының және т.б. квалификациясына байланысты.

Еңбек шығындары өнімнің өзіндік құнының көп үлесін алып тұр және оның дәрежесінің қалыптасуына үлкен әсер етеді.

Өнімнің өзіндік құнының ішінде жалақы мөлшерінің динамикасы, оның көлеміне әсер ететін факторларды зерттеу және берілген шығын баптарындағы қаражаттарды үнемдеу резерві үлкен мәнге ие.

Талданып отырған кәсіпорында 2018 жылды 2017 жылмен салыстырғанда бұл бап бойынша шығындар 60 мың теңге көлемінде артық жұмсалған, ал 2019 жылы 168 мың теңгені құрайды.

Амортизацияның жалпы сомасы машиналар мен жабдықтардың санына, олардың құны мен амортизация нормасына байланысты.

Жабдық құны басқа машиналарды сатып алу мен инфляцияға байланысты олардың құнын қайта бағалау есебінен жүргізіледі.

Келтірілген мәліметтер талданып отырған кәсіпорынның бұл шығын баптары бойынша дәрежесінің төмендеуін көрсетіп отыр. 2018 жылды 2017 жылмен салыстырғанда шығындар 560 мың теңгеге азайған, ал 2019 жылы шығындар сомасы алдыңғы жылмен салыстырғанда 448 мың теңгеге азайған. Негізгі құралдардың амортизациясына кеткен шығындардың төмендеу тенденциясы өнімнің өзіндік құнын қалыптастыруда үлкен әсер етеді.

Басқа да шығындарға жататындар: материалдық емес активтердің тозуы, жал ақысы, банктерден алынған пайыздар, салықтар және т.б.

Бұл бап бойынша фактілік шығындар 2018 жылы 85%-ға төмендеген, яғни шығындар сомасы 5000,5 мың теңгеге азайған.

Кесте 5

Талданып отырған кәсіпорынның өнімнің өзіндік құнын төмендетудің негізгі көзі болып табылатындар

1	шикізат пен материалдарды үнемді пайдалану
2	басқа да шығындардың азаюы
3	амортизациялық аударым сомаларының төмендеуі
4	өндірісте сапасыз өнімдердің болмауы

Кесте 6

Құрылысқа арналған шарт бойынша шығындар

1	нақты шартпен тікелей байланысты шығындарды;
2	тұтастай алғанда шарт бойынша қызметке қатысты және нақты шартқа жатқызылуы мүмкін шығындарды;
3	шарт ережелеріне сәйкес тапсырыс беруші өтеуі мүмкін өзге шығындарды қамтиды.

Нақты шартқа тікелей қатысты шығындар

1	құрылыс алаңындағы қадағалауды қоса алғанда, құрылыс алаңындағы жұмысшылардың жалақысын;
2	құрылыс кезінде пайдаланылған материалдардың құнын;
3	шарттың орындалуы үшін пайдаланылған ғимараттар мен жабдықтар өтелімін;
4	ғимараттар мен жабдықтарды жалға алуға шығындарды;
5	құрылыс алаңына және құрылыс алаңынан ғимараттарды, жабдықтарды және материалдарды көшіруге арналған шығындарды;
6	шартпен тікелей байланысты конструкторлық және техникалық қолдауға шығындарды;
7	қателерді түзеуге және кепілдік берілген жұмыстарды орындауға арналған болжамдалған шығындарды, оның ішінде кепілдік берілген жөндеуге арналған шығындарды;
8	үшінші тараптың наразылығын қамтиды.

Осы шығындар құрылысқа арналған шарт бойынша жалпы кіріске енгізілмеген кездейсоқ кіріспен азайтылуы мүмкін, мысалы, артық құрылыс материалдарын сатудан, шартты орындағаннан кейін құрылыс ұйымының билік етуінде қалған ғимараттардың немесе жабдықтардың (құрылыс ұйымы оған мұқтаж емес) істен шығуынан түсетін кірістермен[3].

Мысалы.

«УызМай» құрылыс ұйымы құрылысқа 520 000 теңге сомасына кірпіш сатып алды. Объектіні салуға 500 000 теңге сомасына кірпіш жұмсалды. Қалған 20 000 теңге сомасына кірпіштер ҚҚС есепке алғанда 30 000 теңге сомасына сатылды.

Дайын өнімнің кіріс және шығыс есебі

1	Дт	Дайын өнім	1320	20 000
2	Кт	Аяқталмаған құрылыс	2930	20 000
3	Дт	Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	1210	30 000
4	Кт	Өнімдерді өткізу мен қызметтер көрсетуден түскен кіріс	6010	26 087
5	Кт	Қосылған құн салығы	3130	3 913
6	Дт	Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	7010	20 000
7	Кт	Дайын өнім	1320	20 000

Құрылысқа арналған шарт бойынша қызметтер бойынша шығындарға тұтасымен, мынадай шығындар жатқызылады және нақты шарттарға бөліне алады

1	сақтандыру
2	құрылыстың жөнелтпе құжаты шығыстары (мысалы, құрылыспен байланысты персоналға арналған шығындар және т.б.)
3	қарыздар бойынша шығыстар (егер мердігер (IAS) 23 «Қарыздар бойынша шығындар» ХҚЕС бойынша жол берілген баламалы есепке алу тәртібін пайдаланса)
4	тікелей нақты шартпен байланыспаған конструкторлық және техникалық қолдауға арналған шығындар (шығындар құрылыс қызметінің қалыпты деңгейінде негізделген жүйелік және оңтайлы әдістер көмегімен бөлінеді)

Ұқсас шығындар бірдей сипаттамасы бар барлық шығындарға дәйекті қолданылатын жүйелік және оңтайлы әдістер көмегімен бөлінеді. Оларды бөлу құрылыс қызметінің қалыпты деңгейіне негізделеді. Құрылыс жөніндегі жөнелтпе құжаты шығыстары құрылыс персоналының жалақысы жөніндегі деректерді дайындауға және өңдеуге арналған шығындарды қамтиды.

Шарт ережесі бойынша тікелей тапсырыс берушіге жататын шығындар зерттеуге және әзірлеуге арналған жалпы әкімшілік шығыстар мен шығындар бөлігін қамти алады, оларды өтеу шартпен көзделген.

Кесте 10

(IAS) 11 «Құрылысқа арналған шарттар» ХҚЕС-на сәйкес бұл шарттар шарт бойынша қызметке жатқызыла алмайды және шартқа бөліне алмайды және де сондықтан құрылысқа ранлағна шарттар бойынша шығындарға мынадай шығындар енгізілмеуі керек

1	тапсырыс беруші олардың өтелуін көздемеген жалпы әкімшілік шығыстар;
2	сатуға арналған коммерциялық шығыстар немесе шығындар;
3	тапсырыс беруші олардың өтелуін көздемеген зерттеуге және әзірлеуге арналған шығындар;
4	нақты шарт бойынша пайдаланылмайтын тұрып қалған машиналар мен жабдықтардың өтелімі;

Шарт бойынша шығындар оның кепілдік берілген жұмыс істеуі басталған күннен бастап шарт толық аяқталғанға дейінгі кезеңде шартқа жататын шығындарды қамтиды. Алайда, шартпен тікелей байланысты және оны жасасуды қамтамасыз ету жасалған шығындар, егер олар оқшауланып анықталатын болса және егер шарт жасалады деген мүмкіншілік бар болса, құрылысқа арналған шарт бойынша шығындар бөлігі ретінде енгізіледі.

Егер де шартқа қол қойылмаса немесе оны дайындау бойынша шығыстар пайда болған есепті кезеңде оған қол қойылмайды деген ықтималдылық бар болса, онда, жасалған шығындар олар пайда болған шамасына қарай ағымдағы кезең шығыстарына жатқызылады.

Мысалы.

«УызМай» ұйымы құрылысқа арналған шарттарды алуға тендерлік ұсыныстар дайындайды шартқа қол қою бойынша келіссөздер және дайындық жұмыстарын жүргізеді. Барлық шығындар жеке тендерлік ұсыныстарға тең пропорцияда жатқызыла алады. Кезеңнің сомалық шығындары 700 000 теңгені құрады. Көрінісі шартқа қол қойған мүмкіндігіне байланысты тендерлік ұсыныстар бойынша шығындардан басқа, шығындар әрбір кезеңде шығыстар есебінде мойындалады. Екі тендерлік ұсыныс неғұрлым табысты болады деп күтілуде.

Бір тендерлік ұсыныс келешегі аз болып табылады.

Кесте 11

Тендерлік ұсыныстар дайындау жөніндегі шығындарды бөлу

1	Дт	«Аяқталмаған құрылыс»	«2930»	350 000
2	Дт	«Әкімшілік шығыстар»	«7210»	350 000
3	Кт	«Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаты»	«1030»	700 000

Шартқа енгізілмеген және шартқа байланысты бола алмайтын шығындар жалпы әкімшілік шығыстарға жатады.

Шарт бойынша кірістер мен шығыстарды мойындау. Егер құрылысқа арналған шарт нәтижесі сенімді бағаланатын болса, онда ол бойынша кірістер мен шығыстар баланс күніне жұмыстарды аяқтау деңгейіне жатқызу жолымен мойындалуы тиіс.

Егер құрылысқа арналған шарт нәтижесі сенімді бағалана алмаса, онда кіріс жасалған шығындар өтелуі мүмкін дәрежеде мойындалуы тиіс, ал шығындар олар пайда болған сәттегі шығыстар есебінде мойындалуы тиіс.

Құрылысқа арналған шарттың күтілетін нәтижесі залал болып табылса, онда 52-тармаққа сәйкес барлық залал тез арада залал ретінде мойындалуы тиіс. Мысалы, тұтастай шарт бойынша экономикалық пайда алу мүмкіндігін белгісіз ететін жағдайлар туындауы мүмкін, мысалы, шартты одан әрі орындау күтілетін сотта іс қарау нәтижесіне байланысты немесе шарт бойынша тұрғызылатын объект сот шешімі бойынша экспроприациялануы немесе иеліктен шығарылуы ықтимал.

Кесте 12

Тіркелген бағасы бар шартта құрылысқа арналған шарт бойынша нәтиже барлық мынадай шарттарды сақтаған жағдайда, сенімді бағалана алады

1	құрылысқа арналған шарт бойынша жалпы кіріс сенімді өлшене алады;
2	ұйымға шартты орындаумен байланысты экономикалық пайда түсіру ықтималдығы бар
3	шарт бойынша шығындар және баланс күніне жұмысты аяқтау деңгейі нақты анықтала, сәйкестендіріле және нақты жасалған шығындарды бұрын жүргізілген бағалаумен салыстыру жүргізу болатындай етіп сенімді өлшене алады

Кесте 13

«Шығындар қосу» шартында құрылысқа арналған шарт бойынша нәтиже мынадай шарттарды сақтаған жағдайда расталып есептелуі мүмкін

1	ұйымға шартты орындаумен байланысты экономикалық пайда түсіру ықтималдығы бар
2	шарт бойынша шығындар, олар өтелуге жата ма жоқ па, оған байланыссыз дәл сәйкестендіріле алады
3	(IAS) 11 «Құрылысқа арналған шарттар» ХҚЕС баланс күніне шарт бойынша жұмыстың аяқталу деңгейіне сілтеме жолымен құрылысқа арналған шарт бойынша кірістер мен шығыстарды мойындауды белгілейді («әзірлік шамасына қарай» әдісі секілді талқыланатын «орындау проценті» әдісі)

«Орындау проценті» әдісі құрылысқа арналған шарт бойынша кірістер мен шығыстар мердігер растаған баланс күніне шарт бойынша жұмыстың аяқталу деңгейі негізінде мойындалатынын және бағаланатынын көздейді және тиісті жұмыстар орындалған сол есепті кезеңдердегі түсім және залал туралы есепте көрініс табады.

«Орындау проценті» әдісі құрылысқа арналған шарт бойынша кірістер мен шығыстарды мойындаудың баламасы жоқ әдіс болып табылады. Бұл әдіс есепті кезеңде туындаған кірістер мен келісілген олардың шығыстарын сәйкестендіруге бағытталған. «Орындау проценті» әдісін қолдану аяқтау деңгейін анықтау қажеттілігімен түсіндіріледі.

Алайда, құрылысқа арналған шарт бойынша кез келген күтілетін сомалық шығындардың ол бойынша сомалық кірістен жоғары артуы шығыс есебінде жедел мойындалады[4].

Мердігер құрылысқа арналған шарт бойынша болашақ қызметпен байланысты шығын жасайды. Құрылысқа арналған шарт бойынша ұқсас шығындар олар өтеледі деген мүмкіндік бар болса, актив есебінде ескеріледі және көбінесе шарт бойынша аяқталмаған өндіріс есебінде сыныпталады.

Мысалы.

«УызМай» ЖШС мектеп салуға шарт бойынша мердігер болып табылады. Жабдыққа бағаның өсуінен жалтару мақсатында, «УызМай» ЖШС 15% қосылған құн салығын (ҚҚС) ескере отырып, 490 000 теңгеге оған келесі жылға дейін қажет емес жаңа жабдық сатып алды. Бұдан басқа, «УызМай» ЖШС 600 000 теңге мөлшерінде қосалқы мердігерге аванс берді.

Осы қос операциялар шарт бойынша аяқталмаған өндіріс есебінде қарастырылады.

Жабдыкка төлемді және қосалқы мердігерге авансты есептеу

1	Дт	Қосылған күн салығы	1420	63 913
2	Дт	Негізгі құралдар	2410	426 087
3	Дт	Берілген қысқа мерзімді аванстар	1610	600 000
4	Кт	Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаты	1030	1 090 000
5	Дт	Аяқталмаған құрылыс	2930	1 026 087
6	Кт	Негізгі құралдар	2410	426 087
7	Кт	Берілген қысқа мерзімді аванстар	1610	600 000

Кіріс сомасы сенімді өлшене алады, егер ұйымға экономикалық пайданың түсу ықтималдығы бар болса. Алайда, егер құрылысқа арналған шарт бойынша кіріске енгізілген және түсім мен залал туралы есепте көрініс тапқан соманы алуға қатысты күмән туындаса, онда жете алынбаған сома немесе төлеу ықтималдығы жойылған сома шарт бойынша кіріс сомасын түзету ретінде емес, шығыс ретінде ескеріледі.

Мысалы.

«УызМай» ЖШС құрылысқа арналған шарт бойынша қосалқы мердігер болып табылады. Мердігер «УызМай» ЖШС жұмысын қабылдады және қосалқы мердігер шартқа сәйкес кірісті мойындады. Тапсырыс беруші белгісіз себептер бойынша төлемді кешіктіріп жатыр.

Тапсырыс берушінің қойылған шоттар бойынша берешегі 1 000 000 теңгені құрайды.

Ұйымға түсетін экономикалық пайданың түсу ықтималдығы азаюына байланысты резерв құру және күмәнді борыш бойынша шығыстарды мойындау

1	Дт	Аяқталмаған құрылыс	7440	1 000 000
2	Кт	Әкімшілік шығыстар	1290	1 000 000

Ұйым шартты жасасқаннан кейін күмәнсіз есептер жүргізе алады, ол

1	салу болжамдалып отырған активтерге қатысты әрбір тараптың заңмен қамтамасыз етілген құқығын;
2	қарсы өтеуді;
3	өзара есеп айырысудың тәртібі мен шарттарын көздейді.

(IAS) 11 «Құрылысқа арналған шарттар» ХҚЕС-на сәйкес ұйымның қаржылық жоспарлау және есептіліктің тиімді ішкі жүйесі болуы тиіс. Құрылысқа арналған шартты орындау шамасына қарай, ұйым тексереді және қажет болуына қарай шарт бойынша кірістер мен шығындардың есебін қайта қарайды. Мұндай қайта қараудың қажеттілігі шарттың нәтижесі шүбәсіз есептеле алмайды дегенді білдіруі міндетті емес.

Жұмыстың аяқталу дәрежесін (орындалу деңгейін) анықтау шарттың негізінде жүзеге асырылады. Аяқталу деңгейі орындалған жұмыстың неғұрлым сенімді өлшемін (нақты шарт үшін) қамтамасыз ететін тәсілмен анықтала алады. Шарттың сипатына байланысты бұл әдістер:

1) шарт бойынша жалпы шығынның есепті шамасында есепті кезеңге жасалған шығындар үлесі бойынша қамти алады. Бұл жағдайда, жасалған шығындар аяқталған жұмысты көрсететін шығындармен шектелгендігі қажет. Олар сатып алынған, алайда әлі жұмыста пайдаланылмаған материалдар немесе қосалқы мердігерлерге алдын ала төлемдер секілді заттарды қамтымауы тиіс;

Мысалы.

«УызМай» ЖШС кеңсе ғимаратын салуға арналған шарт бойынша мердігер болып табылады, оны салуға арналған шығындар 8 000 000 теңгені құрайды, шарттың жалпы сомасы 15% қосылған құн салығын (ҚҚС) есептегенде 12 350 000 теңгені құрайды. Есепті күнге жасалған шығыстардың сомасы 2 400 000 теңгені құрайды. Жоба 30%-ға аяқталған деп саналады.

2) тиісті сарапшылар жүргізген жұмысты бақылаудың көмегімен және орындалған жұмыстың көлемі туралы олардың қорытындысы.

3) орындалған жұмыс үлесін заттай көрініспен, яғни, табиғи өлшеммен есептеу арқылы (мысалы, жолдың қанша километрі салынды).

Тапсырыс берушілерден алынған аралық және аванстық төлемдер, көбінесе, құрылысқа арналған шарт бойынша жасалған жұмыстардың нақты көлемін көрсетпейді.

Мысалы.

Ұйым ғимарат салуға арналған шартқа қол қойған кезде жалпы сомасы 120 000 000 теңге шарттың 20% мөлшерінде аванстық төлемін алды. 24 000 000 теңге мөлшеріндегі сома аванстық төлем есебінде қаралады және осы жағдайда кіріс есебінде мойындалмайды.

Жұмыстың орындалу дәрежесі шартта көзделген есеп жасалған күнгі шығындар арқылы анықталады, оған нақты жасалған шығындар ғана енгізіледі.

Кесте 17

Жасалған шығындар бойынша орындалған жұмыстың дәрежесін анықтау кезінде жасалған шығындардан

1	құрылысқа арналған шарт бойынша жалпы кіріс сенімді өлшене алады;
2	ұйымға шартты орындаумен байланысты экономикалық пайда түсіру ықтималдығы бар
3	шарт бойынша шығындар және баланс күніне жұмысты аяқтау деңгейі нақты анықтала, сәйкестендіріле және нақты жасалған шығындарды бұрын жүргізілген бағалаумен салыстыру жүргізу болатындай етіп сенімді өлшене алады

Кесте 18

Құрылысқа арналған шарт нәтижелері қашан сенімді бағалана алмайды

1	ұйымға шартты орындаумен байланысты экономикалық пайда түсіру ықтималдығы бар
2	шарт бойынша шығындар, олар өтелуге жата ма жоқ па, оған байланысыз дәл сәйкестендіріле алады
3	(IAS) 11 «Құрылысқа арналған шарттар» ХКЕС баланс күніне шарт бойынша жұмыстың аяқталу деңгейіне сілтеме жолымен құрылысқа арналған шарт бойынша кірістер мен шығыстарды мойындауды белгілейді («әзірлік шамасына қарай» әдісі секілді талқыланатын «орындау проценті» әдісі)

Құрылысқа арналған шарт бойынша түсім мойындалмайды, алайда күтілетін залалдар 50-тармаққа сәйкес жедел түрде залал ретінде мойындалуы тиіс.

Кесте 19

Қаржы нәтижесін сенімді бағалау мүмкін емес жағдайлардың мысалы мынадай шарттарды қамтиды

1	ұйымға шартты орындаумен байланысты экономикалық пайда түсіру ықтималдығы бар
2	шарт бойынша шығындар, олар өтелуге жата ма жоқ па, оған байланысыз дәл сәйкестендіріле алады
3	(IAS) 11 «Құрылысқа арналған шарттар» ХКЕС баланс күніне шарт бойынша жұмыстың аяқталу деңгейіне сілтеме жолымен құрылысқа арналған шарт бойынша кірістер мен шығыстарды мойындауды белгілейді («әзірлік шамасына қарай» әдісі секілді талқыланатын «орындау проценті» әдісі)

Шартты орындаудың бастапқы деңгейлерінде шарт бойынша нәтижені сенімді бағалау үнемі мүмкін емес, мысалы, егер мердігер үшін нақты жұмыстар әдеттегідей емес және бұрын орындалмаған (күрделілік жасалған сметалардың қателігіне және нақты және сметалық көрсеткіштердегі шығыстардың елеулі алшақтығына байланысты, оларды өтеу тапсырыс берушімен ерекше келісілуі тиіс). Бұл кіріс шарт бойынша жасалған шығындар өтелетін дәрежеде ғана мойындалуы тиіс екендігін білдіреді.

Кесте 20

Түсімдер мен залалдар туралы есепте көрсету (теңгемен):(2017-2019жж)

1	Шартта келісілген кірістің жалпы сомасы	650 000 (теңге)	650 000 (теңге)	650 000 (теңге)
2	Есепті күнге жасалған шарт бойынша шығындар	200 000	350 000	505 000
3	Шартты аяқтау үшін ол бойынша шығындар	325 000	170 000	0
4	Шарт бойынша жалпы есеп айырысу шығындары	525 000	520 000	505 000
5	Есеп айырысу түсімі	125 000	130 000	145 000
6	Аяқталу деңгейі	38,10%	67,31%	100,00%
7	Ағымдағы-аралық шоттар	150 000	300 000	200 000
8	Аралық шоттарды төлеу	140 000	250 000	260 000
9	Алуға шоттар	10 000	60 000	0

Кесте 21

(IAS) 11 ХҚЕС талаптарына сәйкес мынадай сомалар ашылуы тиіс

1	Құрылысқа арналған шарт бойынша кіріс	247 619 (1)	189 881 (2)	212 500 (3)	650 000
2	Шарт бойынша жұмыстың өзіндік құны	200 000	150 000	155 000	505 000
3	Жалпы кіріс	47 619	39 881	57 500	145 000

Кесте 22

(IAS) 11 ХҚЕС талаптарына сәйкес мынадай сомалар ашылуы тиіс

1	Кезеңде мойындалған шарт бойынша кірістер	247 619	189 881	212 500
2	Есепті күнге шарт бойынша жасалған шығындар және мойындалған түсімдер	247 619	437 500	650 000
3	Алынған аванстар	-	-	*
4	Актив ретінде берілген шарттар бойынша жұмыс үшін тапсырыс берушілерден алынатын жалпы сома	97 619		*
5	Міндеттеме ретінде берілген шарттар бойынша жұмыс үшін тапсырыс берушілерге төленетін жалпы сома		12 500	*
6	сондай-ақ келесі ақпарат:	<u>2017 жыл</u>	<u>2018 жыл</u>	<u>2019 жыл</u>
7	Шарттар бойынша жасалған шығындар	200 000	350 000	505 000
8	Мойындалған залалдарды есептемегенде мойындалған түсімдер	47 619 247 619	87 500 437 500	145 000 650 000
9	Аралық шоттар	150 000	450 000	650 000
10	Тапсырыс берушілерден алынатын	97 619	-	*
11	Тапсырыс берушілерге төленетін	-	12 500	*

Өтелуі айқындалмаған шығындар олар туындаған кезеңдегі залал ретінде мойындалуы тиіс.

Қосылған құн салығын (ҚҚС) есепке алмағанда құрылысқа арналған шартты есепке алу мысалы.

«Анар» құрылыс ұйымы тұрғын үй кешенін салуға арналған шарт бойынша мердігер болып табылады. Құрылысқа арналған шартта келісілген кірістің жалпы сомасы ҚҚС есепке алмағанда 650 000 теңгені құрады, құрылыстың нақты өзіндік құны 505 000 теңгені құрады.

Салу мерзімі 3 жыл, орындаудың белгіленген мерзіміне сәйкес шарт 2013 жылы аяқталды.(2017-2019жж.)

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әділбекова А. «ХҚЕС бойынша бухгалтерлік есеп шоттарының жұмысжоспары» / Бухгалтер бюллетені - 2013-№3-20 бет
2. Құдайбергенов Н.А. Бухгалтерлік есеп принциптері [Мәтін]: Оқулық / Н.А.Құдайбергенов- Алматы: ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011- 255 бет
3. Амренова Б.Д. Бухгалтерлік есеп теориясы: дәрістер жинағы [Мәтін] / Б.Д.Амренова- Талдықорған: ЖМУ баспасы, 2012- 68 бет
4. Әбдішүкіров Р. Бухгалтерлік есеп. 2 кітап [Мәтін]: Практикум / 2017ж.

АНАЛИЗ И АУДИТ ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ ЗАТРАТ

Турсыбекова Р.К., Толегенова А.Д

В статье рассмотрены сущность и значение системы управленческого учета, ее бюджетного и организационного характера.

У пользователей информации об учетной записи также может быть много неопределенностей. В связи с этим, лучший способ гарантировать, что пользователи информации учетной записи надежно удовлетворены, - это постоянно изучать. Сюда входит эффективное распределение ресурсов, факторы, связанные с получением и расходованием доходов, какие затраты связаны с конкурентным процессом, формирование совместной рациональности и т. Д. вопросы, связанные с вопросами, должны быть полностью решены. Цель данной статьи - максимально изучить финансовое состояние организации, учет и аудит расходов организации, своевременность проведения проверок, их особенности и их влияние на деятельность и деятельность предприятия. Методологической основой исследования в статье являются положения и законодательство по бухгалтерскому учету, финансовому учету и аудиту организационных затрат, а также работы ученых, доцентов и профессоров по данной теме. Практическая значимость работы определяется прикладным характером исследования, направленного на обобщение данных финансового анализа, бухгалтерского учета и аудиторских услуг.

Ключевые слова: *финансовая отчетность, аудиторское заключение, бухгалтерский учет, экономическая информация, стоимость.*

ANALYSIS AND AUDIT OF PRODUCTION COSTS

Turysbekova R., Tolegenova A.

The article examines the essence and significance of the management accounting system, its budgetary and organizational nature.

Users of account information can also have many uncertainties. Because of this, the best way to ensure that users of account information are reliably satisfied is to constantly research. This includes the efficient allocation of resources, the factors associated with the receipt and expenditure of income, what costs are associated with the competitive process, the formation of joint rationality, etc. questions related to issues must be fully resolved. The purpose of this article is to study as much as possible the financial condition of the organization, the accounting and audit of the organization's expenses, the timeliness of inspections, their features and their impact on the activities and activities of the enterprise. The methodological basis of the research in the article is the provisions and legislation on accounting, financial accounting and audit of

organizational costs, as well as the work of scientists, associate professors and professors on this topic. The practical significance of the work is determined by the applied nature of the research aimed at summarizing the data of financial analysis, accounting and audit services.

Key words: *financial statements, auditor's report, accounting, economic information, cost.*

Мақалаңын редакцияға келіп түскен күні: 03.02.2021ж.

**ГУМАНИТАРЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАР**

**ГУМАНИТАРНЫЕ
НАУКИ**

HUMANITIES

ТҮРКІСТАН-СІБІР ТЕМІР ЖОЛЫН САЛУ КЕЗІНДЕГІ САНИТАРЛЫҚ-ЕМДЕУ ІСІНІҢ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ

Абдильдинова Л.Б.

Мақалада XX ғасырдың бірінші бесжылдығында Кеңес өкіметінің ең ірі жобаларының бірі болған Түркістан-Сібір темір жолының құрылысындағы санитарлық-емдеу іс-шаралар қатары қарастырылған. Себебі, Түрксіб тек Орта Азияның, Қазақстан мен Сібірдің ғана емес, сонымен бірге бүкіл КСРО-ның экономикалық дамуы үшін қажет болды, бірқатар маңызды экономикалық аймақтардың көлік байланыстарын жақсартты және тұтастай алғанда елдің ұлттық экономикалық міндеттерінің толық кешенін шешуге ықпал етті. Сонымен қатар, мақалада Түркістан-Сібір темір жолы санитарлық-емдеу іс-шаралары бойынша архив материалдары қарастырылып, ғылыми айналымға енгізілді.

Кілт сөздер: *Түрксіб, темір жол, кәсібилендіру, бірінші жартыжылдық, жұмысшылар, жергілікті халық*

Кіріспе. XX ғасырдың бірінші жартыжылдығындағы КСРО-дағы ең үлкен құрылыстардың біріне Түркістан-Сібір темір жолының құрылысы жатқызылады. Сонау, XIX ғасырдың 80-жылдары жоспарланып, тек 1927 жылы қолға алына бастаған темір жол құрылысының 90 жылдық тарихы. Түркістан-Сібір темір жолының құрылысы 1930 жылы салынып болып, Айнабұлақ станциясында түйіскен болады. Ал, 1931 жылы темір жол қолданысқа берілді,

Темір жол құрылысын салуда көптеген қиындықтар туындады, онымен қоса, өлкедегі жағдай да қиын кезеңдерді өткізіп жатты. Темір жолы құрылысын салуда Тұрар Рысқұлов пен Мұқамеджан Тынышбаевтың еңбегін де атап өту қажет. Біріншіден, Тұрар Рысқұлов темір жол құрылысының басы қасында болып, жергілікті халықты темір жол құрылысына тартып, олардың кәсіби мамандануын қамтамасыз етсе, екіншіден, Т.Рысқұловтың көмегімен М.Тынышбаев Түрксібтің басты инженерлерінің біріне айналып, жолды үнемдеп, тиімді ұсыныстар білдіріп, нәтижесінде темір жолы құрылысы уақытынан бұрын аяқталған болатын. Өкінішке орай, бұл екі азамат та Сталиннің сұрапыл саясатының құрсауына түсті.

Темір жол құрылысында тек жол салу ғана емес, сонымен қатар, темір жол құрылысындағы кәсіби мамандарды тарту, оларды баспанамен, тамақпен, дәрігерлік көмекпен де қамтамасыз ету қажет болды. Бұл істер бірнеше рет қарастырылған да болады. Тіптен, ұлтаралық шиеленістер де көрініс тапқан болатын. Себебі, жергілікті халық (қазақтар) кәсіби маманданбаған қызметкерлер болып есептелді, сондықтан да оларға айлық екі есе кем төленді. Еуропалықтардың (орыстар, украиндер, беларустар) жағдайы мүлдем бөлек болды.

Материалдар мен жұмыс әдістемесі. ҚР ОМА-нің Түркістан-Сібір темір жолы құрылысы және ондағы санитарлық-емдеу жұмысының жүргізілу барысы туралы мәліметтері талданып, ғылыми айналымға енгізіліп отыр. Жүргізілген зерттеу жұмысының барлығы Отан тарихы үшін маңызы зор, тың архив құжаттары болып табылады.

Нәтижелер және оларды талқылау. Сонымен, Түркістан-Сібір темір жолы құрылысындағы Денсаулық сақтау бөлімі 1927 жылдың екінші жартысында ұйымдастырылды. Оңтүстік бөлімнің Денсаулық сақтау бөлімі 1927 жылдың желтоқсан айында Ташкент темір жолынан: Фрунзе қаласынан 4 дәрігерден құрылған 1 амбулатория бөлімін қабылдайды; Алматы қаласынан 4 дәрігерден 1 амбулатория бөлімін, Ұзынағаш пен Ілеге Фрунзедегі сияқты 2 фельдшер пункті ауысады. Бірақ келген дәрігерлік

амбулаториялар толығымен жабдықталмаған болатын. Келтірілген дәрігерлік бөлімдер мен фельдшер пунтері бастапқыда жұмысшылар мен қызметкерлерді дәрігерлік көмекпен толығымен қамтамасыз ете алмады. Бастапқыда 100-120 жұмысшы, 200-300 қызметкерден ғана қызмет көрсетілді. Кейіннен жұмысшылардың саны 600 жетеді. Аталған амбулатория бөлімдерінен басқа, желтоқсан айында фельдшер амбулаториясы және сәуір айында Шоқпар мен Шуда 1 фельдшерлік амбулатория ашылады. 1928 жылғы құрылған 2 дәрігерлік амбулатория мен 2 фельдшерлік пункттерден 7760 адам қаралады. Сондай-ақ, Рыков станциясындағы аурухана-ларда 5-10 дейін төсегі бар денсаулық сақтау орындарын ашамыз деп уәде береді, бірақ 1928 жылға дейін ешқандай шара қолданылмады [3, 61 п.].

Аталған кемшіліктердің алдын алу үшін Денсаулық сақтау бөлімі Шу станциясында 25 төсектен тұратын аурухана ашуға, сондай-ақ, Луговой пен Шоқпар станциясының жұмысшыларына дәрігерлік көмек көрсету үшін Шуда дәрігерлік амбулаториялар мен тіс дәрігерлеріне кабинеттер ашуды ұйымдастырады [4, 61 п/ар.]. Тек Шу станциясында ғана емес, Алматыда да тура осылай дәрігерлік көмек көрсету орталықтарын ашу қолға алынады [5, 62 п.].

Жұмысшыларды санитарлық жағынан қамтамасыз ету шаралары кешеуілдейді, себебі, құрылыс жұмысы басталған уақытта қараша айында берілетін қаржы ақпанда бірақ беріледі, сондай-ақ, жұмысшылардың баспаналары және тағы басқаларына санитарлық қадағалаусыз жүргізіледі. 1928 жылы Денсаулық сақтау бөлімі Оңтүстік құрылыс бөліміндегі санитарлық жағдайды басынан аяқ бақылау үшін санитарлық дәрігер жібереді, ол құрылыс бөліміндегі баспана жағдайын, сумен, уақытылы азық-түлікпен қамтамасыз етілуін, жұмыс орындарындағы санитарлық тазалық, монша және киімдердің дезинфекциялау және жатын орындарының тазалығын қадағалайды [6, 62 п/ар.]. Санитарлық дәрігердің жұмыстарын жүзеге асыру үшін жылжымалы лабораториялық кабинет құрылуы керек және жақын арадағы лаборатория бөлімдерінде зерттеу жүргізіледі [7, 63-п.]. Аталған дәрігерлік көмектерді жүзеге асыру үшін Денсаулық сақтау бөліміне қаржы бөлінуі қажет болды. 1927 жылғы ХКК-нің қаулысы бойынша медицинаға тек 1% көмек көрсетілетіндігі айтылады. Денсаулық сақтау бөлімі осы қаулыдан кейін шарасыз жағдайда қалады. «Көмекке Түріксіб құрылысының басшысы Шатов Мәскеуге жіберілген тапсырысты алуға қол ұшын бермегенде, қазіргі күні сынық тегеште болмас еді», – деген Денсаулық сақтау бөлімінен баяндама түседі [9, 64 п.].

Айтылған қарардан кейін Оңтүстік құрылыс бөліміндегі емдік және санитарлық жүйені қалпына келтіру үшін Одақ қажетті амбулатория мен ауруханалардың ашылуына, сырқаттанғандарды тасымалдау, азық-түліктің жеуге жарамды жарамсыздығын, су мен санитарлық тазалық жағдайын қолға алу ұсынылады [10, 65 п.].

Құрылыс басындағы денсаулық басты мәселе болды. Осы жағдайдың алдын-алу үшін әкімшілік медициналық жабдықтарды жабдықтауға кіріседі. Түріксібтегі құрылыс жұмыстарының соңғы жылдарында Денсаулық сақтау бөлімі госпитальдардың санын 6-дан 12-ге дейін, ал жатын орындарын 320-дан 640 дейін көбейтеді. Сондай-ақ, Денсаулық сақтау бөлімі бюджетке 720979 рубль көлемінде көмек алады және оның негізгі қорын медициналық сақтандыру үшін жұмысшылардан алынған қаржы құрады. Түріксіб темір жолының құрылысы аяқталғанда басшылық құрылыс жұмыстарындағы медициналық бағдарламаны қаржыландыруды құпталып, оған 3,5 млн рубльге жуық қаржы бөлінеді [1, 310 б.].

1928 жылдың шілдесінде Денсаулық сақтау бөлімі 1,2 және 3-ші бөлімдерге тіс дәрігерлеріне арналған ВЧ-5 амбулаториялық кабинеттерін ашады, 4 және 5-ші бөлімдерде (Алматы) фельдшерлік пункт ашылады. 60 аптечкаға тапсырыс беріліп, олар бөлімдерге таратылған болатын [11, 94 п.].

1. Осы жылдың қазан айында Оңтүстік құрылыс бөлімінің 1 бөлімшесінде (Луговой) бір айдан астам уақыт дәрігер болмаған. 1500 жұмысшыға бір маманданған медицина қызметкерін жіберуін сұраған. Дәрігер кеткен уақыттан бастап емханада тазалық жоғалған.

Шаң-тозаң, ешкім бір-біріне бағынбайтын дәрежеге жеткен [2, 3 б.].

2. Еңбек нарығының шешімі бойынша Жетісу губерния-сының – Алма-Ата қаласындағы жұмыссыздардың саны 2852 құраған, Ұзынағашта 1700 адам, олардың ішінде азшылықты ауылды жерлерден келгендер құрды [12, 171 п.].

1930 жылы Түркісіб құрылысында 335 орны бар 9 аурухана, 37 кабинеті бар 17 әріпгерлік амбулатория, сондай-ақ, 19 фельдшерлік пунтер жұмыс істеді.

Барлық дәрігерлердің саны 51, фельдгерлер 46, аушеркалар 33, барлығы 401 адам қызмет етті. Оның 14-і (3,5%) қазақтар болды. Қазақ тілін меңгергендер 54 (13,5%) болды. Көрсеткіштер бойынша тағы да 11 дәрігер, оның ішінде 2 тіс дәрігері және 4 санитар дәрігер қажет болды.

Алайда, жұмыс істеп тұрған желінің және білікті персоналдың болмауы медициналық-санитариялық іс-шараларды қанағаттандыра алатындай дәрежеде болмады.

Темір жол құрылысын тежеген мәселердің бірі, хирургияны қоспағанда, қажет кезде маманданбаған адамдар көмек көрсетуге мәжбүр болған.

Бұл жағдай мен пәтерлердің жетіспеушілі, Денсаулық сақтау департаментінің (ары қарай ДСД) білікті мамандарды шақыруға мүмкіндік бермеді [13, 197 п.].

Осы жылы желіде медициналық-санитарлық мекемелер салу жоспары, бізде бар мәліметтер бойынша орындалуы мүмкін емес және бұл жағдай болашақта ДСД-ның желіні өрістетуге жұмысына теріс әсер етеді, өйткені бұл жұмысты қажетті мөлшерге дейін орналастыруға мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты дсп міндетіне таяу кезеңде негізінен жұмысшылардың жаппай жиналу пункттерінде, яғни ірі станцияларда желіні қанағаттандыру қажет болды. Арнайы көмек түрлері: физиотерапия, рентген, электрмен, жарықпен емдеу, құлақ, жұлдыру, мұрын, сонымен қатар бөлменің жеткізілмеу себептері бойынша.

Әрине, солай болған сияқты, өйткені саяси-құқықтық және рухани кеңістік жағынан Алтын Орда мен Шығыс Дешті Қыпшақтағы Ақ Орда тарихы ортақ болғандықтан оның этникалық бірлестігі де «өзбек» атауымен аталады. Соның өзінде Дешті Қыпшақтың негізгі ру-тайпасы қыпшақ атауы да өзбек атауымен қатар жүріп отырады. Оны біз араб деректерінен көруімізге болады. Мысалы, Ибн ал-Форат еңбегінде «Тоқтамыс хан «Солтүстік дала» елінің билеушісі, сондай-ақ Алтын Орда ханы Берке ханның тағын иеленуші» дейді, ал әл-Асади мынадай мәлімет береді «1394 жылы Дамаск қаласына Өзбек елінің билеушісі Тоқтамыс ханнан елшілер келген», Макризи болса «Алтын Орда мен Дешті Қыпшақ жерлерінде 833 жылы және одан кейінгі уақыттар да қатты құрғақшылықтар болды» деген деректер бар» [5, 364 б., 448 б., 442 б.].

Тарихта Тоқтамыс ханды бірде қыпшақ билеушісі, бірде өзбек билеушісі деп атайды. Яғни, бұндай жағдай Тоқтамыстың алғашқыда Шығыс Дешті Қыпшақтағы Ақ Орда тағына отырып, кейіннен Алтын Орда тағына отыруы себеп болуы керек. Оны біз ибн-Дукмақтың дерегінен көреміз, онда «786ж. (1384/1385). Өзбек елінің билеушісі Тоқтамыс ханның елшілері келді», «796 жылы (1393/1394) Дамаск қаласының сұлтанына Қыпшақ елінің ханы Тоқтамыстың елшілері келді», - дейді [6,329б.]. Ал Абулаббас Ахмед Шихабеддин әл-Мысри әл-Калкашанди болса, Тоқтамыс ханды «Өзбек елінің билеушісі» деп айтады [7, 414 б.].

Бұл туралы Б.Б. Кәрібаев былай дейді: «Әрбір араб авторларының шығармаларында Алтын Орданы «Солтүстіктегі дала елі», «Дешті мен Сарай жері», - деп атағанымен, ол жердің тұрғындарын қыпшақтар немесе өзбектер деп атап көрсетуі – өзбек атауының жиынтық саяси-этникалық мәннен таза этникалық мәнге ауысқанын және осы мәнде кең тарап кеткендігін көрсетеді» [4, 247 б.]. Осыдан барып қыпшақ және өзбек атауы бір-біріне синоним тәріздес болып, кезек-кезек қолданылып отырғанын көреміз.

Осыған қатысты зерттеушілер арасында нақты ортақ пікір жоқ. Оған себептер де жеткілікті болып келеді. Көріп отырғанымыздай, Алтын Орда және Дешті Қыпшақтың этноқауымдастығын араб авторлары қыпшақ немесе өзбек деп атаса, ал ирандық авторлар Жошы ұлысының сол қанаты Ақ Орданың халқын өзбектер деп атайды. Бұл деректердің бір-біріне қарама-қайшылықтарын тудырады.

Осыған байланысты Низам ад-Дин Шамидің атақты «Зафар-наме» шығармасында «XIV ғасырдың 70-жылдарында болған оқиғаларға қатысты Тоқтамыс пен Әмір Темір Сахибқыран әмірге Отырар мен Сауран аймағын береді. Біраз уақыттан соң өзбек Орыс ханның ұлы Қутлун-Бұқа көп әскер шығарып, Тоқтамыс ханмен соғыс жүргізеді» [6, 106 б.], - деп айтылады. Автор өз еңбегінде этникалық мәндегі өзбек атауын бірнеше рет қолданады. Нәтижесінде Ақ Орда тұрғындарын жалпылама өзбектер деп атап тұрғанын көреміз. Сонымен қатар Шығыс Дешті Қыпшақ аумағы тұрғындарын өзбектер деп аталғанын Абдаразак Самарқанди (1413-1482) да жазады: «1409-1410 жылдары Дешті Қыпшақ пен өзбек елінің билеушісі Болат ханның, Едіге әмірдің және Иса әмірдің елшілері Шахрухқа келеді» [6, 192 б.]. Самарқанди өз еңбегіндегі мәліметтерінде өзбек этникалық атауын көп қолданады. Нәтижесінде Ақ Орданың этноқауымдастығын толықтай өзбек деп атайды.

Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи-и Рашиди» еңбегінде: «Шорас (Чурас) және барин тайпаларының әмірлері болған Исан Тайшының баласы Амасанжы Тайшы қалмақ еліне кетеді. Ал калучи (қалушы) және бұлғашы (булгачи) тайпалары Өзбек ұлысына, яғни Әбілқайырдың қол астына кіреді» [8, 110 б.], - деп жазады. Осы жерде ол Шығыс Дешті Қыпшақ халқын Өзбекстан аумағында өмір сүрген деп айтады. Сондай-ақ, Ақ Орданың тікелей мұрагері Қазақ хандығы хижраның 930 (1533/1534) жылына дейін Өзбекстанның көп бөлігіне билік жүргізгенін айтады. Қазақ хандығында өзбек атауымен байланыстыру көп факторларға сәйкес келеді.

Этникалық үдерістер барысында алғашқыда қыпшақ, кейіннен өзбек атауы жүрсе, енді жаңадан құрылған Қазақ хандығының этникалық халқы «қазақтарға» өзбек атауын

телу жағдайды мүлде шиеленістіре түседі. Моңғол шапқыншылығы қазақ халқының құрылу үдерісін онсызда 150-200 жылға кешеуілдеткенін білеміз. Сондықтан, оны өзбек деген атаумен атау мүлде қате болған сияқты. XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басында Жошы ұрпақтарында түріктену професі жүріп, қазақы факторлар айқын көріне бастаған кезең болатын. Жошының ұлы Орда Еженнен тараған қазақтың хандары дербес мемлекет құруға бет алып, осы жолда аянбай күрес жүргізеді. Бүгінгі қазақ халқының тарихи этноаумағы, оның қазақ болып қалыптасуының ұзақ үдерісі Ақ Орда мемлекетінің арқасында жүрді.

Ақ Орданың аумағы уақыт өте келе ұлғая түсті, Орда Еженнің шөбересі Қонышаның тұсында Ақ Орда иелігіне Жент, Үзкент қалалары кіріп, Сырдарияның ортаңғы ағысына дейінгі аумақты алып жатты. Осыған байланысты кейіннен Ақ Орданың орталығы Сығанаққа ауыстырылып, Сығанақ қайта бой көтерді [2, 276 б.]. Ақ Орда мемлекеті өз заманындағы күш-қуаты мен салтанаты жарасқан мықты держава болғандығынын көреміз. Оның билеушілері ұстанған саясат пен жүргізген дипломатиялық қарым-қатынастарынан біз Ақ Орданың басқа мемлекеттермен салыстырған да әлдеқайда озық болғанын айта аламыз.

Шыңғыс хан бастаған моңғол шапқыншылығының Шығыс Дешті Қыпшақта жүріп жатқан этникалық үдерістерге тигізген зияны мен тартқызған зардабы ауыр болды. Онсыз тарихи күрделі үдерісті бұл оқиға кешеуілдеткен еді. Дегенмен, қазақтар ақыры ұлт, ел болып қалыптаса алды. Шығыс Дешті Қыпшақ территориясындағы Ақ Орданың этникалық тобын жергілікті түркі тілдес қыпшақтар құрады. Бүгінгі күннің өзінде қыпшақ руы қазақ халқының негізгі орта жүзінің құрамына кіреді. Нәтижесінде жергілікті жұрт арқылы моңғалдарға айналу процесінің орынына түркілену үдерісі жүрген болатын.

Бұл бүкіл Дешті Қыпшақтың этникалық бірлігін сақтап, кейінгі кезеңдерге жеткізді. Ал осының барысында түркі ру-тайпалары Шығыс Дешті Қыпшақта өзінің дербестігін нығайта түскен еді. Кезінде әл-Омари XIII ғасырдағы Дешті Қыпшақтағы этникалық үдерістер туралы былай деп жазады: «Бұрын бұл қыпшақ елі болатын, кейіннен татарлар (моңғолдар) оны жаулап алып өздеріне бағындырады. Уақыт өте келе моңғолдар жергілікті халықпен етене тығыз араласып, өздерінің қалай қыпшақ болып кеткенін білмей қалады» [5, 235 б.]. Сонымен, моңғолдардың қыпшақтарға айналу үдерісі XIV ғасырдың ортасында аяқталған деген қорытынды жасауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – 2-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 640 б.
2. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең): монографиялық зерттеу. – Алматы: Адамар ЖШС, 2007. – 432 б.
3. Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің мемлекеттілігі: қағанаттар, ұлыстар мен хандық баяны: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 192 б.
4. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: Сардар, 2014. 520 б.
5. Тизенгаузена И.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из сочинений арабских. – Т. I. – СПб., 1884. – 563 с.
6. Из летописи Ибн Дукмака // СМИЗО. – Т. I. – С. 315-330.
7. Из сочинения Аль Калкашанди // СМИЗО. – Т. I. – С. 395-416.
8. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. (Хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. – 616 б.

ЭТНИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ НА ТЕРРИТОРИИ ГОСУДАРСТВА АК ОРДА В XIV-XV ВЕКАХ

Буланов Е.О. Турсынова А.С.

В статье рассматривается проблема этнических процессов, происходивших на территории Казахстана после монгольского нашествия в государстве Ак Орда, созданном на основе местных племен. Известно, что эти земли до монгольского завоевания входили в состав кипчакского объединения. Несмотря на то, что после монгольского завоевания этнический процесс на некоторое время прекратился и был завершён во время правления Ак Орды XIV-XV вв. То есть, на территории Казахстана, начиная с эпохи поздней бронзы, происходили переходы этнических процессов в народную форму.

Ключевые слова: Ак-Орда, этника, Восточный Дешти Кипчак, факт, история, государство, политика, власть.

ETHNIC PROCESSES IN THE TERRITORY OF THE STATE OF AK ORDA IN XIV-XV CENTURIES

Bulanov E.O. Tursynova A.S.

The article deals with the problem of ethnic processes that took place on the territory of Kazakhstan after the Mongol invasion in the state of Ak Orda, created on the basis of local tribes. It is known that these lands were part of the Kipchak union before the Mongol conquest. Despite the fact that after the Mongol conquest, the ethnic process stopped for a while, with the time of the XIV-XV centuries. During the reign of the white Horde, this process has been completed. That is, on the territory of Kazakhstan, since the late Bronze Age, there were transitions of ethnic processes in the folk form.

Key words: Ak-Orda, ethnika, Eastern Deshti Kipchak, fact, history, state, politics, power.

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 11.01.2021ж.

ӘОЖ 94 (574)

«ТӘУЕЛСІЗ ТҮТАС ТҮРКІСТАН» ИДЕЯСЫ: ТАНЫМ МЕН ТҮСІНІК

Буланов Е.О. Замзина К.К.

Түркі-табғаш (қытай) қатынастары барысында дүниеге келген «Тұтас Түркі елі идеясы» өзінің өміршеңдігін көрсетті. Ресейдің отарлық саясатына байланысты бұл идея XX ғасырдың басында М. Шоқайдың бастауымен «Тәуелсіз Тұтас Түркістан» идеясы деген атаумен іс жүзінде жүзеге асыруға талпыныс жасалды. Мақалада осы мәселелер қарастырылып, бұл идеяның бүгінгі кезеңдегі Тәуелсіз Қазақстан үшін алар маңызы ашып көрсетіледі.

Тірек сөздер: Түркі, табғаш, идеология, Тұран, Түркістан, Орхон, Енисей, Білге, Күлтегін, Тоныкөк

Еліміз егемендігін алып, тәуелсіздігін жариялағанына 30 жылдай уақыт өтсе де мемлекетіміздің даму жолында алдына қойған бағыт-бағдары әртарапты. Яғни, елімізді ұлттық мемлекет ретінде алға жетелеп, өркениетті елдер қатарына қосатын идея, идеология жоқ. Не билік тарапынан, не ұлттық интелгенция тарапынан ұлттық мемлекетімізге тән идеология қалыптастыруға ұмтылыс байқалмайды немесе қалыптастыруға құлықсыз.

Жетпіс жыл бойы күшпен, қуғын-сүргінмен санамызға сіңірілген коммунистік идеология һәм социалистік идеология біздің ұлтымызға, яғни қазақ халқына жат екенін тарихтың, уақыттың өзі дәлелдеп берді. Ал тәуелсіздік алғаннан кейінгі қалыптасқан нарықтық идеология жақсылыққа апармайды, ол идеялық вакуум тудыруы мүмкін немесе рухани құндылықтың орнына материалдықты құрдылықтың арта түсуіне алып еледі. Яғни, батыстық мәдениетке бой алдыруымыз мүмкін. Сондықтан, қоғамымызды біріктіретін, жақындастыратын, тұрақтандыратын күш ретінде ұлттық құндылықтармен қаруланған жаңа идея, идеология қажет. Бүгінгі күні ұлттық, тәуелсіз, ешкімге жалтақтамайтын, ешкімге еліктемейтін идеологиясыз елімізді өркениетті, дамыған мемлекеттер қатарына қосу мүмкін емес. Біздің ойымызша ол идеология – ана тіліміз бен төл тарихымыз. Осы аталған екі құндылық – қазақ халқын жарқын болашаққа апарары анық әрі айқын.

Болашаққа дұрыс қадам жасау үшін, тарихтан сабақ алу керек. Мұндай тағылымды біз Түрік қағанатының ұлы тарихи тұлғаларының өмірі мен олардың жасаған қызметтерінен және Орхон-Енисей ескерткіштерінде көрініс тапқан, түркі халықтарын ауыз біршілікке, сыртқы жауға қарсы ұйымдасқан күреске, ата-баба жолын берік ұстауға шақыратын «Тұтас Түркі елі» («Тұтас Түркістан») идеясынан айқын көреміз. Олар Шығыс Түрік қағанаттарында билік құрып, есімдері әлемге әйгілі, бүгінгі ұрпаққа үлгі болып отырған Бумын, Мұқан, Істеми, Білге қағандар, қолбасшы Күлтегін мен данышпан Тоныкөк сынды тарихи тұлғалар еді.

Қазақ тарихындағы мемлекеттілік үрдісін үйсін, қаңлы мемлекеттерінен кейін Түрік, Батыс және Шығыс Түрік, Түркеш қағанаттары, Қарлұқ, Қарахан, Оғыз, Кимек, Қыпшақ хандықтары жалғастырды. Аталған мемлекеттер қазіргі Қазақ даласы және онымен қанаттас жатқан өлкелерде салтанат құрды. Барлығының мемлекеттік құрылымы, мемлекет басқару жүйесі, этномәдениеті мен салт-дәстүрі, шаруашылығы бір-біріне аса ұқсас болды. Ежелгі түркілердің мемлекеттік біртұтас үрдісі қазірге дейін үзілмей жалғасып келеді.

Орталық Азия тарихында өшпестей із қалдырған түркі-қытай, түркі-парсы, түркі-араб, түркі-моңғол, түркі-жоңғар соғыстары – «Тұтас Түркі елі» идеясының өміршеңдік сипатын нығайта түспесе, әлсіреткен жоқ. Тіпті әр кезеңде шындалып, жаңа сапалы түрде күн тәртібіне шығып отырды. Мәселен, ХХ ғасырдың басында қазақ ұлты үшін отарлық қамыттың бұғауын терең киген сын сағатта ата-бабаларымыз қалыптастырған «Тұтас Түркі елі» идеясы қайтадан жанданды. Әсіресе, Ресейдегі 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін қалыптасқан жағдай, сол кезеңдегі ұлт зиялыларының алдында сын сағаты туғандығын көрсетті. Ұлт қамын жеген зиялылар ұлтты құтқару, даму жолдарын іздеп, түрлі ұлттық идеяларды көтере білді. Сол ұлттық идеялардың бірі М. Шоқай басында тұрған «Тәуелсіз Тұтас Түркістан» немесе «Түркшілдік» идеясы еді. Бұл идея аспаннан алынған идея емес, Түркістанның тарихи, саяси, мәдени, экономикалық, этникалық тұтастығына негізделген идея еді.

М. Шоқай өмірбойы тұтастығын қалап, сол үшін күресіп өткен Түркістан бүгінде дербес, тәуелсіз мемлекеттерден құралады. Осы мемлекеттер өмірінде болып өткен өзгерістер кезінде М. Шоқай осыдан 80 жыл бұрын жасаған тұжырымға біраз өзгерістер енгізуге негіз болары анық. Бұл – табиғи нәрсе. Сонымен бірге, М. Шоқайдың көтерген идеясында әлі де өзектілігін жоғалтпаған тұжырымдардың, оның идеологиялық қызметінің үлгі боларлық тұстарының бар екендігін ешкім жоққа шығармас.

Мақалада ХХ ғасырдың басында М. Шоқай іс жүзінде жүзеге асыруға тырысқан «Тәуелсіз Тұтас Түркістан» немесе «Түркшілдік» идеясының қайнар бастауы мен эволюциялық даму жолына тоқталу мақсат етілді.

Парсы тіліндегі «Түркістан» сөзі «Түрк елі» деген ұғымды білдіреді. Түркілер еліне бұл атты берген сасанидтер династиясы (III-ҮІІ ғғ.) тұсындағы ирандықтар. Түркі елінің территориясының көлемі түркі жұртының қоныстануына және түрлі саяси жағдайларға байланысты өзгеріп отырған, ал бүгінгі аумағына шамамен Х ғасырдың бастапқы кезеңіне қарай жеткен. Батысында Орал тауының Оңтүстік беткейі, Жайық өзені, Еділдің (Волга)

теңізге құяр сағасы, Каспий теңізі, солтүстігінде Ертіс өзені, шығысында Шығыс Түркістанның шығыс шеті, оңтүстігінде Хорасан және Копетдаг таулары аралығын қамтиды.

Әлемдік әдебиетте соңғы жылдарға шейін Түркістанды негізінен екіге бөліп «Шығыс Түркістан» және «Батыстан Түркістан» деп атайды. Шығыс Түркістан Қытай мемлекетінің құрамына (XVIII ғ. орта тұсында күшпен қосылғаннан кейін кезеңде оны шетелдіктер «Қытайлық Түркістан», ал Қытай деректері «Синьцзян» (жаңа жер, жаңа территория) деп атай бастайды. Ал батыс Түркістан XVIII-XIX ғасырдың екінші жартысы аралығында Ресей империясының құрамына енді. Оны әдебиетте «Орыстық Түркістан» деп атайды. Шығыс Түркістанның жер көлемі – 1503565, ал Батыс Түркістанның жер көлемі – 3836503 шаршы шақырым, екеуін қосқанда 5340066 шаршы шақырым [1, 7 б.]. Бұл аталғандардан басқа «Ауғандық Түркістан» және «Ирандық Түркістан» деген атаулар бар. Мысалы тарихшы-ғалым М. Қойгелдиев А.З. Валиди Тоғанға сүйеніп, «Ирандық Түркістан» деп Астрабад және Дерезиз деген ауданды атайды [1, 8 б.].

«Түркі елі», «Түркістан», «Тұтас Түркістан» біз үшін ұғым, идея. Ендеше ол қашан, неге байланысты пайда болды? Біздің түсінігімізше, оның өмірге келуі түркі тайпаларының көрші мемлекеттермен және өзара қырғи-қабақ соғыс барысында өздерінің ортақ этникалық мүдделерін бірігіп қорғау қажеттілігін ұғынуына, қоғамдық дамуда сондай деңгейге көтерілуіне байланысты болды. Бұл процесс бізге деректерден белгілі хунн (ғұн), үйсін және қаңлы дәуірлерінде-ақ жүріп жатты, ал тұтас бір концепция, көзқарас түрінде біржола қалыптасуы VI-VIII ғасырларға, яғни жеке тайпалық емес, жалпытүркілік мүдде негізінде өмірге келген алғашқы түркі мемлекетінің құрылуы кезеңіне тұс келеді.

Тарихшы Л.Н.Гумилевтің Түркі қағанаты мен Тан династиясы арасындағы тартысты тек мемлекет аралық қақтығыс ретінде ғана емес, сондай-ақ түрлі мәдениеттер, дүниетанымдар, көзқарастар арасындағы қақтығыс ретінде қарау туралы тұжырымы ерекше мән беруге лайық [2, 339 б.] «Қағанаттың ресми идеологиясы: қытай мәдениетін мойындамау және көршілерінен өздерінің артықтығын ұғыну сияқты екі принципке сүйенеді [2, 338 б.], - деп жазды ол «Көне түріктер» атты монографиясында. Түркі қағанаты жайлы өте құнды дерек болып саналатын Орхон жазу ескерткішін зерттеп, жан-жақты талдай келе Л.Н. Гумилев - «Үш жазудың үшеуі де (автор бұл жерде «Күлтегін», «Тоныкөк», «Елетміш» жазулары жайында айтып отыр) түрік қоғамының қалың бұқарасына арналған үндеу іспетті. Және де бұл үндеулердің мақсаты ешнәрсемен бүркеленбеген: халықтың көзін ашып, тәуелсіздікке жеткізгісі келеді. Демек, жазулар – үгіттеу, яғни оларда тарихи материал іріктеліп келтіріледі» [2, 332 б.], - деп көрсетті. Көне түркі жазуларын зерттеуші Н. Келімбетовтің пікірі бойынша - «жырдың (көне түркі жазу ескерткіштері өлең жолдарымен жазылғандығы дәлелденіп отыр) басты идеясы түркі халқын ауыз бірлікке, сыртқы жауға қарсы ұйымдасқан күреске, ата-баба жолын берік ұстауға шақыру болып табылады [3, 55 б.]. Демек, көне түркі жазулары идеологиялық негізде жазылған, бір идеяны мақсат етеді, ол «Тұтас Түркі елі» идеясы деп ой қорытамыз.

Сонымен, «Түркі елі» немесе «Тұтас Түркі елі» идеясының өмірге келу мезгілі түркі халықтарының тарихи сахнасына шығып, өзін қоршаған түрлі этникалық, мемлекеттік құрылымдармен қатынасқа түсе бастаған біздің эрамызға дейінгі мыңжылдықтың соңы және біздің эрамыздың алғашқы жүз жылдықтарына тұс келеді. Ал оның өмірге келіп түрлі електен өтіп, әлеуметтік-саяси және рухани фактор есебінде халықаралық қатынаста біржола орнығуы Тұран-Қытай, Тұран-Иран, Тұран-Элиндер әлемі, Тұран-Араб халифаты, Тұран-Моңғол, Тұран-Жоңғар, Тұран-Ресей сияқты өзара сабақтас қатынастар ағымында түркі халықтарының өздерінің ортақ тарихи мүддесін ұғынып, сол үшін саналы да мақсатты түрде күрес жүргізуімен тікелей байланысты. Орталық Азия тарихында өшпестей із қалдырған түркі-қытай, түркі-парсы, түркі-араб, түркі-моңғол, түркі-жоңғар соғыстары «Тұтас Түркістан» идеясының өміршеңдік сипатын нығайта түспесе, әлсіреткен емес. Ал Ресей империясы Түркістанға біржола және жедел орнығып алмайынша Англия және Қытай сияқты бақталастармен күресте тарихи ұтылысқа ұшырайтындығын жақсы

түсінді, қазір де солай. Сондықтан XX ғасырдың басында М. Шоқай Ресей империясына қарсы нақ сол «Тұтас Түркістан идеясын» іс жүзінде асыруға талпыныс жасады.

Танымал тарихшы М.Қойгелдиевтің сөзімен айтқанда, «Тұтас Түркістан» идеясы түркі халытарымен бірге өмірге келіп, заманалар кезінен өтіп, олар үшін түрлі ауыр тарихи кезеңдерде қорғаныс иммунитеті міндетін атқарған аса маңызды фактор болып келді [1,256]

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында өзінің басқару жүйесін Орталық Азияға жая бастаған Ресей отаршылары татар, башқұрт және ноғай елдерін бағындыруда қолданған әдіс-айласын енді жаңа елдерді бағындыруға да қолдана бастады. Негізгі тіршілік көзі – атамекен жерден, ата салт-дәстүрден, мәдениеттен айырылу қаупі енді осы елдерге де төнді. Міне, осындай жағдайда Ресей отаршылдығы сияқты мемлекеттік деңгейде ұйымдасқан дүлей күшке қарсы тұра алу үшін соған деңгейлес ұйымдасқан материалдық және рухани күш қажет еді. Ондай күшті бәрі бірдей Ресей империализмнің тәуелділігіндегі түркі халықтарын тұтас бір майданға біріктіру арқылы қалыптастыру мүмкін еді. Түрікшілдік және исламшылдық, міне, осы орыс отаршылдығына қарсы күрес арасында өмірге келді. Ресей империализмі тарапынан «шовинизммен» баламаланып, теріс суреттеліп келгендей емес, негізінен, «пантуранизм», «пантуркизм», «панисламизм» түркі халықтары ұлт-азаттық қозғалысының қорғаныс идеологиясы болатын.

XX ғасыр басында «Тәуелсіз Тұтас Түркістан» идеясын көтеріп және оны іс жүзіне асыру үшін белсенді түрде күрес жүргізген түркі халықтары ұлт-азаттық қозғалысының басшылары Ресей империясы тарапынан тағылған айыпқа қарсы шығып, идеяның мәнін түсіндіруге ұмтылды.

«Орыстардың үстемдігіне қарсы күресіп, өз халқын, атамекенін орыстармен бірдей деңгейге көтеру үшін ұмтылып отырған түркістандықтарды шовинизммен айыптаудың қисыны бола қояр ма екен? Әрине, болмайды, - дейді М. Шоқай, - Атамекеніміздің ұлттық құқығы жолында жүргізіліп жатқан күресіміз тіпті кейде «демократияның шекарасын» аттап кеткен күннің өзінде ешкім бізді шовинизммен айыптауға қақысы жоқ» [4, 64 б.]. Бұл пікір дұрыс әрі орынды айтылған.

Т.Рысқұлов түрік халықтары коммунистерінің II Жалпыроссиялық кеңесінде сөйлеген сөзінде түрік тілдес халықтардың табиғи жақындасуына жол бермеу мақсатында әдейі сорақы етіп уағыздалынып отырылған «пантүрікшілдік» идеясының түрік тілдес халықтар үшін орасан зор пайдасы бар екенін атап көрсеткен еді. «Менің пантүрікшілдік мәселесіне тоқталып өткім келіп тұр, - дейді Т.Рысқұлов. Көптеген адамдардың оны панисламшылдықпен, діни бірлестіктермен салыстырғысы келетіндерімен де сонда да бұл мәселесінің біз үшін (түрік тілдес халықтар үшін) орасан зор маңызы бар екенін айтуымыз керек. Европалық империалистер суреттегендей пантүрікшілдік өмірде болған емес, оның басқа түрі бар. Пантүрікшілдік ескі көзқарас тұрғысынан қарастырудың қажеті жоқ» [5, 278 б.].

Ұлт азаттығы жолындағы түркі тілдес халықтардың бірігуі, немесе «пантуркизмнің», Мірсаид Сұлтан-Ғаниевтің пікірінше, «әлемде бұл процестің одан әрі тереңдей түсуін тоқтата алатын күш жоқ, өйткені өзінің ішкі мазмұны жағынан бұл процесс өте прогрессивті және революцияшыл қозғалыс болып табылады. Оны сәл соза түсуге, кедергілер қойып «тоқтата» тұруға болар, бірақ біржола тоқтатып тастау немесе жойып жіберу мүмкін емес [6].

Патшалық биліктің құлауы, оның артын ала 1917 жылдың соңында орнаған кеңестік билік, оның отаршылдық мазмұндағы алғашқы аяқ алысы, нақ осы тарихи кезеңдегі «түрікшілдік» идеясының көрінісіне тән мынадай ерекшеліктерін атап айтқан жөн.

XX ғасырдың басы жеке түркі халықтарының өздерінің дербес ұлттық мемлекетін құруға ұмтылушылығымен сипатталады. «Алашорда» мен «Еркін Башқортостан» соның көрінісі болатын. Жеке түркі халықтарының дербес мемлекеттікке ұмтылуы олардың бірнеше ғасырлық жетілуінің һәм дамуының нәтижесі болатын, сондықтан да оны табиғи құбылыс есебінде қабылдауға толық құқылы.

Сонымен бірге бұл процесс «Түрікшілдік» идеясының жаңа сапада қайта жаңғыруына кедергі болған жоқ. XX ғасырдың алғашқы ширегінде, бұл идея, біріншіден, түркі зиялыларының екі буынының (патшалық билік тұсында қалыптасқан және кеңестік билікке тартылған зиялылардың) бірдей қызметіне арқау болса, екіншіден, сол бұрынғыдай кең географиялық ауқымда көрініп, яғни батысында Еділ мен Жайықтан бастап, шығысында қазақ даласы мен Қырғыз Алатауы аралығындағы түркі жұрттарын түгел қамтыды. Бұл жолғы аталған идеяның, азаттық қозғалысының идеологиялық тұрғыда тууына негіз болған орыстың әділетсіз отаршылдық билігі еді.

Түркістандық ұлттық зиялы М. Шоқай осы бір тарихи кезеңде, тарих тезінде өмірге келіп, заманнан заманға, ұрпақтан ұрпаққа ұласып отырған «Тұтас Түркістан» идеясының тағдыр тартқан жаңа күрделі дәуірдегі жалғастырушысы болды. «Түркістан» ұғымының тарихи шындық және өмірлік сұраныстан туған қажеттілік екендігінің жалынды насихаттаушысы ғана емес, сонымен бірге бұл идеяға өмірін арнаған ұлы күрескер дәрежесіне көтерілді.

Көне Түркістан тарих көшінде әлденеше рет басынан өткерген өзара өзектес сәттердің бірін, яғни белгілі бір кезеңде пайда болып енді ыдырап, тарих сахнасынан кеткен жай жұрттық империяның құрығынан құтылар жағдайды тағы да басынан кешіріп отыр. Мұдай тарихи жағдайда туатын табиғи көп сауалдардың бірі Түркістанның ендігі тағдыры қандай болмақ? Көп бұтақты түркі жұрты қайткенде тәуелсіздігі мен өзге елдермен теңдігін сақтай отырып, әлемдік өркениет жолына түспек? XX ғасырдың басмында осындай сауалдарға жауап іздеп, Түркістан халықтары үшін аса маңызды болуға тиіс тұжырымдар жасаған оның адал перзенттерінің бірі М. Шоқай еді.

Қайраткердің «Тәуелсіз Тұтас Түркістан» идеясы, зор шығармашылық таланты мен ұстанған позициясы арқылы өз редакторлығымен Батыс әлемнің ірі орталықтары Париж бен Берлинде шығарып тұрған «Яш Түркістан» (1929-1939) журналында жарияланған еңбектері арқылы жарқырап, жан-жақты әрі толық көрініс тапты.

««Яш Түркістанды» біз түрлі партиялар мен топтардан аулақ ұстап, Түркістанның ұлттық мұраттары жолындағы қызметтерге ғана жектік... «Яш Түркістанды» бұдан соң да атамекенімізді азат ету жолындағы ұлттық күрес жолынан тайдырмауға барымызды салып тырысатын боламыз...», - деп жазды М. Шоқай [7, 77 б.].

Журналдың «Яш Түркістан» атануы, әрине, тектен тек емес-тін. Басылым Мұстафа Шоқай мен оның серіктерінің «Азат және тұтас Түркістан» позициясында тұрғандығын және осы мұраттар үшін күрес жүргізетіндігін білдіруге тиіс еді. Еді біз бұл мәселелерге бүгінгі, яғни XX ғасырдың соңындағы биіктіктен емес, Мұстафа Шоқайұлы белсенді саяси қызметте болған 20-жылдардың тұрғысынан көз салар болсақ, әрине, «Тұтас Түркістан» идеясының толық негізді, аса маңызды болғандығын аңғарамыз. Мәселен, 1924-1925 жылдары іске асырған Орта Азия республикаларын территориялық-әкімшілік межелеуге дейін олардың біртұтас кеңестік Түркістан республикасы құрамында болып келгендігі мәлім. Ал оған дейін патшалық Россия тұсында бұл өлке Түркістан генерал-губернаторлығының құрамында болды. Территориялық-әкімшілік тұрғыдан оған Қазақстанның қазіргі Қызылорда, Шымкент, Жамбыл және Алматы (бұрынғы Талдықорған облысын қоса алғанда) облыстары да енді.

Мұстафа Шоқай орталық Азия кеңістігінде ұлттық территориялық межелеу негізінде бірнеше кеңестік республикамыздың өмірге келуін құптаған жоқ. Ол большевиктер бұл өлкеде «бөліп тастап, билей бер!» саясатын ұстанып отыр деп түсінеді. Ал пайда болған республикаларды «ұлттық» емес, «ұлыстық» республикалар ретінде қабылдап: «Большевиктер түркістандықтардан ұлыстық өмірден ұлттық мемлекет құруға қарай жылжуына барынша кедергі жасайды. Біз бұл арада Тұрар Рысқұлов басшылығында Түркістан коммунистерінің әрекеттерін, яғни олардың Түркістанда тәуелсіз мемлекет құруға қарай жасаған ұмтылыстарын оқырмандардың есіне сала кетуді жөн көріп отырмыз. 1919 жылғы партия конференциясында Түркістан коммунистері Мәскеудің «ұлттық

шекараға» деген сұмпайы саясатынан бұрын тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру идеясын көтерген еді» [4, 159-160 бб.], - деп жазды.

«Кеңестік Орта Азия федерациясынан Түркістан ұлттық тәуелсіз мемлекетіне» деп аталатын мақаласында М. Шоқайұлы жеке кеңестік республикалардан ортаазиялық республикалардың федерациялық одағын жоғары қоя отырып, соңында мынадай қортынды жасайды: «Біздің мұратымыз «бөлінбейтін біртұтас Түркістан». Біз келешекте Түркістанымызды бөлінбес біртұтас ұлттық мемлекет түрінде көргіміз келеді» [4, 157-161 бб.].

Әрине, М. Шоқайұлының бұл пікірді білдіргеннен бергі уақытта сексен жылға жуық мерзім өтіпті. Содан бергі кезеңде бұрынғы кеңестік республикалар – қазіргі дербес, тәуелсіз мемлекеттер өмірінде болып өткен өзгерістер кезінде Шоқайұлы жасаған тұжырымдарға біраз өзгерістер енгізуге негіз болары анық. Бұл – табиғи нәрсе. Сонымен бірге Шоқай білдірген пікірде, тұжырымда хәм оның ұстанымында әлі де (мүмкін еш уақытта да) өзектілігін жоғалтпаған тұжырымдардың бар екендігін ешкім жоққа шығара қоймас.

Уақыттың өзі көрсетіп бергендей, Түркістандағы социалистік құрылыс оның қазақ және басқа түркі халықтарына саяси тәуелсіздік пен әлеуметтік-экономикалық гүлденуді қамтамасыз ете алған жоқ. Кеңестер Одағының ыдырауы, социалистік практиканың тарихи жеңіліске ұшырауы соның айғағы. Олай болса біздің бүгін Мұстафа Шоқай мен оның серіктері өз өмірлерін арнаған мемлекеттік тәуелсіздіктен бас тартуға ешқандай да құқығымыз жоқ және оны бағалай білуге міндеттіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қойгелдиев М. Тұтас Түркістан идеясы және М.Шоқайұлы. Алматы, 1997. 187 б.
2. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы, 1994. – 339 б.
3. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 22-61 бб.
4. Шоқай М. Тандамалы. – 1-том. – Алматы, 1998. – 341 б.
5. Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси, мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. – Алматы, 1994. – 16-24 бб.
6. Агзамходжаев С. Туркистон мухторияти: Борьба за независимость. Дисс.д.и.н. Автореферат. – Ташкент, 1996. – С. 24-26.
7. Мұстафа Шоқай. Тандамалы. – 2-том. – Алматы, 1999. – 394 б.

ИДЕЯ «НЕЗАВИСИМОГО ЕДИНОГО ТУРКЕСТАНА»: ОСМЫСЛЕНИЕ И ПОНИМАНИЕ

Буланов Е.О. Замзина К.К.

Рожденная в период тюрко-табгашских (китайских) отношений идея «Единого Независимого Туркестана» доказала свою жизнеспособность. В начале XX века, в период колонизаторской политики царской России, была предпринята попытка претворения в жизнь идеи «Единого Независимого Туркестана» во главе с Мустафой Шокаевым. В статье рассматриваются данные вопросы и раскрывается значение этой идеи для современного независимого Казахстана

Ключевые слова: *Тюрки, табгаш, идеология, Туран, Туркистан, Орхон, Енисей, Билге, Култегин, Тоньюкук.*

THE IDEA OF "INDEPENDENT UNITED TURKESTAN": COGNITION AND UNDERSTANDING

Bulanov E.O. Zamzina K.K.

The "idea of a whole Turkic country", born in the course of Turkic-Tabash (Chinese) relations, has shown its viability. At the beginning of the twentieth century, an attempt was made

to implement the idea of a "Single Independent Turkestan" led by Mustafa Shokaev during the colonization policy of Imperial Russia. The article deals with these issues and reveals the significance of this idea for modern independent Kazakhstan.

Key words: *Turks, Tabgachi, ideology, Turan, Turkestan, Orkhon, Yenisei, Bilge, Kultegin, Tonyukuk.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 20.01.2021ж.

UDC 541.124

FORMATION OF ABBREVIATIONS AND SHORTENING IN MODERN ENGLISH SOCIAL NETS (GLOSSARY OF TERMS)

Zhumagali K., Nurakhmetova I.M.

This article discusses the development of the World Wide Web in modern society and the emerging trends in the frequent use of abbreviations and abbreviations. The increase in the number of abbreviations is due to the need to quickly, briefly and concisely express your thoughts to the interlocutor, which leads to the transfer of complex words and phrases in an abbreviated form. This creates a large number of new abbreviations that need to be deciphered and explained. Abbreviations play an important role in Internet communication, as they facilitate the communication process. This study analyzes the features of the use of abbreviations in modern virtual communication on the example of social networks among Internet users.

Key words: *abbreviation, language, structure, internet, internet communication, virtual communication.*

Currently, abbreviation has become one of the characteristic features of the modern language, since abbreviated lexical units are widely used in both oral and written speech. Abbreviations occupy a central place in the system of many languages, as a result of which representatives of linguistic communities fully use them in modern life. This group of words is unique, because abbreviations appeared in the language not as a result of historical development, but were artificially created by man to achieve certain communicative goals.

It is known that in a modern developing society, new objects and phenomena constantly appear, and in language, simultaneously with this process, new concepts arise, which are often expressed in detailed, complex combinations. Many of the new phrases are inconvenient for repeated, constant use. Since the language strives for economy and accuracy in expression, the language has developed and still uses such a way of forming words as abbreviation. In abbreviations, information is transmitted a smaller number of characters, so the "capacity" of each character is greater than in the corresponding source units.

As a result of the theoretical analysis, the following conclusions can be drawn. The main reasons for the appearance of abbreviations in modern languages are extralinguistic factors (wars, revolutions, progress of science and technology, development of material and spiritual spheres of activity), intra-linguistic factors (context, community language skills of speakers, language habit, the need for new words), the law of saving speech resources.

Abbreviations classifications are also numerous. This is explained by different approaches of the authors when choosing a particular classification criterion: quantitative, phonetic, morphological, pragmatic, stylistic, chronological, and usage criteria. The main functions of abbreviation and shortenings are: nominative and informative functions, the function of economical expression of thought and elimination of information redundancy, deictic function, expressive function. Currently, abbreviation has become one of the most productive ways of word formation, which has become widespread distribution in the modern press.

One of the main reasons for the appearance of abbreviations is the principle of saving speech resources, which is widely used on the pages of periodicals. Thus, abbreviation as one of the active ways of word formation is currently a complex phenomenon that reflects the main functions of the language: informativeness and emotional impact on the reader. Abbreviations and shortenings allow, on the one hand, to convey a large amount of information within a single publication, on the other hand, are an expressive language tool, a means of artistic expressiveness, language play.

This list of abbreviations can be found everywhere and, for sure, you are well familiar with most of them visually, but pay attention to their correct translation and use.

V.I.P. (very important person) – очень важная персона;

P.S. (от лат. «post scriptum») – после написанного ;

A.D. (от лат. «Anno Domini») – наша эра;

ASAP (as soon as possible) – как можно скорее;

UNO (United Nations Organization) – ООН;

UNESCO (United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization)- ЮНЕСКО;

a.m. (ante meridiem, in the morning) – утром;

p.m. (post meridiem, in the afternoon) – вечером;

i.e. (id est, that is) – это означает;

e.g. (exempli gratia, for example) – например;

u (you) – ты;

etc. (от лат. et cetera) – и так далее;

2G2BT (too good to be true) – слишком хорошо, чтобы быть правдой;

2moro (tomorrow) – завтра;

2day (today) – сегодня;

BD или **BDAY** (birthday) – день рождения;

2nite (tonight) – вечером;

AFAIK (as far as I know) – насколько я знаю;

4ever (forever) – навсегда;

A number of abbreviations are used only in writing, but in oral speech, the full forms of the word are pronounced:

Mr. (mister) – мистер;

Mrs. (mistress) – миссис;

Dr. (Doctor) – доктор;

St. (Saint / Street) – святой или улица;

Ave. (avenue) – проспект;

Sq. (square) – площадь;

Rd. (road) – дорога;

Bldg. (building) – здание;

B.Sc. (Bachelor of Science) – бакалавр наук;

M.A. (Master of Arts) – магистр искусств;

Ph.D. (Doctor of Philosophy) – кандидат наук;

M.D. (Doctor of Medicine) – доктор медицинских наук.

Let's look at the use of abbreviations given above in the examples:

- According to my work schedule I need to come to work at 8 a.m. – Согласно моему рабочему расписанию, мне необходимо приходить на работу на 8 утра.

- AFAIK this concert will be held 2day. – Насколько я знаю, концерт будет проведен сегодня.

- I invite u to my BD 2nite. – Я приглашаю тебя на мой День Рождения сегодня вечером.

The list of abbreviations often used in scientific articles includes the following groups.

Names of educational and scientific institutions. RI (research institute), university (higher

education institution) - HEI (higher education institution). Such abbreviations are not accepted in English, so first you need to write the phrase in full, and specify the abbreviated version in parentheses.

Names of international or well-known national organizations. They are written in the English version: **NATO, UN, UNESCO, NASA, etc.**

Common technical terms. It is not customary to change, for example, technological names in the computer field: **HTML, CD ROM, DVD, etc.**

Today, this is a fairly popular way to save time when communicating in social networks.

BFN (bye for now) – до встречи, пока

BTW (by the way) – кстати

FYI (for your information) – к вашему сведению

JIT (just in time) – вовремя

IOW (in other words) – другими словами, иначе говоря

NRN (no reply is necessary) – ответ не требуется

OTOH (on the other hand) – с другой стороны

The increased interest in the specifics of the abbreviation process in the Russian language is due to the fact that abbreviation is one of the ways of word production, which is most clearly manifested in modern word-making. Abbreviation is a complex, multi-faceted phenomenon. First of all, it is a way to create categories for concepts and realities that are denoted descriptively with the help of attributive phrases. Abbreviations perform a nominative function and, therefore, remain words, lexemes. The appearance of an abbreviation in a language usually leads to some limitation of the functioning of the full name, sometimes to the complete displacement of it. By design, abbreviations are not intended to convey all the information contained in a detailed descriptive name. The abbreviation provides for mandatory generalization of the specified information and its compression. In this regard, abbreviations perform the function of saving speech resources.

Modern researchers of the abbreviation process note an increase in the number of abbreviations in the language and their frequent use in various functional styles: journalistic, scientific, official-business, artistic and colloquial. In this study, an attempt is made to identify the main trends in the use of Russian and foreign-language abbreviations in modern advertising, to describe the features of the structure of modern abbreviations used in advertising, to identify thematic groups of abbreviations in the advertising text.

As the observations on the material have shown, the abbreviation is also used in advertising texts as a convenient, economical means of denoting concepts and realities. The use of abbreviations in advertising contributes to the rapid pace of development of modern science and technology, and the associated desire to convey new concepts expressed in complex words, more compactly. In addition, abbreviations that name well-known companies and brands can have an impact on a potential buyer.

REFERENCES:

1. Alekseev, D. I. Abbreviations as a new type of words // Development of word formation of the modern Russian language. - Moscow: Nauka, 1966. - 211 p.
2. Alekseev D. I. Abbreviated words in the Russian language. Saratov: Publishing House Saratov University press, 1979. – 328 p.
3. Biryukova E. A. Functioning of abbreviations in modern speech [Electronic resource]. URL: <http://www.twirpx.com/file/1068443/> (date accessed: 15.08.2014)
4. Modern Russian language: Study for students. P. A. Lekant, E. I. Dibrova, L. L. Kasatkin et al.; Edited by P. A. Lekant, E. I. Dibrova, ispr. – M.: Drofa, 2001. – 560 p.
5. Filippova L. S. Modern Russian language. Morphemics. Word formation: textbook. manual. - M.: Flint: Science, 2009. - 248 p.

ҚАЗІРГІ АҒЫЛШЫН ТІЛДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ АББРЕВИАТУРАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ (ТЕРМИНДЕР ГЛОССАРИЙІ)

Жұмағали К., Нұрахметова И.М.

Бұл мақалада дүниежүзілік интернет желісінің дамуымен қазіргі қоғамда аббревиатуралар мен қысқартуларды жиі қолдану тенденциясының пайда болуы қарастырылады. Аббревиатуралар мен қысқартулар санының өсуі әңгімелесушіге өз ойларын тез және қысқа жеткізу қажеттілігімен байланысты, бұл күрделі сөздер мен сөз тіркестерінің қысқартылған түрде берілуіне әкеледі. Осының арқасында декодтау мен түсіндіруді қажет ететін көптеген жаңа қысқартулар пайда болады. Қысқартулар интернеттегі қарым - қатынаста маңызды рөл атқарады, өйткені олар байланыс процесін жеңілдетеді. бұл зерттеу интернет қолданушылары арасындағы әлеуметтік желілердің мысалында қазіргі виртуалды коммуникацияда аббревиатураларды қолдану ерекшеліктеріне талдау жасайды.

Кілт сөздер: *аббревиатурасы, тілі, құрылымы, интернет желісі, интернеттегі қарым-қатынас, виртуалды коммуникация.*

ФОРМИРОВАНИЕ АББРЕВИАТУР И СОКРАЩЕНИЙ В СОВРЕМЕННЫХ АНГЛОЯЗЫЧНЫХ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ (ГЛОССАРИЙ ТЕРМИНОВ)

Жумағали К., Нурахметова И.М.

В данной статье рассматриваются развитие всемирной сети Интернет в современном обществе появившиеся тенденции к частому использованию аббревиатур и сокращений. Рост числа аббревиатур обусловлен необходимостью быстро, коротко и лаконично излагать свои мысли собеседнику, что и приводит к передаче сложных слов и словосочетаний в сокращенном виде. Благодаря этому возникает большое количество новых аббревиатур, которые нуждаются в расшифровке и объяснении. Аббревиатуры играют важную роль в интернет-общении, поскольку облегчают процесс коммуникации. В данном исследовании проводится анализ особенностей использования аббревиатур в современной виртуальной коммуникации на примере социальных сетей среди интернет-пользователей.

Ключевые слова: *аббревиатура, язык, структура, сеть интернет, общение в интернете, виртуальное общение.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 13.01.2021ж.

UDC 37.247.811

THE PRAGMATIC ASPECT OF TRANSLATION

Mashanova S.M., Dauletova S., Koichibekova Zh., Kuanyshkyzy D.

The article is devoted to the issue of pragmatic aspects translation. The article reveals the essence of pragmatic meaning as a constituent part of the linguistic sign, emphasizes the close relationship between the translation text and the linguistic community (receptor). The authors consider the main types of pragmatic meanings - stylistic and genre characteristics, register and emotional coloring of the word.

Key words: *pragmatic meaning, linguistic unit, equivalent, register, stylistic characteristics of a word, receptor, pragmatic adaptation, pragmatic potential.*

Pragmatic relations are defined as relations between a sign and its user (interpreter) or a group of users, as a result of which, with successful communication, their participants are exposed, they themselves influence the interlocutor, extract the necessary information, in other words, the state of their background knowledge changes. Of course, the pragmatic potential of the text must be taken into account when translating. The source forms linguistic units into statements in a certain way, uses various stylistic means to achieve the necessary communicative effect. There are times when the pragmatic potential of the statement does not completely coincide with the intentions of the source. The pragmatic effect can only be speculative, due to many factors influencing it. First of all, one should take into account the personality of the receptor, its cognitive baggage, social status, and emotional state. It is also necessary to take into account the way information is transmitted and the space-time relations in which the message unfolds.

Pragmatics is an important part of any communication, including intercultural ones, so the translator should be careful in choosing the language means when translating. V.N. Komissarov formulates the concept of translation pragmatics as follows: “the influence on the course and result of the translation process of the need to reproduce the pragmatic potential of the original and the desire to provide the desired effect on the translation receptor” [1, p. 249]. In turn, L. S. Barkhudarov, in his definition of pragmatics, points to the need not only to reproduce the communicative effect, but to take into account extralinguistic factors:

“The concept of pragmatics in linguistics (and more broadly in semiotics) is by no means reduced only to the concept of pragmatic meanings of linguistic (and, in general, sign) units. This concept is much broader, it includes all issues related to the varying degrees of understanding by the participants in the communicative process of certain linguistic units and speech works and with their different interpretation depending on the linguistic and non-linguistic (extralinguistic) experience of people participating in communication” [2, p. 106]. In his definition, V. N. Komissarov emphasizes that translation is a process, and in this regard, he offers schemes for the deployment of this process [1]. At first, the translator himself acts as a receptor, and at this stage it is important to grasp all the pragmatic nuances that the source has put into his message. And how successful the translator's work will be depends on his background knowledge, which ideally should be close to the level of native speakers. The translator, like any other receptor, cannot perceive the message fully objectively, but he must remain pragmatically neutral and reduce personal perception to a minimum. The stage of receiving the message is followed by the stage of making the content understood by the translation receptor. At the same time, it is necessary to take into account the cultural distance, life experience and personality characteristics of the receptor, and make the necessary changes.

An important factor that should be taken into account when translating is the stylistic and genre affiliation of the text, especially fiction. It is difficult to overestimate the work of a translator who works with works of value to all mankind and performs his work with high quality. Quality indicators are the observance of all norms of the written literary language, the laws of the genre and the reproduction of the communicative effect inherent in the original. When speaking of pragmatism, one should not forget about sociolinguistic factors that cause differences in the speech of native speakers, for example, territorial dialects. The text can be completely created in the dialect of the outgoing language, which is a means of communication, in this case the text will be translated in the same way as from any national language. In fiction, dialectal forms of language are used to identify a character with a specific region. Often, the transmission of these features is meaningless or difficult to understand, so such elements are not conveyed in translation. If the character's speech in some way indicates his occupation, educational level or social status, then when translating, it is quite possible to use similar linguistic means of the translating language (thieves' jargon, teen slang, markers that reveal a person's professional activity). However, when a translator is faced with the imitation of foreign speech, he should turn to generally accepted methods of transmitting contaminated speech, or invent new ones. Among the standard methods of transmission are mistakes in the choice of verb and temporal forms, distortion of the

pronunciation of words, the use of elements of the colloquial style [1, p. 219].

About how important it is to take into account the intercultural aspect and pay attention to the internal and external cultural distance write J.-R. Ladmiral [4, p. 30] and J.-P. Richard [5, p. 153]. The object of translation is not a text, but a translation situation in which the individual's belonging to society is manifested. Throughout the text, you can see a set of variables originating from complex relationships that are formed in the course of the historical development of language and society. The translation situation is a kind of "crossroads" where geographic, social, historical, linguistic and other features meet.

Before embarking on a translation, you should define the dominant function of the original. For example, the dominant function of literary texts- providing an aesthetic impact on the reader, the emotional component of the reaction to the text comes to the fore. The translator must be able to convey the talent of the original author, which requires artistic taste. In turn, the dominant function of scientific and technical texts is the provision of information, communication of information. In this case, we can talk about the equality of the translation and the original if the translation receptor successfully uses the information received, extracts the necessary information, and understanding the text will not cause any particular difficulties. Sometimes a translator has to focus on a specific receptor, taking into account its psychological and social characteristics, then we are talking about pragmatic adaptation, which is typical, for example, for the translation of advertising slogans. Sometimes the translator faces a pragmatic "super task" when "the goal of a particular translation act does not coincide with the general goal of interlanguage communication and is not reduced to creating a text in the translation language that is communicatively equivalent to the original" [1, p. 222]. Then the activity of the translator is assessed from the point of view of the results of the communication act, it is analyzed whether the task for which the translation was carried out has been solved, that is, the pragmatic value of the translation is determined.

The German scientist A. Neubert gives a classification of types of texts, describing the features of translation, characteristic of each type of text, depending on the recipient and the conditions in which the translation process takes place. A. Neubert refers to the first group advertising and scientific literature, that is, texts that are of equal interest to the audience of the outgoing language and the target language [6, p. 198]. Texts of the second type contain specific information, for example, legal, economic, geographic. The addressee of such a text may be a specialist in this field, which will affect the translation process. The third group includes all fiction. Its peculiarity lies in the fact that it exists "outside of time" and is of value to all mankind. The fourth group includes texts focused exclusively on the target language. They are most interesting from a pragmatic point of view, as they are created specifically to evoke a response. This classification seems to be insufficiently reasoned and justified, since it is unclear by what criteria the reader's interest in the text in the target language or the outgoing language is determined, and why scientific and so-called specific information, which also refers to certain areas of scientific knowledge, are differentiated.

Ойынның нәтижесі аяқталғаннан кейін бірден шығарылады. Бұл ұпай болуы мүмкін; ойын тапсырмасын басқаларға қарағанда сәтті орындаған ойыншыларды анықтау; жеңімпаз командаларды анықтау және басқалары. Ойынның нәтижесін бағалау әрқашан маңызды болып саналады [4].

Дидактикалық ойынның оқу процесі үшін қажеттілігі мен маңыздылығын дәлелдейтін функцияларын тізіп көрейік:

- а) тәрбиелік-дидактикалық ойын оқушыларға оқылатын пән бойынша жаңа білім алуға көмектеседі;
- ә) тәрбиелік - бұл дидактикалық ойынның негізгі функцияларының бірі, ол балаға жақсылық пен жамандықты, шындық пен өтірікті және басқаларын ажырата білуге мүмкіндік береді, балалардың жеке ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі;
- в) дамытушылық - психологтардың пікірі бойынша ойын әрекетінің негізін интрогендік мінез-құлық (қажеттіліктер мен қызығушылықтар сияқты жеке факторлар тудыратын мінез-құлық) құрайтындығымен анықтайды;
- г) оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін эмоционалды ынталандыру функциясын көптеген ғалымдар дидактикалық ойынның жетекші функциясы деп атайды. Бұл

функцияның мәні дидактикалық ойын эмоционалды-құндылық ынталандырушы ретінде оқыту іс-әрекетінің мағынаны қалыптастырушы мотивін қолдайды және шоғырландырады (яғни «мен ғана емес», сонымен қатар «мен қалаймын») . Бұл оқытудың әлеуметтік құндылық мотивін қалыптастыруға ықпал етеді;

д) білім беру процесін оңтайландыру функциясы. Дидактикалық ойын - бұл оқушының оқудағы тәуелсіздік қажеттілігі мен нормативтік талаптарды орындауға негізделген сыртқы педагогикалық басшылық арасындағы қайшылықты жою құралы. Бұл оқушының өзі жаңа білім алуға, білік пен дағдыны бекітуге мүмкіндік береді. Мұғалім ойынның көмегімен оқушыны тек осы әрекеттерге жеткізеді, дидактикалық ойынды баланың білімді игеруі, дағдылары мен дағдыларын бекітуі үшін сауатты таңдайды;

е) диагностикалық - әр адам ойында өзін физикалық күштің, ақылдың, шығармашылықтың максималды деңгейінде көрсетеді. Дидактикалық ойындардың көмегімен ойыншыларда белгілі бір жеке қасиеттердің қалыптасуын, білім мен білік деңгейлерін, ұжымдағы қарым-қатынас сипатын, балалардың қызығушылықтарын диагностикалауға болады;

ж) коммуникативті - дидактикалық ойын процесінде оқушының сөйлеу тілі дамиды;

з) көңіл көтеру - бұл функция белгілі бір жайлылықты, қолайлы атмосфераны, тұлғаның қорғаныс механизмі ретінде психикалық қуанышты құрумен байланысты;

и) түзетушілік - оқушылардың жеке көрсеткіштерінің икемді құрылымына оң өзгерістер, толықтырулар енгізеді; түзету процесі табиғи түрде жүреді;

к) кәсіптік бағдар беру - дидактикалық ойынның балаларды әртүрлі кәсіптермен және олардың ерекшеліктерімен таныстыруынан тұрады.

Балаларды оқыту үдерісіндегі дидактикалық ойындардың маңызы туралы айта отырып, ғалымдар мыналарды атап көрсетеді:

а) пәнге деген қызығушылық айтарлықтай артады;

ә) әр сабақ жарқын, әдеттен тыс, эмоционалды қарқынды болады;

в) оқу-танымдық белсенділігі күшейеді;

г) оқу іс-әрекетіне жағымды мотивация қалыптасады, зейін дамиды, жұмыс қабілеті артады [3].

Оқу процесін жандандыру мен күшейтуге сүйенетін қазіргі заманғы мектепте ойын әрекетін келесі жағдайларда қолдануға болады: тұжырымдаманы, тақырыпты, тіпті тақырыптың бөлігін игерудің дербес технологиялары ретінде; кеңірек технологияның элементтері ретінде (кейде өте маңызды); сабақ немесе оның бөлігі (кіріспе, түсіндіру, бекіту, жаттығу, бақылау) ретінде; сыныптан тыс жұмыс технологиясы ретінде.

Жалпы ойындардан айырмашылығы, педагогикалық ойын маңызды сипатқа ие - оқытудың нақты белгіленген мақсаты және соған сәйкес педагогикалық нәтиже, ол дәлелденуі мүмкін, айқын түрде бөлініп, білімдік-танымдық бағытпен сипатталады. Сабақтардың ойын формасы сыныпта оқушыларды оқу іс-әрекетіне ынталандыру, ынталандыру құралы ретінде әрекет ететін ойын техникасы мен жағдайларының көмегімен жасалады.

Сабақтың сабақ формасында ойын техникасы мен ситуацияларын жүзеге асыру келесі негізгі бағыттарда жүреді: оқушыларға дидактикалық мақсат ойын тапсырмасы түрінде қойылады; оқу қызметі ойын ережелеріне бағынады; оның құралы ретінде оқу материалы қолданылады. Дидактикалық тапсырманы ойынға айналдыратын білім беру қызметіне бәсекелестік элементі енгізіледі; дидактикалық тапсырманы ойдағыдай орындау ойын нәтижесімен байланысты.

Ойынның орындайтын міндеттеріне байланысты кіші оқушыларға арналған ойындар бірнеше түрге бөлінеді.

Рөлдік ойындар белгілі бір жағдаятты рөлге бөлу арқылы қалпына келтіруге көмектеседі. Рөлдік ойын процесінде бала белгілі бір жағдайда қажетті білім, білік және мінез-құлық тәжірибесін алады.

Сөздік ойындар сөздік қорын және ой-өрісін кеңейтуге, сауатты және әдемі сөйлеуді қалыптастыруға ықпал етеді. Бала өз ойын және сезімін дұрыс айтуға үйренеді.

Интерактивті ойындар балаға процеске жақсы енуге, ақпаратты барлық сезім мүшелерінің көмегімен қабылдауға көмектеседі. Интерактивті компьютер мен басқа мультимедиялық құралдарды қолданады.

Үстел ойындары ойлау, аналитикалық және математикалық дағдыларды, қиялды, логиканы, жинақылықты, сөйлеуді, әлеуметтік өзара әрекеттесу қабілеттерін дамытады.

Оқушыларды дамытуға арналған ойындарды кез-келген жағдайда - үйде, жолда, мектепте, баламен ойнағанда немесе үлкен компанияда қолдануға болады.

Бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған білім беру ойындарының мысалдары:

Балаңызбен ойнауға болатын білім беру ойындарының мысалдарын егжей-тегжейлі қарастырайық.

«Сөзді жалғастыр»

Бұл ойын сөздік қорын және ой-өрісін кеңейтуге көмектеседі, есте сақтауды жаттықтырады және логикалық ойлауды дамытады. Ойынның мәні: бірінші ойыншы сөзді атайды, оның соңғы әрпін келесі ойыншы есте сақтауы керек. Әрі қарай, әр ойыншы алдыңғы сөздің соңғы әрпінде бір сөз айтады. Сөздерді қолдану аясын тарылту арқылы ойынды қиындатуға болады: мысалы, тек қалаларды, жануарларды, көкөністерді және т. б. атау беру.

«Сабын көпіршіктері бар суреттер»

Ойын шығармашылық ойлау мен қиялын дамытады. Бес ас қасық гуашь, бір ас қасық сусабын немесе ыдыс жуатын сұйықтық және бір шай қасық су араластырыңыз. Шырын түтігін қоспаға батырып, көбік түзу үшін шайқаңыз. Осы көбікке қағаз алып келіңіз, онда ерекше формалар пайда болады. Суретті фломастермен және бояумен аяқтауға болады.

«Автокөлік»

Кеңістіктегі бағдарды дамытуға арналған ойын. Бөлменің айналасында әртүрлі заттарды (үстелдер, орындықтар және т.б.) орналастыру керек, балаға оның автомобиль екенін елестету керек. Осыдан кейін баланың көзін байлап қою керек, ал ересектердің нұсқауымен ол кедергілерді болдырмай, маршрут бойынша «жүреді».

«Викторина»

Кіші жастағы оқушыларға арналған викториналар форматындағы ойындар олардың ой-өрісін кеңейтуге, зейінін, реакциясының шапшаңдығын және командалық рухты дамытуға көмектеседі. Әртүрлі бағыттағы немесе белгілі бір тақырыптағы сұрақтармен жалпы викторина жасауға болады. Сұрақтарды интернеттен немесе жас оқушыларға арналған дидактикалық ойындар туралы кітаптардан еркін табу оңай. Мысалға:

Бір алма қандай процедураны ауыстырады? (*Тістерді тазарту*)

Ежелгі славяндар үшін күн қандай тағамды бейнелеген? (*Құймақ*)

Шөлдің патшасы кім деп аталады? (*Түйе*)

Мектеп оқушылары жауап нұсқаларын болжауды қатты ұнатады, егер сіз бірнеше команда жинап, кішігірім жарыс өткізсеңіз, онда одан да жағымды эмоциялар мен викторинаның пайдасы болады.

«Меморадо»

Кіші жастағы оқушыларға арналған интерактивті ойындардың ішінен «Меморадо» ойынын бөлуге болады. Оны App Store немесе Google Play жүктелген аттас қосымшаның көмегімен ойнатуға болады. Ойын баладан қандай қабілеттерді дамытқысы келетінін сұрайды және осыған сәйкес оған міндеттер ұсынады. Кіші жастағы оқушыларға арналған бұл интеллектуалды ойын ойлау, есте сақтау, логика және математикалық дағдыларды дамытады.

Педагогикалық қызметімнің тәжірибесін талдай отырып, біз шебер құрастырылған білім мектеп оқушыларында ақыл-ой жұмысына деген сүйіспеншілікті тәрбиелейді, жаңа

білімді іздеуді ынталандырады деген қорытындыға келдім. Кіші жастағы оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыруда мұғалімнің және сыныптастарының жағымды бағасы, мақұлдауы маңызды. Эмоционалды сфераның рационалдыдан үстемдігі, жоғары танымдық қызығушылық пен белсенділік, шығармашылық импульс - бұл бастауыш мектеп жасындағы балалардың ерекшеліктері. Сондықтан біздің міндетім - осы ерекшеліктерді баланың пайдасына және сыныптағы жоғары оқыту эффектісі үшін ескеру.

Ойын әдістері оқытудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады, өйткені олардың психологиялық-педагогикалық негіздері жеке тұлғаның психикалық дамуына үлкен үлес қосатын ойын әрекеті болып табылады.

Бастауыш мектепте сабақта ойын әдістерін қолдану оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандырады. Ойында ойлау процестері белсендіріліп, оқуға деген мотивация артады. Ойын формалары мен әдістері өте алуан түрлі және оларды барлық іс-әрекет түрлерін оқытуда қолдануға болады.

Ойын әдістері көбінесе оларды ұйымдастыруда өте қарапайым және арнайы жабдықты қажет етпейді; оларды әр сабақта қолдануға болады, ең бастысы, олар оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. Ойын формалары мен оқыту әдістері оқу үдерісіне рахат әкеледі.

Дидактикалық ойындардың алуан түрлілігі мұғалімге өз сыныбының оқушылары үшін қолайлы біреуін таңдауға мүмкіндік береді. Мұғалім оқу процесін талдай отырып, соңында қандай ойын түрі оң нәтижеге қол жеткізуге көмектесті деген қорытындыға келеді.

Дидактикалық ойын - бұл балалардың қиялын, ойлауын, есте сақтау қабілетін дамытатын, кіші мектеп оқушыларына психологиялық тұрақтылық беретін, өмірлік жағдаяттарда бағдар қалыптастыратын, балалар ұжымын құруға және біріктіруге қызмет ететін оқу процесінің қажетті элементі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Собрание педагогических сочинений Константина Дмитриевича Ушинского. Т. 1—2. СПб., 1875—1908.
2. Сухомлинский В. А. Методика воспитания. – М.: Просвещение, 1981.
3. Аванесова В. Н. Дидактическая игра как форма организации обучения. – М.: Просвещение, 1992.
4. Чен Н.В. Дидактическая игра – основа развития воображения и фантазии // Методическая копилка. Пилотный выпуск. 2011. С. 6-10.

ПРИМЕНЕНИЕ ДИДАКТИЧЕСКИХ ИГР В НАЧАЛЬНЫХ ШКОЛАХ

Асылова Р.О., Тажинова А.А.

Известно, что игра имеет ряд характеристик, характеризующих процесс обучения. Об этом свидетельствует то, что он направлен на формирование знаний и навыков школьников. Игра также направлена на мотивацию. Он обладает рядом уникальных особенностей: простота и мастерство для детей и подростков, демократичность, склонность игровых инструментов, позволяющих моделировать самые разнообразные аспекты истины, которые необходимо усвоить, и, самое главное, - привлекательность игры для детей. В процессе игры формируются знание окружающей среды и психологические особенности.

Ключевые слова: *игра, ученик, действие, жизнь ребенка, окружающая среда, психологические особенности.*

Assylova R., Tazhinova A.

It is known that the game has a number of characteristics that characterize the learning process. This is evidenced by the fact that it is aimed at the formation of knowledge and skills of schoolchildren. The game is also about motivation. It has a number of unique features: simplicity and skill for children and adolescents, democracy, a tendency to play tools that allow simulating the most diverse aspects of truth that need to be learned, and, most importantly, the attractiveness of the game for children. During the game, knowledge of the environment and psychological characteristics are formed.

Keywords: *play, student, action, child's life, environment, psychological characteristics*

Мақалаңын редакцияға келіп түскен күні: 22.01.2021ж.

ӨОЖ 378 14.35. 09

«ШЕШЕНДІК СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ» ТАҢДАУ КУРСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Бақраденова А.Б., Таурбекова А.С.

Мақалада қазіргі таңда әрбір жоғарғы оқу орындары өздерінің білім беру бағдарламаларын әзірлейтіндіктен, элективті, яғни таңдау курстары оның ішінде «Шешендік сөйлеуге үйрету» таңдау курсының мазмұны мен маңызы жайлы қарастырылған.

Тірек сөздер: *шешендік сөз, сөз өнері, әдеби тіл, сөдік қор, риторика, таңдау курсы, өздік жұмыс, оқу бағдарламасы*

Кіріспе. Бүгінде еліміздің жоғары оқу орындары кредиттік білім беру жүйесіне көшіп, әлемдік білім кеңістігінде өзіндік даму бағыттарын айқындады. Бұл бағытта көптеген жұмыстар атқарылып жатқаны белгілі. Солардың бірі – оқу бағдарламаларына білім берудің жалпы стандартына сәйкес базалық курстардан бөлек элективті курстардың енгізілуі. Элективті сөзінің шығу тегіне келер болсақ, латынның "electus" деген сөзінен шыққан. Яғни, «таңдамалы, таңдаулы, қалаулы» деген ұғымды білдіреді екен [1]. Базалық курсқа кіретін міндетті пәндерден негізгі айырмашылығы элективті курс пәндері студент таңдауына негізделген. Яғни, аталмыш курс – студенттердің белгілі бір тобының талап-тілектерін қанағаттандыруға бағытталған курс. Негізгі курстың құрамына кіретін міндетті пәндерден басты айырмашылығы - элективті курстар студенттің таңдауына негізделген. Студент енді қазіргі мұғалім мамандығының әлеуетін ескере отырып, не қалайтынын және не істей алатындығын анықтауы керек. Жалпы элективті курс мәселесі ЖОО-ларда әлі де болса өз шешімін таппай келе жатқан, талқылау мен қарастыруды көп қажет ететін басы ашық мәселелердің бірі десек қателеспейміз. Бұл тұрғыда курстың мазмұны, мақсат-міндеттері, қол жеткізуге боларлық нәтижелері турасында ойлану қажет.

Қоғамдық орындарда еркін сөйлесу көп еңбекті, оқуды және дайындықты қажет етеді. Шешендерге қатысты сөз өнері ой ағысынан табиғи жолмен шығады. Эстетикалық әсерді көркемдік талғамы мен шешендігі бар адам ғана жасай алады. Көпшілік алдында сөйлеу кезінде үйренуге және үйренуге көп нәрсе бар ма, әлде оған дайын болған дұрыс па? Атақты шешен және данышпан Цицерон: «Қалам - шешендік өнердің ең жақсы ұстазы. Басқалардан үйрену арқылы біз қолымыздан келгеннің бәрін жасауға тырысуымыз керек»[2].

Мұғалімге шешендік стиль қажет пе? Шешендік – сөз өнерін игергенде ғана жететін құбылыс, яғни білім, еңбек және дағды нәтижесі. Ал сөз өнері – Аристотель көрсеткен бес өнердің (сәулет, сурет, саз, живопись) алдында тұрған бірегейі. Сөз өнерінің саналы қасиеті адамдардың іс-әрекеті және ойлары мен мінездеріне жалпы алғанда қатысты екенін кезінде екінші ұстазымыз Әл-Фараби де тайға таңба басқандай атап көрсеткені айтылып та, жазылып та келеді [3]. Қазір сөз өнері философия ғылымы арқылы «Риторика», «Шешендіктану», филология, журналистика салалары бойынша «Шешендік өнер», «Әдебиеттану», «Стилистика», «Сөз мәдениеті», «Мәнерлеп оқу» деп аталатын курстарда оқытылып жатса, педагогтер дайындайтын мамандықтарда курс қалай аталып, қандай мазмұнда жүргізіліп жатыр деген сұрақ тағы көлденең тартылып тұр?

Негізгі бөлім. Қазақ халқында Балабилердің болуы, жеті-сегіз жасынан-ақ естілігі, сөз тапқыштығымен ел аузына іліккен Сырым шешен, 12 жасында жүз жылқы дауына бас болып барған Досбол билердің шыққандығы шешендікке үйрету курсының қажеттілігін дәлелдейді. Балаларды риторикаға үйрету негізі көне Грекия, Рим елдерінде қаланған, арнайы «Риторика» мектептері ашылған.

Риторика қазіргі түсініктеулік ғылыми пән. Оның ғылыми салалары көп. Оқу құралында жазылғандай «...кәсіби мамандықтас шешендікке, яғни, ойлау, тіл, сөйлеу мәдениетіне деген қоғамдық сұраныс артуда ...» [4]. Сол нұсқада және қазіргі полемика, яғни сөз қақтығыстарына, жұрт алдында, сахнада сөйлеуге үйрететін үйірмелер, сөз өнеріне баулитын ақылы тренингтер қанат жайып келеді. Қалалы жерлерде көне Грекиядағыдай «Балаларға арналған риторика» (Детская риторика) деген мектептер көптеп кездеседі.

Болашақ педагог маманның сөздік қоры мол болуы, айтатын ойын түсінікті де жүйелі жеткізе алуы және топпен, сыныппен тығыз байланысқа түсуі үшін сөз мәнері, кимыл-әрекеттерімен балаларды өзіне тарта білуі өте-мөте қажет. Тәрбиеленушілер олардан қуат алып, оның сөзіне де қарайды, рухани таза, адамгершілік ісінен ләззаттанып өседі. Яғни, риторика ғылымының ережелерін сақтай білген оқытушы табысты болады, оқушыларының алдында беделі өсіп, мәртебесі биіктей түседі.

Мектепке дейінгі және бастауыштық оқыту орындарында білім алатын студенттерді сөз өнеріне баулу мақсатымен «Шешендік өнер», «Сөйлеу мәдениеті», «Мәнерлеп оқу» деген аталыммен түрлі курстар оқытылып келді [2,4], «Балалар риторикасы» деп аталған пән 6В01201 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру» оқу бағдарламасына енгізіліпті. Алдыңғы атаулар сөз өнерінің білім алушыларға қарай бағытталатынын анық көрсетсе, соңғы аталым орысша атауынан («Риторика для детей») аудармасымен кеткен.

Қазіргі таңда әрбір жоғарғы оқу орындары өздерінің білім беру бағдарламаларын әзірлейтіндіктен, элективті, яғни таңдау курстарын өздері таңдайтындықтан, бұл курстың алуан түрлі болып аталуы түсінікті. Дегенімен «Шешендік өнерге үйрету» курсының силлабусында жоғарыда аталған курстар қарастыратын барлық тақырыптарды жинақтауға болады. Бұл таңдаулы курстың болашақ мұғалімге беретін әрі теориялық, әрі практикалық, тіпті әдістемелік көмегі көп. Оқытушы электронды жинағын дайындауда ескеретін жайт: дәрістерде оқытушы қазақ шешендік өнерінің табиғаты, оның заңдылықтары, жұрт алдында сөйлеу қағидалары, қазақ халқының сөйлеу мәдениеті, ауызекі сөздегі, әңгімелесудегі әдеп формулалары, орфоэпиялық норма түрлері мен қазіргі тілдік жүйе, сөйлеудегі қатаң және босаң нормалар туралы жоспарланған сағат көлемде теориялық білім бере алуы. БОПӘ студенттеріне практикалық сабақтар мен өздік жұмыс тапсырмаларында болашақ мұғалімнің сөйлеу тіліне қажетті кәсіби шеберлігі қалыптастырылады. Мұғалімге игеруге міндетті монолог (баяндама, саяси шолу, т.б.), диалог (пікірталас, ойбөліс, ойталқы), полилог – көпшілік атынан сөйлеу (реплика, жарнама, ауызша сөз жарыс) біліктері мен дағдыларын дамыту мәселелері көзделеді. «Атақты шешенді тәрбиелеу ісінде балаға сөзді анық, нақ-нағымен сұлу айтатын ұстаз таңдау қажет», деген Квинтилианның тұжырымын

еске ұстап, бұл курстың дәріс сабақтарын да, практикалық-семинар сабақтарын да филология ғылымынан және «Станиславский жүйесінен хабардар, әртістік қабілеті бар оқытушы жүргізуі керек деп болжаймыз. Өйткені бұл таңдаулы курстың мазмұнына студенттерге шешендік өнердің тілдік табиғатын талдатумен қатар, мәнерлеп оқу және ауызша сөйлеу техникасына баулитын жаттығулар үздіксіз жүргізіледі[4].

«Шешендік өнер» туралы ұғым туралы түсінген оқушы не студент болсын, «Шешендіктану» еңбегінің авторының тұжырымына сүйену дұрыс. «Аңыз әңгімелер мен өлең-жырлардың қайсысы бұрын шыққаны әлі анықталмаған және арнайы зерттеуді керек ететін мәселе. Ал, шешендік сөздер ақындық сөздер (өлең-жырлар) мен көркем қара сөздердің (ертегі, әңгімелердің) алғашқы бөліне бастауын көрсететін аралық жанр сияқты. Алайда, қара сөз бен өлең сөздің бөлінуі - мен шешендік сөз өнері өткінші бекер ретінде жойылып кетпеген, қайта өз алдына дамып, дербес жанр болып қалыптасқан.

Шешендік сөздер ертегі - аңыздар мен халық поэзиясынан іріктеліп, сұрыпталып бөліне отырып, халықтық бірыңғай әдеби тіліміздің қалыптасуына жәрдемі тиген. Шешендік сөздердің сөйлемдік құрылысы мен сөздік құрамы, мазмұны, тұлғасы қазіргі әдеби тілімізден аса алшақ, емес. Шешендік сөздер ауыз әдебиетінің басқа салаларымен қосыла қазіргі қолданылып жүрген сөздігіміздің негізгі қоры мен ұйтқысы. Демек, шешендік сөздерді зерттеп талдау, жинап-жариялау ана тіліміздің сөздік қорын байытады, әдеби тілімізді дамытып, кеңейтеді; сөйлеу, жазу мәдениетімізді көтеруге пайдасы тиеді» деп жазды педагог ғалым[5]. Біздіңше, педагог мамандарға Г.Қосымованың кітабы бойынша ұлттық шешендік өнердің пайда болуын сонау түркілік көне нақыл сөздерден бастап, бүгінгі ораторлардың сөз саптауларына дейін жүйелеп оқытудың қажеті шамалы[6]. Бұлай оқыту филолог, журналист мамандарға тиесілі, ал мектеп мұғалімдері би-шешендерді өздігінен танып-біліп, олардың атынан ұрпаққа жеткен кіші-гірім аңыздарды, нақыл-мақалдарды жатқа біліп, өздері сөйлегенде «Жиренше шешен айтқандай», «Асан ата жерге берген бағалы сөздерінен айтарым...», «Халыққа жағу үшін қазанды бол!», - деп кім айтқан, «Бұл бата-тілекті қалай түсінесіңдер?» т.б. сияқты оқушыны ойландыратын сұрақтар арасында қолдануы оларды сөз өнеріне баули түспек. Біз өз курсымызда студенттерге мұғалім сөзіне қанат бітіретін шешендік сөздерді жинатып, оларды қандай жағдаятта қолдануға болатынын өздері ойластыруына еркіндік беріп келеміз.

Балалардың байланыстырып әдеби тілде сөйлеуі 11-12 жаста өз атынан бір нысанды бейнелеп сипаттау механизміне енеді. Жеткіншек бала ерттеулі ат сияқты десек болады. Орыс педагогтары «өзін-өзі басқаратын жүретін» (сомобучающая машина) деп бағалаған. Балаға еркіндік беру, оның тілдік дамуына айналасында арнайы жағдаяттар тудыру оның интелектісін дамытуға әсер ететінін ескеріп, мұғалім «Әдебиеттік оқу», «Қазақ тілі» сабақтарында және сабақтан тыс шараларды ұйымдастыруда, көсем сөздерге, яғни балаларды әдеби тілге баулитын факультатив сабақтарда бала ұғымына жақын шешендік сөздерді, тыйым сөздерді, халықтық мақалдар мен авторлық нақыл сөздерді арнайы жинақтар бойынша үйретіп келеді [5,7]. Осы орайда, таңдаулы курста баланы жасынан әдеби тілге баулу әдістері де қарастырылуы керек.

3-7 жас аралығын психология ғылымында «лингвистикалық дарын» кезеңі деп атаған. Мектепке дейінгі бұл кезеңде бұлдіршіндерге тыйым сөздерден гөрі жылы, мейірімді сөздер айтылуы керек. «Бұлай айтуға болмайды», «бұл әдепсіз сөздер» деп тәртіптеу әдістемелік тұрғыда дұрыс емес. Бұған М.Жұмабаевтың «Бала тілінің дамуының бірінші шарты балаға сөзді бұзып сөйлемеу керек және балаға ұқпайтын жат сөз үйретпеу керек. Екінші – баланы өзі теңді балалармен бірге ойнату керек. Баланы ешбір уақыт сөзден тыймау керек. Былдырласын, шолжаңдасын, сөйлей берсін. Ал енді баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын – мектеп» деген ойлары дәлел [3]. Сондықтан курсты жүргізушіге «Балаға нелерді үйрету?», «Қалай үйрету керек?» және «Үйрету үшін мұғалім шешендік тану ілімінен қандай заңдылықтарды, қағидаттарды білуі керек?» деген сұрақтарды ашу тиімді.

Элективті (таңдаулы) курсты оқытуда студенттерге берілетін теориялық білім мен қалыптастырылатын құзыреттер мамандық түріне қарай нақтыланды. 6B01201 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығына «Шешендік өнерге үйрету» арнайы курсының мазмұны бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби дайындығының қазіргі қоғамның әлеуметтік сұранысын қанағаттандыратындай сапалақ деңгейін қамтамасыз етуге бағыттала құрылды. Таңдаулы пән ретінде курстың мақсаты төмендегідей:

- Бастауыш сынып мұғалімі ретінде студенттің сөйлеу мәнерін қалыптастыру және оларды шешендік сөз өнері арқылы сөз қолдану құрылысына: сөйлеу мәдениетіне, жұрт алдында сөз саптауға, сөз жарыстыруға, жазба және ауызша іскерлікке, ғылыми тілде сөйлеуге, іскерлік диалогтарға түсуге, шешеннің сөйлеу тілін сараптауға үйрету.

- Қарапайым дайындықтан басталып, шаршы топ алдында (сынып, көпшілік аудитория, әлеуметтік орта) мүдірмей, өз ойын нақты, дәл жеткізетін болашақ мұғалім тәрбиелеу мақсатында оқытушы практикалық сабақтарға мынадай міндеттер ұсынуы тиіс:

Студенттердің шешендік өнер, шешендік шеберлік туралы білімдерін бекіту;

Шешендік қабілетті дамытып, топ алдында сөйлеуді жетілдіретін құзыреттерін қалыптастыру;

Студенттердің шешендік өнер теориясын игеруі арқылы шығармашылық әдіс-тәсілдерді меңгеруіне көмектесу;

Өзіндік шешендік шығармашылық туындылар, шешендік сөз үлгілерін шығара білуге баулу;

Пікірталас, ой жарыс жүргізуге қажетті білік-дағдыларды қалыптастыру;

Монолог құра білуді, мәтіннің баяндалу түріне қарай (сипаттау, талдау, хабарлау, жарнама, ойтолғау) ерекшеліктерін аңғаруды меңгерту;

Сөйлеудің, оның ішінде шешендік сөйлеудің техникасын жетілдіріп, студенттің өзіндік сөздік қорын жинақтауға дағдыландыру.

Бастауыш сынып мұғалімі болатын студент төмендегідей құзыреттерге ие болуы керек:

Курстың теориялық бөлімінен және өздігінен алған білімдерін практикада қолдана алу;

Шешендік сөздерді ауыз әдебиеті үлгілерінен іріктеп, тәрбиелік, білімдік, тағылымдық үрдісте мәнін сақтап қолдана білу;

- Бала тәрбиесіне қатысты халық нақылдарын, мақал-мәтелдерін жаттап, сөз қолданысына енгізе алу;

- Балалар ақын-жазушыларын танып, олардың тіліндегі шешендік сөз түрлерін тауып, талдай алу;

- Топ алдында өз атынан (монолог) не қарым-қатынастық (коммуникативтік) сөйлеуде тіл мәдениетін сақтау.

Қорытынды. Ұлттың сөз қаруы әр заманда қоғамға әртүрлі жұмсалған. Өнер ретінде шешендік сөздерді түрлі жанрда ақындар, жыраулар, жазушылар өз сөздерінде қолданса, бүгіндері мінберден сөйлеушілер ойларын бейнелі, дәлелді етіп жеткізу үшін, академиялық шешендікте оқытушылар дәрісті түсінікті, эмоционалды оқу үшін, ұстаз оқушы бала жүрегін жаулап, санасына терең ой салу үшін қолданады. Тәуелсіз елімізде тұратын әр қазақ баласы қойылған сұрақ төңірегінде ойын жүйелі де әсерлі жеткізуі тиіс.

Қорыта айтқанда, «Шешендік өнерді үйрету» – ұлттық болмысымызды нығайтудың және педагогтің әдеби сөйлеу тілін қалыптаудың, шешен сөйлеуге жаттығудың таңдаулы курсы, тиімді құралы. Курс материалдарын толыққанды қабылдату нәтижесінде, қазіргі жаңа заман оқытушысының өзі де, студенттер де шешендікті мүмкіндігінше игеріп, шешендік өнерді ұлттық өнер ретінде қабылдайды. Өзара сөз алмасуда, топ алдында сөйлеу барысында адамгершілік ережелерін сақтап шешен сөйлеуге, сөз арқылы ұлттық қасиеттерді тануға үйреніп шығады.

ӘДЕБЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005 жыл
2. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. Алматы:1984.
3. Педагогика. М. Жұмабаев. Мектеп,1991.
4. Р.Сыздық Тіл мәдениеті оның проблемалары// Тілдік норма және оның қалыптасуы. - Астана: Елорда, 2001. - 230 б.
5. Төрқұлұлы Н. Қазақтың 100 би-шешені. 1993.
6. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. 2004
7. Г.Қосымова Шешендік өнердің негіздері. «Баянжүрек» баспасы 2007. Жолдабеков Ж.Шешендік (оқу құралы) «Қарасай» баспасы, 2009.

«ОБУЧАЮЩАЯ РЕЧЬ» ВЫБОРНЫЕ КУРСЫ СОДЕРЖАНИЕ И ЗНАЧЕНИЕ

Бакраденова А.Б., Таурбекова А.С.

В статье обсуждается содержание и важность элективных курсов, в том числе элективных курсов «Обучение публичным выступлениям», поскольку каждый вуз в настоящее время разрабатывает собственные образовательные программы.

Ключевые слова: *ораторское искусство, риторика, литературный язык, лексика, риторика, факультатив, самостоятельная работа, учебная программа*

«TEACHING SPEECH» ELECTION COURSES CONTENT AND VALUE

Bakradenova A.B., Taurbekova A.S.

The article discusses the content and importance of elective courses, including the elective courses "Teaching Public Speaking", since each university is currently developing its own educational programs.

Key words: *oratory, rhetoric, literary language, vocabulary, rhetoric, elective, independent work, curriculum*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 22.01.2021ж.

ӘОЖ 378

БАЛАНЫ БЕЛСЕНДІ СӨЙЛЕУГЕ БАУЛУДА КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

Бакраденова А.Б., Клим С.А.

Мақалада авторлар мектепке дейінгі баланы белсенді сөйлеуге баулуда көркем туындыларды қолданудың әдіс-тәсілдерін сараптайды. Балалардың оқу қызметіне танымдық-тілдік белсенділігін арттыруда шығарма негізінде дайындалған мультимедиялық технологиялардың тиімділігін көрсеткен.

Кілт сөздер: *бала тілі, таным, танымдық орта, көркем туындылар.*

Кіріспе бөлім. Болашақ тұлғаны ана тілі рухымен рухтандырушы, ана тілінің қадір-қасиетін ұғындырушы – алдымен ата-ана және баланы тәрбиелейтін мемлекеттік оқу-тәрбие мекемелеріндегі педагог тәрбиешілері. Тәрбиенің әліппесі – әлпештеу жырлары

баланың белі бесіктен шықпай жатып, ана сүтімен сіңіріліп, ұлттық өнеге өлең-әңгімелермен балдырғандар балабақшада сусындауы керек.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау» деп көрсетілген [1].

Үлкендердің еңбегі мен баланы қоршаған табиғатты тамашалату ерекше әдіс екендігін атап өтіп, Әлихан Бөкейханов: «Тәжірибе көзбен көрген, қолмен ұстағаннан басталады. Ақыл, зерек тексеріп көрген, терең тоқып, кестелеп көзбен көргеннен, қолмен ұстағаннан қорытынды шығарады. Бұл неше сыннан өтіп, таспадай сыдырылып, таяқтай жанылып, білім негізі болып шығады.» деп жазған. Бұл пікірден байқайтынымыз: ғалым-педагог оқыту мазмұнын ұлттық психологиямен байланыстыруға үлкен мән берген. «Серуен жасап зерттеу әдісі» деген мақаласында барды қайталатып, жаттату арқылы білімді сынайды да, «Бұл біреудің тапқанын жаттап, малдың қарнына тығып алған шөпті күйсеуіндей, шын білім тәжірибеде туады. Білім жолының негізі тәжірибе болады, жаттап алып білген білім кісіден сұрап алған тон сияқты. Жерді, суды, ауаны, жанды, жансыз өзімізді қоршап алған затты тану тәрбиесімен ғана болады» деп бұқаралық, ата-ана, жалпы үлкендер тарапынан болатын тілдік тәрбиеге үлкен мән берген[2]. Жаһандану заманында көптілділіктің салдарынан және табиғи тілдік ортаның әлсізденуден балалардың белсенді сөйлеуі, байланысты сөйлеу тілі төменгі деңгейде. Бұл орайда мақаламызда бала тілін жас ерекшелігіне қарай дамытуда көркем шығармалардың ықпалы, көркем сөзді балаға белсенді қабылдату әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Негізгі бөлім. Көпұлтты шаңырақта түйіскен әрбір ұлттың өзіндік мінезі, тәрбиелік талаптары, ең негізгісі ұлттық тәрбиені жүзеге асыратын тілі бар. Баланы отбасында көркем туындылардың нәрімен сусындату үлкендердің мейіріммен сәбиге қарата айтылған ырғақты, мәнерлі сөзінен басталады. Үйде қыз бала қуыршақпен, ал ұл бала доппен ойнай бастайды. Ақ бесікте жатқаннан әлди жырымен тербеліп өскен сәбиге әжесі ес білгеннен небір тақпақтармен еркелеткітін болса, кейін бала өз ойынында естігендерін қолдана бастайды. Сәби балалардың қолына қуыршақты алдына алып, өздігінен сөйлеп отыратыны 2-3 жасынан байқалады.

Баланың сөйлеуін ойлау операциясынан бөлек алып қарастыра алмаймыз. Тәрбиешінің баланы ойынға тарта білуі оның даусына, сол ойын кезіндегі көңіл-күйіне, яғни балаша ойнай білуіне алдымен қажетті қабілет болса, екіншіден, әр баланың ойлау қабілетін ескере алуы керек. Қазіргі қолданыстағы саралап оқыту технологиясына сүйеніп, қай баланың заттарды салыстырып, айырмашылығын айта алатынын, қай баланың жадының тездігін, яғни берілген тапсырмадағы жаңа сөздерді, өзара ұйқас тіркестерді тез қабылдайтынын ескеріп, ойын-жаттығуды, тапсырмаларды тиісті балаға бағыттай алуы тиіс.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған шығармалардың бағдарламада берілуі, біздіңше, нақты, жүйелі емес. «2 ден 5-ке дейін» кітабының авторы К.Чуковский: «Бала үш-төрт жасында ертегі өлеңді өте бір құштарлықпен қабылдайды. Кейде үш жүз, төрт жүз ұзақ жолды, яғни поэзиялық туындыны үш қайтара оқып бергеннен-ақ түк қалдырмай жатқа соғады. Балаға мұның түк қиындығы жоқ, уақыт өте келе өзі есінен шығарып тастайды. Сәбилік санасымен таңқаларлықпен жаттап алған жүздеген өлең жолының жүзден бірі баланың кейінгі эмоционалды да саналы өсу кезінде ерекше роль атқарады» деп тұжырымдайды [5].

Ұялы байланыс өмірімізге енгелі балалар кітаптан ажырап барады. Олар неге гаджеттердегі, компьютердегі ойынға неге құмар, оның қаншалықты пайдасы бар (зияны емес)» деген сауал барлық ата-аналарды алаңдатады. Жалпы экранға шамадан тыс қараудың көру қабілетіне зиян келтіретінін айтып мамандар дабыл қағуда. Қазіргі 2-5 жас аралығындағы балалардың көру қабілеті бұдан 10 жыл бұрынғы балалардан әлдеқайда төмен. Алайда, гаджетте ойын ойнаудың пайдалы тұстары жоқ емес. Зерттеуіміздің барысында жас ерекшелігіне қарата баланың ойы мен сөйлеуін дамытуға қатысты жақсы

пайдасын, әсіресе жас ұрпаққа көркем туындыларды таныстыруда пайдалы тұстарына көз жеткіздік. Ендеше, қазіргі заманда балалардың бейнелі түрде «өмірге бейімделуі құралын немесе әліпбиінен» ата-аналар бас тартқыза алмайды. Компьютерде, шағын ойын құралында, смартфон, планшеттерге арналып шыққан виртуалды-танымдық, сауыққа бағытталған ойындардың негізінде ересектердің күнделікті өміріндегі объектілер мен қарым-қатынас құбылыстарының шағын формасы ұсынылады. Оларды күнделікті көріп-танып, балалар танымы өсіп келеді.

Өмір әрдайым алға жылжуда. Тіпті балалардың сұранысы, қызығушылығы өзгеруде. Ертегі, хикаяттарда жазба түрде қызықтырмайды. Олар ақпараттық құралдарының молынан тартылуына қарай, бағдарламалық материалынан артық деректерді, қызықты оқиғаларды тәрбиешілер гаджеттерді іске қосу арқылы көптеген мағлұмат бере алады [8].

Қазіргі таңда балаларды қызықтыратын ойындар өте көп. Мультимедия технологияларының қызықты мүмкіндіктері электрондық оқу құралдарын жасауда және басқа оқып үйренуге арналған материалдар дайындауда көп пайдаланылады. Мысалы, біз интерактивті тақтадан не гаджеттен балаға танымал балалар шығармашыларының қызықты оқиғалы әңгіме-аңыздарын, ертегілерін, әр жасқа қарай танымдық-үйретуші бағдарламаларды көрсетіп, талдатудың тиімділігіне көз жеткізе алдық.

Балабақша тәрбиешісі балалармен жас ерекшеліктеріне қарай ойын өлеңдерін бірге жатқа айтып, жиірек бірлесе ойнай алса, бағдарламалық әдеби шығарманы ұйымдастырылған оқу қызметінде танымдық-тәрбиелік және тіл дамытушылық мақсат қоя ұйымдастырса, баланың ақыл-ойын дамытатын ойлы өлеңдерді шаттық шеңберлерінде, бой сергіту сәттерінде орынды қолдана алса, тәрбиеленушілердің көркем шығарма үлгілеріне деген талғамын қалыптастыра аламыз. Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі – қолданбалы ғылыми пән. Біз тіл дамыту міндеттерінің бірі көркем әдебиетпен таныстыруда тәрбиешінің өзі қазақ халқында, өзге халықтарда болсын, көркем сөзбен келетін қандай ойындар бар екенін жақсы білумен қатар, өз елінің мұрасында, тіпті ақындардың жаңа туындыларында қай шығармасын тіл дамытуда қалай пайдалануға болатындығын жақсы білуі шарт.

Бұл ретте біз бақылаған сәбилер тобында сәбилердің шат-шадыман көңі-күйлері «Жасырынбақ», «Бізге біреулер қонаққа келді», «Тауық пен балапандары», «Атқа мініп қыдырамыз» сияқты қимылды ойындарда және музыканың сүйемелденуімен өткізілген «Қуырмаш», «Топ-топ»; «Біз ойнаймыз, ойнаймыз», «Аяғым-ай, аяғым» әндеріне құрастырылған ойын жаттығулары мен Ж. Смақовтың сөзіне жазылған Ж. Тұрсынбаевтың «Добым менің» мен ойын өлеңінде көтеріңкі болды. Бұл ойындар балалардың өз ортасына бейімделе түсуіне ықпал етті деп толық айтуымызға болады. Ойын өлеңдерін балабақшаларға енгізуді қажет етіп тұрған авторлар баршылық. Жақан Смақовтың «Қарап ал, санап ал», «Поезд» секілді қимылға негізделгені ойыны барлық топтарға, «Талапай» ойын өлеңі жоғары топ балаларының дене тәрбиесі сабағына таптырмас құрал болып табылады. Уақыттан қалдырмай, мультимедиялық құрылғыларға қазақша ойын-өлеңдерді, сазды-ырғақты, оқиғалы мазмұнды мәтіндерді, қызықты ертегілерді сүйікті кейіпкерлерімен бірлесе сөйлейтіндей етіп енгізіп қойсақ, мектепке дейінгі шақтан баланың тұлғаға тән танымы жинақталады деп болжаймыз.

Бүгіндері балабақша түрлеріне қарата, түрлі нұсқалы «вариативті» бағдарламалар көбеюде. Түрлі технологияларға еліктеу, оқу-тәрбие қызметін шоу етіп жасанды көрсету басым сияқты.

Көз жеткізген мәселеміз: әрбір теория шығаратын ғалым өзінің ғылыми болжамын практикадан өткізіп барып айтады. Бізге, аналар және жас балалар тәрбиешілеріне ұлттың менталитетіне (діліне) жақын туындыларды бала тілінде сөйлетуіміз қажет болып тұр.

Зерттеу жұмысындағы тәрбиелік-тағылымдық мақсат: рухында қазақы салт-дәстүрлік, мінез-құлықтық, танымдық кодтары сақталған, ата-бабасынан келе жатқан «Ойнап сөйлесе де, ойлап сөйлей алатын» ұрпақ өсіру. Бала тұлға болып жетілуі үшін ата

салтына сай үлкеннің сөзін дұрыс тыңдап, ойға сақтауы: үйде айналасындағылардан, балабақшада, қоғамдық ортада тілдік қатысымға түсетін адамдардан жасына қарай танымдық тиімді ақпараттарды қабылдап өсуі тиіс.

Қазіргі балалар ойға сақтап жатпағандықтан гөрі қолмен, көзбен іздеп, ойнағанды ұнатады. Интернетте «Умничка», «Ақылды қоян», «Интеллектуал» деген аталымдармен қолжетімді отбасылары қолдана алатын қаншама ойындар бар. Play market немесе Appstore-да жүктелген бағдарламалар баршылық, ал баланы алдынала ойлануға, сосын қойылған мақсатқа жетуге жетелейтін оқыту бағдарламалары қазақша жоқ болып тұр. Кез келген ойынды балалар үндемей отырып ойнайды. Қаражаты жеткілікті отбасыларындағы балалар қазір гаджеттерге, осындай компьютерлік ойындарға тәуелді. Кітап оқудан ғалам ажырап барады, ал, біздіңше, балабақша баланы кітаптан ажыратпауы керек. Нақты алар болсақ, поэзиялық шығарманы оқытудың ең бастысы, сол поэзиялық шығарма мазмұнының түйіні, ондағы кейіпкерлер туралы баланың өз топшылауындағы пікірі, яғни тәрбиеші бала ойына ерекше көңіл бөлгені жөн. Көркем әдебиет пәнінің басқа пәндерді оқытудан өзгешілігі де, күрделілігі де осында.

Басқа пәндерге қарағанда әртүрлі сезім: ойлану, ой-тұжырым шығару, мазмұнды жалғастырып, түйіндеу көркем туындылармен таныстыруда ерекше көрінеді. Балабақшада тәрбиешілер поэзиялық шығарманы оқытқан кезде деңгейлік жұмыстарды жүргізуде кешенді бағдар жасап алуына болады. Атап айтқанда, мәтін бойынша жұмысты әр баланың қабылдау деңгейіне қарай жүргізеді:

I деңгей: өлең ішіндегі негізгі ойларды бөліп алып, соны шағындап өз сөзімен жеткізуге дағдыландыру;

II деңгей – тірек сызбалары арқылы поэзиялық шығарманың негізгі мазмұнын ашқызу;

III деңгей - поэзиялық шығарма бойынша бейнесөз, сөзжұмбақ құрастырту (өздері түсінген және үйренген жаңа сөздер бойынша).

Бұл бағытта шығарманың кез келген жанрын балабақша баласына таныстыруда тілдің эмоциялық және эстетикалық қуаты ерекше көрінеді. Деңгейлік оқыту технологиясын әрбір ойында, арнайы ұйымдастырылған тілдік іс-әрекетте қолдану баланың ана тілін жоғары деңгейде үйренуіне мүмкіндік береді. Өйткені қазіргі балалар бәсекелестікте өмір сүріп келеді, бірінен-бірі қалғысы келмейді.

Ертегілерде қайталанып айтылатын өлең жолдарын немесе кейіпкерлердің өзара ұқсас жауаптарын балаларға кезектесе айтқызу, диалогті бөліктерін драмалау, кейінірек кейіптендіру, ертегінің қызықты жерлерін қайталату, бас кейіпкері туралы жиірек сөйлесу балалардың танымын, ойын-қиялын дамытудың ұтымды тәсілдері. Экскурсия, бақылау, серуен кездерінде оқу қызметі үдерісінде жаттаған жаңа тақпақтарды, өлең жолдарын қайталатып отыру әр баланың есінде мәтіннің ұзақ сақталуына ықпал етеді.

Ал 3-5 жастағы балаларға бағдарлама бойынша жаңадан оқылған шығармаға талдау жасап, образды сөздерді қабылдату үшін екі ұқсас шығармадағы мағыналас сөздерге назар аудартып отырған дұрыс. Мысалы, «Бұлақ» өлеңің жаттатқызар алдында аудиожазбадан бұлақ суының ағысын тыңдатып, ізінше тәрбиеші өлең сөздерін мәнерлеп оқиды. Бұрын балалармен «Бөбекті бесікке бөлеу» ойынында жаттатылған М.Жұмабаевтың «Сылдырмақ» өлеңін естеріне салады. Балалар, Мағжан аталарың «Сылдырмақ сылдырлап, бөпешім былдырлап, сылдырмақ ұрады» демей ме? Ал мына өлеңде, не былдырлайды? Бұлақ былдырлай ма? Ақын бұлақты неге салыстырып тұр?» деген сұрақтар қояды.

Мөлдір бұлақ

Таудан құлап,

Сылдырлайды,

Былдырлайды.

Бұл үзінділердегі қара әріптермен терілген бұлақтың әдемілігін суреттеген сөздерге осылайша назар аудартып, балаларға сөздердің мағынасын (сәби баланың іс-әрекеттеріне

орай алынғандығын) талдап, тәрбиеші ақынның бейнелі тілін талдап береді.

Балаларға түсінікті тілмен суреттелген табиғат туралы өлеңдерді, диалогті мәтіндерді әр ақынның мұрасынан алуға болады, ондай өлеңдерді балалар табиғат құбылыстарын тамашалай отырып, не қызықты қимыл ойынында бірлесе жаттап алады.

Туғаннан поэзиялық үрдіске ұмтылғыш қазақ баласын белгілі бір ақынның шығармалары ізімен көркем сөзге баулу ізденісті қажет етеді. Бір кезде Ы.Алтынсарин із салған «Бұл кім?» өлеңіне сәйкес жыр жазбаған ақын аз. Мысалы, Мұзафар ақынның «Бұл не?» атты 9 шумақтан тұратын өлеңі доптың өзінен басталып, доп сияқты домаланып, балаға айналаны қошеметпен таныстырып шығады. Олар ырғақты сөздің әуенімен тапжылмай, өлеңдете айта отырып, ойнай алады. «Түйрегіш түрпі-кірпі», «Қорғанбайтын именіп, вертолет ат ұшуға әзір инелік» бейнелі суретті жолдар балғын-балапан балалардың өздері қосыла айтатын, белгілі-белгісіз әрекеттерге ізденуге, ойлануға талпындыратын ойын өлең үлгісі. Балаларды шығармашылыққа баулуда мәтін негізінде ұйқас тіркестер құрату сәтін жиі пайдалану балаларды ойдан өлең шығара білуге жеткізеді деп ойлаймыз.

«Ана тілінің нәзік қырларын жас бала өлеңдете отырып ойналатын ойын үстінде үйрене алады. Олар музыка сарынын да осылайша меңгереді, оны филологтар «тіл рухы» деп атайды» дегендей, бүлдіршіндерге ән тыңдау, инсценировкалы ойында әңгімеге араласу өте ұнайды [4]. Мысалы, М.Әлімбаевтің «Тіл сындыру» атты өлеңін балабақшаның 2-сәбилер тобына ұсынсақ, бұл өлеңді ойдан жалғастырып айтуға жоғарғы топ балаларына мынандай жолдармен берілуі тиімді екендігін біз тәжірибеде көз жеткізе алдық.

1-бала: Ат

2-бала: Атпен шап.

3-бала: Доп

4-бала: Допты соқ.

5-бала: Қуыршақ

6-бала: Қуыршақ емес, маған керек құлыншақ.

7-бала: Машина

8-бала: Машина кірпіш таси ма?

9 бала: Бұл көлік

10-бала. Тасиық онымен өрік

«Мұзафар атамыз әрі қарай былайша жалғастырыпты, енді балалар, біз де миымызға қозғау салып, «Ұйқас сөз ойла, тез ойла!» деген ойын ойнайық, ал кеттік!» деп логикалық ой жаттығу өткізу тиімді болмақ. Тәрбиеші сөздерді өгілетін тақырыпқа қарай таңдауы керек. Мысалы: ақынның «Бал арасының жыры» өлеңі бойынша ұйқас құрғызу:

Баратыным -қыр

Қонатыным –(гүлді балалар тез табады)

Теретінім – нәр

Беретінім –(балды балалар тез табады)[3]

Әрі қарай ойын нысанына көбелекті, құмырсқаны, сонаны т.б алып балаларды шығармашылыққа баулиды.

Осылайша келетін өлеңдердің ізімен балаларға синоним сөздер мен антоним, яғни қарама-қарсы сөздерді айтқызуды тәжірибеге енгізу жоғары топ балаларына сөз құрамы, сөз бейнелілігі туралы білімін жетілдіреді деп ойлаймыз. Алдыңғы өлеңдерде ақын балаларды сөздердің ұйқасына назар аударуға баулыса, соңғы өлеңдерде сөздің дыбыстық жағын жетілдіру логикасы бар. Ақын сөздердің мағыналық жағына да көп көңіл бөлгізеді. Бұл ойындарды баланың өздігінен жалғастыруына да болады.

Мектеп жасына дейінгі мекемелердің басты міндеті бүлдіршіндердің диалогтық сөйлей білу қарым-қатынасы болып табылады. Сахнада ойнау барысында да бала шығармашылығы көрінеді. Мәдениетті түрде сахнадағы өз серіктесімен келісе білу мен өзіне қарата айтылған сөзді, ойды тыңдау, бақылау дағдылары қалыптасады.

Ертегіні сахналау жұмысында ересек және мектепалды даярлық топтың балалары қатысып, қалаған ертегіні кейіпкерлендіргенде сөзін жатқа айтып, кейіпкерлерінің мінез-құлқын, іс-әрекетін, дауыс ырғағын өзгерте жеткізуге тырысады. Бала дүниетанымын кеңейтетін құрал жөнінде айтсақ, әрбір өлең жолдарын суретімен, персонаждардың ойлары өз дауыстарымен жеткізілетін, өлеңмен өрілген әдеби көрініске де назар аударуына жағдай жасайтын, ұлттық рухқа тәрбиелейтін дыбысты сайттарды қолдану керек [7].

Танымал балалар ақыны Ж.Смақовтың [20] қай өлеңдері сахналауға лайықты, сонымен қатар мультфильмдерге сұранып тұр. Әсіресе мазмұнды өлеңдері кейіпкерлері бойынша жаққа бөліп оқуға, драмалауға, кейіптендіруге өте ыңғайлы. Көптеген кіші-гірім жанрда жазылған жаттамақтарын, қаламақтарын балалармен серуенде, түрлі мәдени орындарды, табиғатты бақылауда оқуға болады. Алдын-ала бақылау үдерісі ақынның балаларға таныстырылатын көркем шығармасын оқу іс-әрекетінде шығарма мазмұнын толықтыратындай, тиімді қабылдататындай сапалы болуы тиіс. Балалардың арнайы оқу үдерісінен тыс уақытта, ақынның балаларға ұнаған шығармасын қайталату драматизациялық ойын түрінде ұйымдастырылады [5].

Тәрбиеші ойын аяқталғаннан кейін әрбір балаға сипаттама береді. «Бала мәтінді қалай құрды?», «Мәтін құруға қай сөйлемдер қандай жүйеде қолданылды?», «Тақырыпқа қарай қай әдіс алынуы керек еді?» деген сұрақтармен келесі ойындарға дайындалып алуды ескертеді.

Мазмұнды-бейнелі ойынның жоғары топқа арналған түрінің ерекшелігі: оны балалардың өздері жасауында, ал ойын қызметі айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар қысқа да, ұзақ та болуы мүмкін. Тіл дамытуда сюжетті сақтаудың маңызы зор. Драмалық ойындарда да (кейде драматизациялық деп те аталады) мазмұн, рөлдер, ойын әрекеттері қандай да бір әдеби шығарманың, ертегінің т.б. сюжетті мен мазмұнына шарттас болады. Ол сюжетті-рөлді ойынға ұқсас. Драмалық ойында балаға қандай болсын айқын тәсіл көрсетпеу керек. Ол үшін ойынның шын мәнінде ойын болғаны дұрыс.

Жинақтап айтқанда, балалардың ой-өрісін дамытып, оларды ана тілінде сөйлеудің жоғары деңгейіне жеткізу-үйдегі отбасы мүшелерінің, балабақшада тәрбиешінің көркем-мәдени дүниелерді әр баланың ақыл-ой қызметін белсендіретіндей етіп бере алуында. 2-10 жастағы баланың танымын кеңейтетін балаларға арналған мобильді ойын жаттығулары бар «Қазақша логика» деген мобильдік қосымша – баланың ойлау белсенділігін арттыруда тиімді екендігін дәлелдеді. Біз өз тарапымыздан Powtoon бағдарламасын қолданып, «Төлдерді қалай шақырады?», «Не қайда мекендейді?», «Әжеде-қонақта», «Наурыз көже қалай дайындалды?» деген танымдық-тәрбиелік шығармаларға аномациялық-дыбыстық бейне жазбалар әзірледік.

Қорытынды. Мектеп жасына дейінгі баланың өз достарымен, үлкендермен именбей, өз ана тілінде еркін сөйлеуіне игі-ықпал ететін ойын-өлеңдерді, тартымды туындыларды таныстырудың, әр жастағы баланың сөйлеу қорын дамытудың тиімділігі дәстүрлі, табиғи сөйлеуді қалыптайтын көркем туынды жанрлары (ойын-өлеңдер, диалогті мәтіндер, ертегі-аңыздар) және оларды қосымша әдіс-тәсілдермен қабылдататын мультимедиялық технологиялар.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы - Астана, Ақорда. 2007 жылғы шілденің 27-сі. №319 III ҚРЗ. /Егемен Қазақстан, 15.08.09.
2. Бөкейханов Ә. Шығармалары –Алматы: Білім.1995.472б.
3. М.Әлімбаев. Ақсерек те көксерек. Тақпақ, дастан, ән-өлең, жұмбақ, жаңылтпаштар. Жалын:1977.
4. Дүйсенбиев Ә. Балалар поэзиясының көркемдік өрісі. Хабаршы, филология сериясы. – Алматы: № 2 (92), 2006- 75 б.

5. Ж.Смақов. Талапай. (Өлеңдер, ойындар) Алматы, «Жалын»1984.
6. А.Ивич. Воспитание поколений. Детская литература. Москва,1964. Сказки - заповеди. Корней Чуковский.
7. Ушакова О.С. Развитие поэтического слуха как средства формирования словесного творчества детей 6-7 лет.//Художественное творчество в детском саду.– М:1974.
8. https://www.inform.kz/ru/iq-bala-razvivayushee-prilozhenie-dlya-detey-nakazahskom-yazyke-razrabotal-zhitel-stolicy_a3688715

МЕТОДЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ДЛЯ АКТИВИЗАЦИИ РАЗГОВОРНОЙ РЕЧИ ДЕТЕЙ

Бакраденова А.Б., Клим С.А.

В статье авторами раскрываются методы и приемы использования произведений для активизации разговорной речи детей дошкольного возраста. Анализируется эффективная познавательно-речевая активность детей в учебной деятельности с применением мультимедийных технологий.

Ключевые слова: детская речь, познание, познавательная среда, художественные произведения.

THE METHODS OF USING COMPOSITIONS TO ACTIVATE THE SPOKEN LANGUAGE OF PRESCHOOL CHILDREN

Bakradenova A.B., Klim S.A.

In the article, the authors reveal the methods and techniques of using compositions to activate the spoken language of preschool children. The effective cognitive and speech activity of children in educational activities with the use of multimedia technologies is analyzed.

Key words: children's speech, cognition, cognitive environment, artistic works.

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 22.01.2021ж.

ӘОЖ 378.24

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ҰЙЫМДАРДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Галиева А.Н., Калиева Ж.Т.

Бұл мақалада Қазақстандағы инклюзивті білім берудің өзекті мәселелері қамтылған. Инклюзивті білім – ерекше қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Мақала мазмұнында аталмыш білім беру саясатының принциптері мен маңызы қамтылған. Сонымен қатар, инклюзивті білім берудегі үдерісінде кездесетін қиындықтар ашылып көрсетілген. Мақала инклюзивті білім беруді дамыту үшін алдымен қандай өзекті мәселелеріне мән беруіміз керектігін ашуға бағытталған.

Кілт сөздер: инклюзия, инклюзивті білім беру, мүмкіндігі шектеулі бала, білім беру процесі, арнайы маман, қоғам

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен анықталады» деп атап көрсеткен болатын. Яғни, бұл дегеніміз Қазақстан Республикасының әрбір азаматы білім алып, ел болашағына атсалысуға құқылы екендігін көрсетеді. Осындай қағиданы ұстанған біздің еліміз қазіргі таңда барша азаматтардың білім алуына қолайлы жағдай жасауда. Оның бірден – бір дәлелі – инклюзивті білім берудің мектеп бағдарламасына кіріктірілуі [1].

Инклюзивтік білім беру моделі ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін кедергісіз оқыту ортасын құруды, білім беру ортасын олардың қажеттіліктеріне бейімдеуді және дені сау құрдастарымен бірлесіп оқыту процесінде қажетті қолдау көрсетуді көздейді.

XXI ғасырдың ең алаңдатарлық үрдістерінің бірі мүмкіндіктері шектеулі балалардың саны тұрақты өсіп келе жатқандығы. Бұл балалардың біздің елімізде білім алу мәселелері өте өзекті. Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі жетекші бағыт инклюзивті білім беру болып табылады.

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беру әлемнің барлық елдерінде кең қолданысқа ие. Бірақ, сонымен қатар, қарқынды түрде тәжірибеге ене отырып, инклюзивті білім беру білім беру жүйесінің алдына көптеген күрделі сұрақтар мен жаңа міндеттер қойылып отыр. Инклюзияның мол тәжірибесі мен заңнамалық шоғырлануы бар шетелдік білім беру жүйесінен айырмашылығы, біздің отандық инклюзия енді қалыптасып, дами бастады [2].

Педагогикалық тәжірибеге инклюзивті оқытуды енгізудің маңызы зор. Жалпы білім беретін мекемеде оқытудың бұл түрі көптеген балаларға қажетті психологиялық, педагогикалық және медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуге мүмкіндік береді, оны баланың тұрғылықты жеріне барынша жақындатуға, ата-аналарды консультативтік қолдаумен қамтамасыз етуге, сондай-ақ қоғамды мүмкіндігі шектеулі адамды қабылдауға дайындауға мүмкіндік береді.

THE IMPORTANCE OF THE HUMANISTIC DIRECTION IN THE PROFESSIONAL ACTIVITY OF A SPECIAL TEACHER IN THE EDUCATION AND UPBRINGING OF CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS

Mustafa F.B., Bolatkhanova ZN.N.

This article defines the importance of observing the humanistic direction in the professional activity of a special teacher for children with special educational needs, defines the role of humanistic values in the pedagogical activity of a special teacher, and considers approaches to the normalization of the humanistic direction.

Keywords: *special teacher, child with special educational needs, morality, humanistic orientation, value orientations, professional training.*

Мақалаңын редакцияға келіп түскен күні: 19.01.2021ж.

ӘОЖ 159.922

ПЕДАГОГ –ПСИХОЛОГТЫҢ БАЛАЛАРМЕН ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ ЖҰМЫСЫ

Нуржанова Т.Т., Оразова Б. К.

Бұл мақалада психологтың психикалық дамуында және мінез-құлқында ауытқуы бар балалармен түзету-дамыту жұмысы туралы айтылды. Психокоррекциялық жұмыстың түрлері мен әдістері, принциптері және психокоррекциялық жұмыс әдістерін жүзеге асырудың жолдары қарастырылды.

Кілт сөздер: *психолого-педагогикалық коррекция, психокоррекция әдістері, психокоррекциялық жұмыс, психикалық дамуында ауытқуы бар бала, түзету жұмысының принциптері*

Психологиялық түзету - психологтың практикалық қызметінің маңызды және жауапты бағыты. Бұл адамның ішкі әлемінің дискретті сипаттамаларына негізделген әсерді қамтиды. Психолог адам қалауы мен тәжірибесінің, танымдық процестері және іс-әрекеттерінің нақты көріністерімен айналысады.

Психологиялық түзету— бұл оңтайлы модельге сәйкес келмейтін психикалық даму ерекшеліктерін түзету бойынша психологтың қызметі.

Психокоррекцияның негізгі функциясы — баланың жеке басының дұрыс қалыптасуына қолайлы жағдайларды анықтау.

Білім беру саласындағы психологтың жұмысында психологиялық түзету баланың дамуындағы ауытқуларды түзетуге немесе алдын алуға бағытталған психологиялық-педагогикалық әсер ету жүйесін қамтиды. [3, 16-176]

Түзету жұмыстары барысында дамудағы жеке ауытқуларға ғана емес, сонымен қатар осы ауытқулардың себептерін түзетуге де әсер ету маңызды.

Жас оқушылармен және жасөспірімдермен психокоррекциялық жұмысты ұйымдастырудың қазіргі заманғы бағыты— бұл балаларды тәрбиелеу және оқыту тәжірибесінде түзету тәсілдері мен әдістерін сауатты қолдану туралы көзқарастарды дамытудың нәтижесі. Психокоррекциялық жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктері мен артықшылықтарын зерттеуді шетелдік зерттеушілер А.Маслоу, Р.Мэй, К. Роджерс, Э.Фромм және т. б., сонымен қатар отандық ғалымдардан Г.С.Абрамова, Г.В.Бурменская, О.И.Ефремова, О.А.Карабанова, А.Г.Лидс, Т.Д.Молодцова, Р.С.Немов, Р.С.Овчарова, А.А.Осипова, М.М.Семаго, Н.Я.Семаго және т.б ғалымдар айналысты[3, 276]

Қазіргі психокоррекциялық тәжірибеде қалыпты және қалыптан тыс дамуды түзету болып бөлінеді. Егер бірінші жағдайда түзету жұмыстарын психолог жүзеге асырса, екіншісінде — психоневролог, дефектолог, патопсихолог, психиатр жалғастырады. Қалыпты дамуды түзеу жағдайында, жұмыс келесі бағыттарда жүзеге асырылады: ақыл-ой дамуының кешігуі, әлеуметтік-педагогикалық қараусыздық, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық себептерден туындаған кейбір ауытқулар.

Психологтың психокоррекциялық жұмысы саласында «норма» ұғымы ерекше мәнге ие. Қазіргі психологиялық ғылым мен тәжірибеде норма категориясын талдаудың үш бағыты бөлінеді:

1) нейрпсихологиялық (мидың функционалды ұйымдастырылуын зерттеумен байланысты);

2) жалпы психологиялық (психиканың жалпы заңдылықтары мен механизмдеріне негізделген);

3) адамның психологиялық жасы (жас ерекшелігіне, сондай-ақ нақты тұлғаға қатысты диагностика деректерін жинауды және нақтылауды болжайды).

Психологиялық-педагогикалық түзету жұмысы психикалық ауытқулар мен бұзылулар орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануының немесе психикалық аурудың салдары болмаған жағдайларда жүзеге асырылады.

Дамыту және психокоррекциялық жұмыс мыналарды қамтиды:

- психологтың балалармен және ересектермен белсенді қарым-қатынасы, балалардың психикалық дамуы мен қалыптасуын, балалардың жас және жеке даму мүмкіндіктерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

- кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық дамыту және түзету бағдарламаларын әзірлеуге, апробациялауға және енгізуге қатысу;

- кәмілетке толмағандардың дене, психикалық, адамгершілік дамуындағы ауытқуларды әлсірету, азайту немесе жою бойынша жеке бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру. [4, 81-83б]

Психокоррекция-психологиялық көмекке мұқтаж сау адамның психологиясын немесе мінез-құлқын оған психологиялық әсер ету әдістері арқылы мақсатты түрде өзгерту. Психокоррекциялық әдістер — бұл адамдардың мінез-құлқына әсер етудің әдістері, бағдарламалары мен әдістерінің жиынтығы. Психокоррекциялық жұмыстың бір бағыты— адамның психикалық жағдайын жақсарту.

Коррекциялық және дамыту жұмысы— бұл баланың тиімді дамуына, оның әртүрлі салалардағы қабілеттерін ашуға және іске асыруға ықпал ететін негізгі білім беру процесіне қосымша қызмет. Бұл жұмыс ерекше білім беру қажеттіліктерді талап ететін баланы оқытуды алмастырмайды, ол да коррекциялық-дамытушылық сипатқа ие, бірақ білім беру процесінде баланы психологиялық – медициналық - педагогикалық сүйемелдеуге негізделген.

Коррекция және дамыту жұмыстарының ерекшелігі:

- жағымды психологиялық атмосфера құру;

- үй тапсырмалары ойын түрінде орындалады;

- баланың даму нәтижелерін бақылау әр сабақта жүргізілсе де, белгілер қойылмайды;

- дамушы әсерге қол жеткізу үшін білім алушылардың тапсырмаларды бірнеше рет орындауы қажет, бірақ тапсырмалар күрделенген жоғары деңгейде болуы қажет. [2, 24-29б]

Психокоррекцияның негізгі функциясы— баланың жеке басының дұрыс қалыптасуына қолайлы жағдайларды анықтау.

Психокоррекциялық іс-шаралар жеке психологиялық және нейрофизиологиялық сипаттамалары арнайы тәсілді қажет ететін балалардың мектеп пен әлеуметтік бейімделуінің алғашқы алдын-алу туралы болған жағдайда жетекші болады. Психологиялық түзетудің ерекше бағыты - танымдық белсенділікті дамыту, қалыпты дамуға кедергі келтіретін кемшіліктердің алдын алу және жою. Мұнда психологиялық

түзету педагогикалық түзетумен тығыз байланысты.

Түзету-дамыту жұмысының мақсаты мен міндеттері.

Қалыпты балалық шақ кеңістігіндегі түзету жұмыстарының негізгі мақсаты— баланың толық психикалық және жеке дамуына ықпал ету.

Негізгі міндет— әр баланың жеке басының шығармашылық әлеуетін дамыту үшін оңтайлы психологиялық-педагогикалық жағдай жасау негізінде баланың психикалық дамуындағы ауытқуларды психологиялық-педагогикалық түзеу (зияткерлік, эмоционалды, мотивациялық, мінез-құлық, ерік-жігер, ұсақ моторика және т.б.).

Психокоррекциялық іс-шараларды жүзеге асыратын психологқа қойылатын талаптар:

- 1) түзету жұмыстарының теориялық негіздерін, түзету тәсілдерін білу;
- 2) (онтогенездегі психикалық дамудың жалпы заңдылықтарын білу, психикалық дамудың периодизациясын білу;
- 3) оқыту мен дамудың арақатынас проблемасын білу;
- 4) тұлғаның негізгі теориялары, модельдері мен типтері туралы түсінік;
- 3) коррекциялық жұмыстың нақты тәсілдері мен әдістерін меңгеру;
- 4) түзету жұмыстарына жеке дайындық: психолог түзетуді қажет ететін салаларда өз проблемаларын психологиялық зерттеу (өзінен емес, баладан және оның проблемаларынан кету қажеттілігінің болуы). [2, 386]

Түзету жұмыстарының принциптері:

- Баланың қоршаған ортасын өзгерту (сыныптағы орнын, сабақ режиміне кесте құру, белсенді демалыс ұйымдастыру, сыныптастарымен қарым-қатынасты реттеу)
- жоғары мотивацияға ынталандыру;
- теріс мінез-құлықты түзету;
- ересектердің балаға деген көзқарасын өзгерту;
- қолдау және марапаттау әдістерін көбейту;
- зейінді қалыптасуын жетілдіру және ақыл-ой қабілеттерін дамыту;
- әлеуметтік дағдыларға үйрету;
- оқу және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларына оқыту. [1, 766]

Түзету жұмыстарын жүргізу кезінде екі негізгі жоспар жүзеге асырылады:

- 1) Барлық "әмбебап психотехнология" үшін бірыңғай әзірленген негізінде статистикалық анықталатын орташа нормаға келтіру ретінде түзетуді іске асыру;
- 2) Адамның жеке ерекшеліктеріне, оның ерекше мүмкіндіктеріне және тұтастай алғанда оның психологиялық және жеке дамуының бірегейлігіне бағытталған психологиялық көмек көрсету.

Қазіргі кезде балаларға арналған психокоррекция әдістерінің ішінде мына әдістер ерекшеленеді:

- ойын терапиясы— бұл балалармен жұмыс жасауда қолданылатын ең көп таралған әдіс, өйткені ойын өзара әрекеттесу мен дамудың бір түрі ретінде балаға кез-келген басқа әрекеттерге қарағанда жақынырақ және түсінікті болып келеді;
- сурет терапиясы, библиотерапия, драматургия, ертегі терапиясы және музыкалық терапия түріндегі арт-терапия түрлерінің негізгі мақсаты— өзін-өзі көрсету және өзін-өзі тану қабілеттерін дамыту арқылы тұлғаны үйлестіру болып табылады;
- проблемалық жағдайларда баланы тиісті мінез-құлыққа үйрететін мінез-құлық жаттығулары немесе мінез-құлықты түзету;
- нормативтік-жас проблемалары мен міндеттерін қою арқылы баланың жеке тұлға ретінде дамуына бағытталған жеке өсу тренингі;
- психогимнастика – түрлі қозғалыстар арқылы эмоцияларды білдіруге негізделген топтық психотерапияның вербалды емес әдісі
- баланы тану мен қабылдауға, сондай — ақ оның маңызды ортасын-ересектер мен құрдастарын дұрыс бағалауға негізделген әлеуметтік терапия әдісі

- психоанализ, десенсибилизация әдісі.

Бұл айтылғандардың барлығы психокоррекциялық әдістер болып табылады. Психокоррекцияның барлық түрлерін келесі параметрлер мен бастапқы шарттар бойынша бөлуге болады:

Зерттелу бағыты бойынша:

- ауытқулардың шығу тегін түзеу;
- арнайы симптомдарды жою үшін жүзеге асырылатын түзеу жұмыстары

Мазмұны бойынша:

- танымдық процестерді түзеу;
- тұлғаны және оның мінез-құлқын түзеу;
- топшілік өзара қарым-қатынастармен, сондай-ақ балалар мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасымен жұмыс;

Түзеу бағдарламасы бойынша:

- бағдарламаға негізделген;
- импровизацияланған түзеу;

Шешілетін міндеттер ауқымы бойынша:

- жалпы психокоррекция;
- жекелей психокоррекция;
- арнайы психокоррекция.

Жұмыс формасы бойынша:

- индивидуалды психокоррекция;
- топтық психокоррекция.

Топтық психокоррекцияның жеке адаммен жұмысынан ерекшелігі топтық жұмыс топтың барлық мүшелерінің, соның ішінде психологтың өзара әрекеттесуіне бағытталған. Психокоррекция бағдарламасы топқа әсер етудің негізгі құралы ретінде қарастырылады. Адам өзіне сырттан қарауға, белгілі бір мінез-құлықты көруге, өзін-өзі тануға, өзінің дұрыс емес қарым-қатынасы мен көзқарасын көруге, қорытынды жасауға және нәтижесінде түзету процесінің шекарасын кеңейтуге мүмкіндік алады.

Жасөспірімдердің психокоррекциясы— бұл жасөспірімнің теріс көзқарастары мен мінез-құлық стереотиптерін жоюға, сондай-ақ жасөспірімде әлеуметтік маңызды қасиеттер мен жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған психологияның үлкен саласы. [5,5-10 б]

Мінез-құлқы мен өзін-өзі қабылдауында ауытқулары бар балалардың саны артып келеді, ал ересектер балалармен қалай сөйлесуі қажет оларға қалай көмектесу және қоғамдағы өмірге бейімдеу туралы сұрақтар қояды.

Көбінесе психологияның құрамдас бөлігі болып табылатын психотерапия және психокоррекция жасөспірімдермен жұмыс жасауда келесі әдістерді қолданады:

- ынталандыру әдісі және сана-сезімді қайта құруды;
- өмірлік тәжірибені қайта құру әдісі;
- теріс мінез-құлықтың алдын алу және жағымды мінез-құлықты ынталандыру әдісі.

[4, 112 б]

Бір қуанарлығы, жас балалар психикасы ересек адамның психикасына қарағанда түзетуге икемді. Олардың өмір туралы теріс көзқарастары немесе тұжырымдары ересектердікі сияқты күрделі емес. Баланың әлеуметтік ортаға бейімделуі оңай, әлеуметтік ортаның тәрбиесіне жауап беруі оңайырақ. Сондықтан, егер сіз кез-келген балаңызды толғандыратын психологиялық мәселелерді уақытында тауып, оларды балаңызбен бірге шешуді бастасаңыз, онда аз уақыт ішінде бала көңілді, көпшіл, достары көп болады және айналасындағы адамдармен қарым-қатынасқа жеңіл түседі. [2, 13 б]

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Линде Н.Д. Психологическое консультирование: Теория и практика. Учеб. пособие для студентов вузов / Н.Д. Линде. - М.: Аспект Пресс, 2010.

2. Молодцова Т.Д., Ефремова О.И., Варакин В.Н., Черевик К.С. и др. Психолого-педагогическое сопровождение дезадаптированных детей и подростков в образовательных учреждениях / отв. ред. О.И. Ефремова. Таганрог: Изд-во Таганрогского государственного педагогического института, 2008.

3. Осипова А.А. Общая психокоррекция: Учебное пособие для студентов вузов. М.: ТЦ «Сфера», 2000.

4. Семаго М.М., Семаго Н.Я. Проблемные дети: основы диагностической и коррекционной работы в школе. М.: АРКТИ, 2000.

5. Кобышева Л.И. Психолого-педагогические особенности психокоррекционной работы с детьми и подростками // Интернет-журнал «Мир науки» 2016, Том 4, номер 4 <http://minauki.com/PDF/43PSMN416.pdf> (доступ свободный).

КОРРЕКЦИОННО-РАЗВИВАЮЩАЯ РАБОТА ПЕДАГОГА-ПСИХОЛОГА С ДЕТЬМИ

Нуржанова Т.Т., Оразова Б. К.

В данной статье рассмотрены вопросы психокоррекционной работы психолога с детьми с отклонениями в психическом развитии и поведении. Рассмотрены формы и методы психокоррекционной работы, принципы и пути реализации методов психокоррекционной работы.

Ключевые слова: *психолого-педагогическая коррекция, методы психокоррекции, психокоррекционная работа, ребенок с отклонением в психическом развитии, принципы коррекционной работы.*

CORRECTIONAL AND DEVELOPMENTAL WORK OF A TEACHER- PSYCHOLOGIST WITH CHILDREN

Nurzhanova T.T. Orazova B.K.

This article discusses the issues of psychocorrectional work of a psychologist with children with mental disorders and behavior. The forms and methods of psychocorrectional work, principles and ways of implementing methods of psychocorrectional work are considered.

Key words: *psychological and pedagogical correction, methods of psychocorrection, psychocorrectional work, a child with a mental retardation, principles of correctional work*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 25.01.2021

ӘОЖ: 37.013.21

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУГЕ ДАЯРЛАУ

Рахимбекова А.Т., Алтысбаева Н.С.

Мақалада студенттерді Сапарғали Бегалин шығармалары арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің жолдары көрсетіледі. Оның әрбір шығармаларының тәрбиелік маңызы зор екендігі айқындалады. Балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Сапарғали Бегалин шығармаларының мақсаты - баланың жеке басын, оның ақыл-ойын, эмоционалды саласын, адамгершілік идеяларын дамыту. Жазушының шығармалары балалардың неліктен адамдар бір-біріне, туыстарына, жолдастарына мұқият болу, басқаларға құрметпен және мейірімділікпен қарау, адамға қажет кезде неге көмекке келу керектігін түсінуге бағытталған. Балаларда моральдық ұғымдар, идеялар мен сенімдер жүйесі, мінез-құлық мотивтері дұрыс қалыптасуға бағытталуы керек. Сондықтан Сапарғали Бегалин шығармаларының барлығы осы көріністердің ажырамас бірлігінде.

Кілт сөздер: *Сапарғали Бегалин, адамгершілік тәрбиесі, балалар әдебиеті.*

Кіріспе. Қазіргі уақытта қоғам тұлғаның рухани-адамгершілік дамуының проблемасына тап болды. Қазіргі білім беру кеңістігіндегі басты назар адамгершілік тәрбие мен көркемдік білім беру проблемаларына, сондай-ақ халықтар мәдениетінің дәстүрлерін жандандыруға бағытталуы керек. Біздің елімізде экономикалық және саяси өзгерістер жиі болып тұрады. Олардың аясында жастардың білімі мен тәрбиесіне жаңа талаптар туындайды. Осыған байланысты тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің бір міндеті - тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету болып табылады [1].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға балалар әдебиетінің маңызы зор екендігін түсінуі қажет. Балалар әдебиеті - бұл балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес көркемдік ерекшелігімен ерекшеленетін оқырман балаларға бағытталған жалпы әдебиеттің бөлігі [2]. Балалар әдебиетінің ерекшеліктері, ең алдымен, оқу-тәрбие міндеттерімен және оқырмандардың жасымен анықталады. Оның мазмұны балалардың қызығушылықтарын, танымдық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогиканың міндеттері және талаптарымен үйлеседі. Балалар әдебиетінің тағы бір ерекшелігі - автор кейіпкерлер мен оқырман арасында диалог құрып, сол арқылы көркемдік және танымдық міндеттерді жүзеге асырады. Көптеген зерттеушілер балалар әдебиеті дидактиканың бөлігі емес, шынайы өнер екенін атап өтті.

Материалдар мен жұмыс әдістемесі. Балалар әдебиетіне тән белгілерді бөліп көрсетейік:

- 1) шығармалардың тақырыптары балалардың жасына және қызығушылықтарына сәйкес келеді;
- 2) мәтіннің қарапайым және қысқаша мазмұны, қол жетімді формасы, қарапайым лексикасы;
- 3) әр шығармада балалардың қызығушылығын тудыратын белгілі бір саяхат, оқиға желісі;
- 4) шығарманың мазмұны кейіпкерлер арасында, автор мен оқырман арасында көптеген диалогтар болуы керек;
- 5) әр шығарма бастауыш сынып оқушыларының жасына сәйкес мазмұн көлемін ескеруі керек;

6) кітап басылымында шығарманың мазмұны мен логикасына сәйкес келетін көптеген иллюстрациялар мен суреттер болуы керек;

7) соңында жақсылық әрқашан жамандықты жеңеді.

Балалар әдебиеті бірқатар маңызды қызметтерді атқарады. Эстетикалық қызмет - әдеби шығармаларды қабылдау кезінде туындайтын ерекше эмоциялардың дамуымен байланысты. Көркем эмоциялар арқылы оқырман қиял әлеміне еніп, оқудан ләззат алады. Танымдық қызмет - бұл кішкентай оқырманды адамдар, заттар мен құбылыстар әлемімен таныстыру. Балалар әдебиетінің моральдық немесе тәрбиелік қызметі балаларды адамгершілік құндылықтармен, оның ішінде өзін-өзі тәрбиелеу процесінде белсенді түрде таныстыруға мүмкіндік береді. Әлеуметтенудің қызметі - әдеби сюжеттер мен кейіпкерлер баланы қоғамдағы өмірге таныстырады, белгілі бір жағдайларда мінез-құлықтың стереотиптік ережелерін ұсынады, айналасындағы адамдардың іс-әрекеттерін түсінуге көмектеседі, басқалармен қарым-қатынас пен өзара әрекеттесудің оңтайлы тәсілдерін үйренеді, адамдардың мінез-құлқының үлгілерін береді, дүниетанымның негізін қалайды.

Балалардағы моральдық сезімдер мен моральдық қатынастар тек педагогикалық принциптерді сақтай отырып пайда болмайды, олар мұғалім мен балалардың іс-әрекетімен тығыз байланысты және әрқашан осы әрекеттен туындайды. Сондықтан, балаларды қоса алғанда, педагогика мен оқыту әдістемесінде бар көптеген әдістер мен тәсілдер арқылы балалар көркем әдебиетін тану іс-әрекетінде адамгершілік қоғамдағы адамның толыққанды өмірі үшін қажетті осы моральдық сезімдер мен қатынастарды қалыптастыру үшін кең мүмкіндіктер қалыптасады.

Балалар әдебиеттің маңызды қызметтерінің бірі - білім беру қызметі. Жалпы әдебиет - бұл әлемді, адамзатты және өзін танудың бір тәсілі. Әр жазушы өз шығармалары арқылы өз ойларын, көзқарастары мен өмірге, шындыққа деген көзқарасын жеткізеді, белгілі бір оқырман келісетін немесе келіспейтін өзінің көркемдік әлемін жасайды. Жазушының қаруы - сөз. Балалар әдебиеті - бұл сөз өнері. Өнер әлемімен байланыс бізге қуаныш пен риясыз рахат сыйлайды. Балалар әдебиеті жас ұрпаққа өткенді тануға, бүгінді басқаша бағалауға мүмкіндік береді, болашақ туралы ойлануға мәжбүр етеді. Әдеби шығармалар оқырманды кейіпкерлерімен бірге сезінуге, көзқарастарды, сезімдерді, мінезді қалыптастыруға, сұлулыққа деген сүйіспеншілікті оятуға, жақсылық пен шындықтың салтанаты үшін күресуге дайын болуға тәрбиелейді. Әдебиет сұлулық сезімін тәрбиелейді, адамның рухани әлемін байытады.

Сапарғали Бегалин - әдебиетіміздің поэзия, проза жанрларында тартымды, толымды шығармалар берген көрнекті суреткер. Оның шығармашылық сапарында суреткер қаламынан жиырманың үстінде поэма, оннан астам повесть, жүздеген әңгіме, бір роман, көптеген естеліктер, зерттеулер, мақалалар туды.

«Шығармашылық балалық шақ әсерлерінен басталады. Әжеңнен, анаңнан, санаңда ән болып сіңетін бесік жыры, елдің эпос айтушыларынан естіген аңыз, ертегілерін, батырлық ғаламат жырлар бала қиялыңды қозғап, қилы-қилы ойларға жетелері хақ. Біз әдебиетке фольклордан келдік. Халық ауыз әдебиетінен үйрендік. Олар - ертегілер, қиял байлығы - тапқырлық, жауыздықтың жазасы болған халық қаһармандары жайлы аңыз. Адамшылықтың қиыннан қиысқан әр алуан сипатталатын тапқыр ойшылдықтың түрлері кейде жыр болып, кейде тақпақ болып айтылар еді. Балалар жазушысы болып қалыптасуымдағы мектептерім де, осылар», - дейді жазушы өз естелігінде [3].

Оның аңшылық, саятшылық тәрізді өнер түрлерін танытатын «Көксегеннің көргендері», «Сәтжан», «Бала мерген», «Бала Шоқан» сияқты әңгіме, повестері, «Будан», «Жылқышы», «Баян жүрек» сияқты өміртанымдық поэмалары - оқырман көкейінен шыққан сүйікті шығармалар. Адамгершілік, Отаншылдық тәрбие беретін «Жас бұтақ», «Қант бұршақ», «Жеткіншектер», «Киіксор», «Ойламаған жүріс», «Сымбатты Сима»; мінез-құлық, әдеп мәселелерін көтеретін «Ұрыншақ», «Жершіл шымшық», «Бес батыр» қатарлы көптеген шығармалары - жас өскіннің рухани қалыптасуына елеулі үлес қосып келе жатқан

бағалы дүниелер [4].

Жазушы Бегалиннің тағы бір үлкен тақырыбы жас жеткіншектердің кейбір ұнамсыз мінез-қылықтарын, есірткен еркелердің олпы-солпы ұрыншақ мінездерін әшкере етеді, өмірге икемсіздікті мінейді, соларды түзу жолға, жөнге салуға, жаман әдеттерден аулақ болуға шақырады. Балалар шығармаларында автор байқаусызда, кейде әзілмен балаларға жақсылық пен жамандықты ажырата білуге, жанашырлық танытуға, әлсіздерге көмектесуге үйретеді.

Студенттер Сапарғали Бегалин шығармаларымен танысу процесінде бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде жоғары деңгейге қол жеткізу үшін кейбір шарттарды орындау қажет:

– Сапарғали Бегалин шығармаларымен жұмыс істеудің әртүрлі әдістері мен формаларын қолдану;

– бастауыш сынып оқушыларын балалар әдебиетімен таныстыру барысында (біздің жағдайымызда Сапарғали Бегалин шығармалары) үздіксіз жұмыс жүргізу;

– балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, шығарманы дұрыс таңдау, яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімінің (әңгіме немесе ертегі) таңдауы бастауыш мектеп жасындағы балалардың қызығушылығын тудырып, олардың адамгершілік мәдениетінің дамуына ықпал ететіндей етіп жасалуы керек. Балаларға Сапарғали Бегалиннің өлеңдері мен ертегілерін оқу өте пайдалы. Олар ойлауды, қиялды және эмоционалды сезімталдықты, адамгершілік қасиеттерін дамытуға көмектеседі. Сондықтан да автордың шығармалары бастауыш сыныптың барлық сыныптарында кездеседі.

Нәтижелер және оларды талқылау. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін Сапарғали Бегалин шығармалары арқылы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге даярлау үшін алдымызда мынадай сұрақтар туындайды. Студент кітап оқуды жақсы көруі үшін не істеу керек? Студент өз алдына қандай мақсаттар қоюы керек? Әр студентпен қарым-қатынасты қалай табуға болады, оның назарын әдебиетке қалай аудару керек? Жоғарыда келтірілген сұрақтарға жауап беру үшін қазіргі уақытта бізге жүйелік тәсілге негізделген инновациялық технологиялар көмектесе алады. Бұл инновациялық технологияның кейбір белгілері: мақсат - тұлғаны дамыту; өзара әрекеттесудің сипаты мен стилі - демократия, диалог, ашықтық, рефлексивтілік. *Меңгеру тәсілдері* - ізденіс ойлау қызметі, рефлексия. *Оқытушының қызметі* - ынтымақтастықты ұйымдастырушы, консультант, студенттердің ізденіс жұмысын басқарушы. *Студенттің ұстанымы* - белсенділік, өзін-өзі жетілдіруге уәждің, қызметке қызығушылықтың болуы. Оқыту әдістері: проблемалық (проблемалық презентация, ішінара іздеу, эвристикалық, зерттеу) болып табылады.

Бүгінгі таңда проблемалық оқыту дегеніміз - мұғалімнің басшылығымен проблемалық жағдайларды құруды және студенттердің оларды шешу бойынша белсенді тәуелсіз қызметін қамтитын сабақтарды ұйымдастыру. Осыған байланысты балалар ақын жазушысы - Сапарғали Бегалиннің 125 жылдығына орай Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті педагогика және психология факультеті оқыту және тәрбиелеу әдістемесі кафедрасының оқытушылары «Балалар мұрасын жадымызда сақтайық» тақырыбында онлайн интегративті ашық сабақ өткіздік. Ашық сабақтың мақсаты: жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың еңбегінде: "...Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше, біздің жұмысымыз ілгері баспайды және біз Қазақстандық патриотизмді Отанын, жері мен суын шексіз сүю, халқының өнеге дәстүрін, әдет-ғұрпын, елдің тарихын құрмет тұту, балалар мұрасын жадымызда сақтауымыз керек", - деп көрсетілген.

Міндеті: балалар мұрасын жадымызда сақтап ұрпақтан-ұрпаққа оқу-тәрбие үдерістері барысында тарату.

Студенттер Сапарғали Бегалин шығармаларын, өлеңдерін оқу арқылы, оларға талдау жасап, шығармаларының адамгершілік тәрбиеге бағытталғанын, маңыздылығын түсініп, сөз жұмбақ, тест сұрақтарын, анаграммалар шешті. Сонымен қатар, Республикалық Сапарғали Бегалин атындағы орталық қалалық балалар кітапханасының, «Өнер әдебиеттері» бөлімінің кітапханашысы Уйсинбекова Перизат Углановна ақын қаламынан шыққан туындылармен таныстырды, ақынның атындағы мұражайға онлайн саяхат ұйымдастырып, студенттерге көптеген қызықты мәліметтер ұсынды.

Қорытынды. Адамгершілік тәрбиесін дамытудың жоғары деңгейін сақтаудың маңыздылығы нормативтік құжаттарда мемлекеттік деңгейде негізделеді, философиялық және психологиялық-педагогикалық зерттеулерде үнемі жүргізіліп отырады. Себебі, рухани-адамгершілік тәрбие балалардың санасы мен сезімін дамытады, дұрыс мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін дамытады. Балалардың адамгершілік құндылықтарын игеру дәрежесі әр түрлі, бұл баланың жалпы дамуымен, оның өмірлік тәжірибесімен байланысты. Осыған байланысты балалармен жұмыс жасауда көркем әдебиетті қолданудың рөлі зор. Сапарғали Бегалин шығармалары балаларда мейірімділікті, жан жомарттығын, өзіне деген сенімділікті, сыртқы әлемнен ләззат алу қабілетін қалыптастырудың маңызды құралы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. - Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. - 21 б.
2. Левандовская Л.В. Духовно-нравственное воспитание студентов педагогического колледжа посредством преподавания литературы / Л.В. Левандовская. - Текст: непосредственный // Инновационные педагогические технологии : материалы IV Междунар. науч. конф. (г. Казань, май 2016 г.). - Казань : Бук, 2016. — С. 115-117.
3. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті - Елбасы кітапханасы <https://presidentlibrary.kz/kk/news/balalar-leminin-elshisi>
4. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық / Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса - Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009 жыл.

ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ К ПРАВСТВЕННОМУ ВОСПИТАНИЮ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ПРОИЗВЕДЕНИЯ САПАРГАЛИ БЕГАЛИНА

Рахимбекова А.Т., Алпысбаева Н.С.

В статье рассматриваются пути нравственного воспитания студентов через произведения Сапаргали Бегалина. Определяется, что каждое из его произведений имеет большое воспитательное значение. Цель произведений одного из основоположников детской литературы Сапаргали Бегалина - развитие личности ребенка, его умственной, эмоциональной сферы, нравственных представлений. Произведения писателя направлены на то, чтобы дети поняли, почему люди должны быть внимательны друг к другу, к родным, к товарищам, относиться с уважением и добротой к другим, зачем приходит на помощь, когда это необходимо человеку. У детей должна быть направлена на правильное формирование системы моральных понятий, представлений и убеждений, мотивов поведения. Поэтому все произведения Сапаргали Бегалина находятся в неразрывном единстве этих ценностей.

Ключевые слова: Сапаргали Бегалин, нравственное воспитание, детская литература.

PREPARATION OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS FOR THE MORAL EDUCATION OF STUDENTS THROUGH THE WORKS OF SAPARGALI BEGALIN

Rakhimbekova A., Alpysbaeva N.

The article highlights the ways of moral education of students through the works of Sapargali Begalin. It is determined that each of his works has a great educational value. The purpose of the works of one of the founders of children's literature, Sapargali Begalin, is to develop the child's personality, his mental, emotional sphere, and moral ideas. The writer's works are aimed at making children understand why people should be attentive to each other, to relatives, to comrades, to treat others with respect and kindness, why come to the rescue when it is necessary for a person. In children, it should be aimed at the correct formation of a system of moral concepts, ideas and beliefs, and behavioral motives. Therefore, all the works of Sapargali Begalin are in the indissoluble unity of these values.

Keywords: *Sapargali Begalin, moral education, children's literature*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 22.01.2021

ӘОЖ 378.24

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ АЛАТЫН ОҚУШЫНЫҢ АТА-АНАСЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Сыдыкова А.А., Ақсубаева А.С.

Мақалада инклюзивті білім алатын оқушыларың отбасыларында болатын қиындықтары сипатталады және аталған қиындықтармен арнайы мамандар тарапынан жүргізілетін жұмыс түрлері қарастырылады.

Тірек сөздер: *инклюзивті білім беру, дамуында ауытқуы бар бала, психологиялық көмек.*

Инклюзивті білім беру жайлы заңның қабылдануына орай, «... білім беру ортасының психологизациясының мақсатына сәйкес, оқушының психикалық және физикалық денсаулығын сақтау және нығайту, баланың мектепте қауіпсіз жүріп- тұруы, дискриминацияның кез-келген түрінен қорғануы- қатыгез қоғамдық ортаға альтернатива ретінде қарастырылуы тиіс».

Отбасы –бала алғаш байланысқа түсіп, қарым-қатынас дағдыларын игеретін әлеуметтік институт. Отбасы шеңбері дамуында ауытқуы бар балаға көмек бере алатын оңалту мүмкіндігіне ие. Алайда оны пайдалану тек ата-анасының саналы түрде баланың бойындағы ерекшеліктерін қабылдап, дамудағы рөлін түсінген жағдайда ғана жүзеге асады. Инклюзивті білім беру жайлы сөз қозғағанда жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларға кедергісіз орта құру ғана емес, баланың психофизикалық мүмкіндіктерін ескере отыра, құрылатын оқу-тәрбие процесінің ерекшелігін де ескерген абзал. Аталған үдерісті жүзеге асыру үшін мектепте баланы психологиялық- педагогикалық қолдау қызметі ұйымдастырылуы керек, онымен қоса, баланың дамуына жағдай тудыратын, балаға көмек қолын созуға дайын, кездескен мәселені дұрыс түсінуге негізделген педагогикалық және балалар ұжымында моральды және психологиялық оңтайлы климат орнағаны дұрыс.

Алғаш рет даму бұзылыстары бар отбасыларды зерттеу ХХ ғасырдың ортасында шетелде жүргізілді. Зерттеулерді талқылауда клиникалық, педагогикалық және әлеуметтік зерттеулердің кең спектрі ұсынылды. Олардың ішінде «ерекше» баланың дүниеге келуінен туындаған әлеуметтік және қоғамдық күйзелістің отбасы мүшелеріне әсер етуі, баланың

даму ауытқушылықтарына байланысты ата-анасының адекватты емес мінез-құлықтарының пайда болуы, ата-аналарының бойындағы психикалық аурулар және басқа да жағдайлар.

Дамуында ауытқушылықтары бар балалардың отбасыларымен жұмыс жасайтын мамандардың ең қиын деп атап өткен мәселелеріне келесілер жатады: психофизикалық ауытқуы бар балаға жақындарының теріс көзқарасы, ата-анасының тәрбиелеудегі адекватты емес ұстанымдары, отбасыдағы бір-біріне деген жағымсыз қарым – қатынастың орын алуы. Мамандар балаларының психикалық және физикалық дәрменсіздігіне ерекше көңіл бөлетін аналарының психоэмоционалды жағдайларының нашарлағанын атап өтті.

Дамуында ауытқушылықтары бар баланың туылуы оның ата-анасына трагедия, болашақ өмірлерінің жоғалуы ретінде қабылданады. Бала дамуындағы кез-келген бұзылыс, ең алдымен оның анасын өте үлкен күйзеліске ұшыратады. Мүгедектіктің көзге түсетін айқын белгілері (бет-әлпет, соматикалық бұзылыстар), сондай-ақ баланың моторикасы немесе кез-келген басқа (интеллектуалдық немесе сөйлеу) бұзылыстары отбасының әрбір мүшесіне жағымсыз әсер етеді. Оның ішінде бұл жағдайды өте жағымсыз етіп қабылдайтын- баланың анасы. Мұндай аналарға тән ерекшеліктер: психикалық тонустың және өзін-өзі бағалауының төмендеуі, кәсіби мансап перспективаларының жоғалуы, өзіне әйел және тұлға ретіндегі қызығушылығының болмауы. Ұзақ уақытқа созылған стресс екі ата-ананың психикасына қатты деформациялық әсер етеді. Алайда әйелі мен күйеуі арасындағы міндеттемелердің жүктелуіне қарай, аналары бұл күйзелісте анағұрлым ұзақ уақыт жүреді. Әдетте, аналары бала күтімі бойынша ауыр міндеттемелерді күнделікті атқарады. Өмірдің мұндай ырғағы әйелден физикалық және моральдық жүктемені талап етеді, шамадан тыс шаршауын және астенизациясын тудырады.

Дамуында ауытқуы бар балалар есейген сайын, олардың аналарының уайымға салынулары біршама басылуы мүмкін, бірақ толыққанды жойылмайды. Ұзақ мерзімді психикалық күйзеліс эмоционалды реттелудің бұзылуына әкеледі.

Баланың кішкентай кезінен өзін қоршаған адамдармен қарым-қатынасынан алған тәжірибесі оның психикалық дамуының негізі болатынын және кейінгі тағдыры осыған байланысты анықталатынына ата-анасы жете мән бермейді. Яғни жанұя баланың (оның бастапқы органикалық ауытқушылықтарынан тыс) психикалық дамуының негізгі ірге тасы болып табылады. Осыған байланысты мүмкіндігі шектеулі баланы оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде ата-анасы мен бауырларының рөлі мен жауапкершілігі анағұрлым өсіп отырады. Ол тек баланы өмірлік қажеттіліктермен қайтамасыз етумен ғана шектеліп қоймай, оны үнемі сүйіспеншілік пен қамқорлыққа бөлеп отыру, аса сезімталдықпен қолдау қажет. Алайда мұндай қолпаштау баланың өзінің өмірлік тәжірибесін меңгеруіне жағдай жасауы үшін, өзіндік белсенділігін қолдау және қалыптастыруға бағытталған болуы қажет. Қарапайым сөзбен айтқанда, баланың әлеуметтік дағдылары жас және жалпы даму деңгейі мүмкіндігінше ересек адамдар мен балалар арасындағы өзара іс-әрекет арқылы қалыптасады.

Ата-аналар тарапынан байқалатын жоғары дәрежедегі гиперқамқорлық та баланың өздігінен жуыну, киіну, тамақтану, қажетін өтеу секілді қарапайым дағдыларын игере алмауына себеп болады. Төгіп-шашады, бүлдіреді деген сылтаулармен көп жағдайда атааналар баласы үшін өздері істегенді тиімді көреді. Осындай себептермен балада өзіне-өзі қызмет ету дағдысының қалыптасуы қиындайды, ересектің көмегіне жүгінуі жиілейді. Түзету, әлеуметтік бейімдеу орталықтарына осындай бағытта жүргізілетін нәтижелі жұмыстар атаана тарапынан қолдауды бекітілуді қажет етеді. Дамуында ауытқушылықтары бар баланы тәрбиелеу, отбасының шаруасы, әртүрлі жанұялық-тұрмыстық кикілжіңдер кей жағдайда баланың болашағын, оның кейінгі тағдыры жайлы ойлануға мүмкіндік бермейді. Дегенмен де ата-анасы түзете-дамыту үрдісінен тыс қалмай белсенді қатысушысы болып, мамандардан үнемі медициналық-психологиялық кеңес алып отырса, баласының өмірлік қажеттілік дағдыларын тиімді меңгеруіне сауатты түрде қол жеткізер еді.

Мектептегі барлық мұғалімдер ерекше балалармен сабырлы және адекватты қарым-қатынас орнатуға, мүмкіндігінше басқа балалардың алдында олардың ерекшеліктерін жарияламауға, олардың мәселесін қажетсіз талқыламауға тырысқаны психологиялық тұрғыдан өте маңызды.

Инклюзивті білім беру педагог-психологының негізгі бағыттары:

1. Психодиагностика.
2. Қиын жағдайларда психологиялық көмек (медициналық емес психотерапия).
3. Психологиялық оңалту.
4. Психологиялық кеңес беру.
5. Психологиялық ағарту.
6. Дамыту және психокоррекциялық жұмыс.

Психологиялық көмектің негізгі бағыттары ретінде келесілерді атауға болады: педагогикалық және түзетушілік. Педагогикалық бағыт анасы мен ауытқуы бар бала арасындағы адекватты қарым-қатынас тәсілдерінің түрлері мен ерекшеліктерін қарастырады. Түзетушілік мақсатты жүзеге асыру үшін сабақтарды жүргізудің педагогикалық формасы қолданылады. Ауру баланың анасы психолог және арнайы маман көмегімен түзетушілік педагогика тәжірибесінде қолданылатын бірқатар арнайы әдістемелік әдістерді үйренеді. Психокоррекциялық әсерге қол жеткізу үшін анасы баласының барлық оқыту-тәрбие процесіне қатысуы тиіс. Бұл үрдісті мамандар басқарады. Мамандар баламен арнайы жеке сабақтар ұйымдастырады, мұндай сабақтарға баланың анасы да қатысады.

Дамуында ауытқушылықтары бар баламен және оның анасымен сабақ жүргізу барысында психолог пен арнайы мамандар келесі мақсаттарды қояды:

- Анасының өмірлік құндылықтарының иерархиясын қайта құрылымдау (баласының қандай емес, тұлға ретінде болуы құнды; сонымен қатар, анасының баласын, баласының анасын жақсы көруі құнды);

- Анасының ішкі психологиялық жағдайын түзету;

- Анасы мен баласы арасында адекватты қарым-қатынасты құру;

- Анасының педагогикалық құзіреттілігін арттыру, баламен үй жағдайында сабақ жүргізе алатындай арнайы түзетушілік және әдістемелік тәсілдерді үйренуі;

- Анасының бойында баласының жеке тұлғалық дамуына қажетті арнайы тәрбиелеу дағдыларын қалыптастыру;

Жоғарыдағы мақсаттарға сүйене отырып, психолог келесі міндеттерді шешеді:

- Баламен қарым-қатынасқа түсу барысында анасының тұлға ретінде дамуы;

- Баласын жетістікке жетелеудегі ауқымды еңбегінің нәтижесін көру мүмкіндігіне ие болған анасының өзін-өзі жоғары бағалауы;

- Анасының қоғамдағы ерсі қылықтарын түзету;

- Анасының баласының бойындағы қиындықтарды түсінуі;

- Баламен қарым-қатынасқа түсудегі тәрбиелеу тәсілдерін түзету.

Ата-анасы мен баласының арасында өтілетін сабақтардың әдістемелік - ұйымдастырушылық негізіне жатады: анасына белгілі түзету жұмыстарының әдістерін көрсету және үйрету, анасының сабақ барысын конспектілеп отыруы, мамандар кеңес берген әдебиеттермен танысып, оқуы. Ата-анамен жұмыс бұл бағыттың басты міндетінің бірі. В. А. Сухомлинский ата – анамен жұмыстың мазмұнын зерттеп, атап көрсеткен ғалымдардың бірі болып табылады. Оның айтуынша: «Тек ата – аналармен бірге жалпы күш жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақытты беруі мүмкін». Осыған орай, ата-анасы баланың тәрбиесінде балаға ықпал етуші бірден- бір шешуші фактор. Сондықтан, дамудағы ауытқушылықтары бар баланы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінде ата – аналарға психологиялық кеңес беру, оларды бала дамуының мазмұнымен ақпараттандырып отыру, жалпы ата-аналармен жұмыстың маңызы ерекше.

Анасын түзету және білім беру процесіне қосу оның баласына да жақсы, өйткені ол үйде баланың дамуына қажетті нәтижелерге қол жеткізеді және сабақ үлгеріміне оң әсерін тигізеді. Анасына сабақтың жүргізілу уақытын алдын-ала айтып қойған дұрыс.. Сонымен қатар, анасына кейбір жазбалар жасайтындығын жасауға қажетті қалам және дәптер ала келуін сұраған абзал. Баланың ата-анасы тәрбиелеудегі ерсі әдістерді пайдаланғанда (гиперқамқорлық, гипоқамқорлық, физикалық жазалау, баланың санасында «ауру» ұғымын, жетекші ету және т.б.) баланың тұлғалық тұрақсыздығын жоғарылатып, психикалық денсаулығына айтарлықтай зиянын тигізеді. Бала отбасының күнделікті өміріне белсенді қатысуы тиіс. Тұрмыстағы міндеттерді дұрыс бөлу бала бойындағы кемістікті жасырып, жағымды қасиеттердің дамуына әкеледі. Баланы отбасына бейімдеу оның өмірде одан әрі әлеуметтік еңбекке бейімделуінің негізгі шарты болып табылады. Аналарының балаларымен бірігіп жасаған жұмыстары олардың арасындағы адекватты қарым-қатынасты құрудың көпірі болып табылады. Аналарының айтуы бойынша, осындай сәттерде мазасыздық пен тітіркену сезімдері жоғалып, бала екеуінің арасында ерекше жағымды жағдай орнайды. Қорытындылай келе, анасының тәрбиелік және білім беру қызметін атқаруы оның тұлғалық қайта құрылуына, «ерекше» баланы қабылдауына, оның күшті және әлсіз жақтарын объективті бағалауына итермелейді.

Дамуында ауытқуы бар балалар мен олардың аналары арасындағы қиындықтарды сипаттай отырып, олардың шешілуі белгілі бір жағдайлардың орындалуына бағынышты екенін атап өту қажет.

Біздің ойымызша, арнайы психология мен педагогиканы дамыту стратегиялары ең алдымен даму ауытқушылығы бар баланың отбасындағы дамуына тиімді жағдайларды құруға бағытталуы тиіс. Ол төмендегі жағдайлардың орындалуын қажет етеді:

- Дамуында ауытқуы бар баланың отбасына мемлекет тарапынан психологиялық көмек көрсету жүйесін құру;
- Даму ауытқуы бар баланы тәрбиелеп отырған отбасыларды кешенді психологиялық зерттеуді жүзеге асыру;
- Дамуында ауытқуы бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар категориясына психокоррекциялық көмек көрсету түрлерін жетілдіру;
- Дамуында ауытқуы бар балалардың ерекшеліктері мен қажеттіліктері жайлы ата-аналар қауымында қажетті білімдерін толықтыру, қолжетімді ету;
- ЖОО-дағы арнайы педагогика мен психология факультеттерінің оқу жоспарларына аталған категориядағы отбасылардың қиындықтарын қосалқы емес, негізгі пән ретінде енгізіп, оқыту.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Алехина С.В. Инклюзивное образование. Выпуск 1.М.:Центр «Школьная книга», 2010.
2. "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" ҚР Заңы. - Астана. – 2002
3. Абрамова Г.С. Психологическое консультирование: Теория и опыт. М.: «Академия», 2000
4. Московкина А.Г., Пахомова Е.В., Абрамова А.В. Изучение стереотипов отношения к умственно-отсталому ребенку учителей и родителей//Дефектология 2000. №2

ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ РОДИТЕЛЕЙ ИНКЛЮЗИВНО ОБУЧАЮЩИХСЯ ДЕТЕЙ

Сыдыкова А.А., Аксубаева А.С.

В статье освещаются трудности, возникающие в семьях инклюзивного обучающихся детей и рассматриваются виды работ, проводимых специалистами.

Ключевые слова: инклюзивное образование, ребенок с особенностями в развитии, психологическая помощь.

PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL SUPPORT FOR PARENTS OF INCLUSIVE CHILDREN

Sydykova A.A., Aksubayeva A.S.

The article highlights the difficulties that arise in the families of students of inclusive education, and considers the types of work carried out by specialists.

Key words: inclusive education, child with developmental disabilities, psychological assistance

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 08.02.2021ж.

УДК 071.1

ВЛИЯНИЕ ЦВЕТА НА ПСИХИКУ РЕБЕНКА

Тажина Г. А., Биссирова А.

В данной статье раскрываются основные свойства цветов и влияние их на детскую психику. Актуальность темы состоит в том, что знание цвета и его правильное использование поможет всесторонне развивать личность ребенка.

С первых дней жизни, открыв глаза ребенок видит разноцветную палитру красок, которые сопровождают его всю последующую жизнь и нам необходимо знать, как же все-таки влияет цвет на психику ребенка.

Ключевые слова: цвет, влияние, агрессия, эмоциональность, гармония, психоэмоциональное состояние, физиологическое развитие

Цвет – окружает каждого из нас с самой первой минуты нашей жизни и сопровождает всю последующую жизнь, скрашивает наши серые будни, делая каждое воспоминание ярче. Он является началом маленькой исследовательской деятельности ребенка [1].

Впервые открыв глаза, малыш распознает весь наш мир, выделяет необходимые ему важные характеристики в каждом предмете для лучшего запоминания и последующего изучения, и одним из таких атрибутов является именно цвет.

Целью нашей статьи является изучение и раскрытие особенностей влияния цвета на психику детей, какими процессами сопровождается, и какое воздействие оказывает колорит на дошкольников.

Что же такое цвет? Цвет по И.Ньютону – это электромагнитная волна, воспринимаемая человеческим глазом, участок спектра. Определенные отделы центральной нервной системы формируют у человека цветовые ощущения, а интегративная функция центральной нервной системы обеспечивает работу цветового восприятия и более сложные формы обработки информации.

Хомская Е.Д. указала на то, что поражения центральной нервной системы могут привести к тому, что человек лишится способности воспринимать цвета.

Демидов В.Е. исследовал процесс «цветового голодания». В ходе данного исследования выяснилось, что при мизерности цветов в окружающей среде, могут развиваться симптомы астенизации, то есть синдрома хронической усталости. А у детей, проживавших длительное время в среде «цветового голодания», отмечались задержки в

интеллектуальном развитии [3].

И.В. Гете был одним из первых, кто заметил в своем труде «Учение о цвете», как отрицательное так и положительное влияние цвета на психику человека. Он заложил основы современной цветотерапии. Гете говорил, что «отдельные цвета вызывают особые душевные состояния» [6].

М.Люшер в своем труде «Закон гармонии в нас» дает полное и подробное описание и раскрывает психологические особенности цвета.

Ученые в ходе исследований выявили, что реакция ребенка на окружающие цвета абсолютно разная. Делится на две основные категории:

- оттенки, которые успокаивают;
- оттенки, которые раздражают.

В статье мы хотим показать, какое же влияние оказывает каждый цвет на ребенка.

Например, красный цвет является первым различимым цветом для малыша, благодаря тому, что он имеет большую спектральную волну. Красный цвет считается самым возбуждающим, оказывающий очень активное действие. Если длительное время находиться в контакте с красным цветом, то вполне вероятно, что может участиться дыхание, повысится кровяное давление, сердцебиение станет чаще.

Красный цвет оказывает отрицательное влияние и на психику, то есть может проявляться в форме отвержения. Многие исследователи отмечали, что красный цвет является оттенком агрессии. Однако для детских психологов красный цвет не несет никакой значительной опасности, а даже на оборот говорит о том, что любовь к данному цвету бывает у подвижных, энергичных, целеустремленных детей.

Второй цвет, воспринимаемый ребенком является желтый. Желтый - считается самым ярким цветом. Его уподобляют солнцу. Психологи утверждают, что желтый цвет помогает найти какое-то решение в какой-либо задаче. Также он несет значение освобождения, эволюции, развития, а также пространство. Василий Кандинский в своей монографии «О духовном в искусстве» пишет, что негативно относится к желтому цвету. По его мнению, он вселяет в человека беспокойство, раздражительность. В. Кандинский сравнивает желтый цвет с безумством. По М.Люшеру желтый цвет есть надежда в светлое будущее, в создание чего-то нового [2]. Дети, склонные к творчеству, чаще выбирают этот цвет. У них очень хорошо развита фантазия, любят что-то придумывать, для игры им нужны не обычные предметы, вместо привычных игрушек, к примеру предпочитают камни, бутылки или же другие подобные предметы быта. Известно, что желтый может улучшить аппетит ребенка, стимулирует детей к сосредоточенности. Благоприятно влияет на нервную систему ребенка, успокаивает его при истерических и невротических состояниях.

Синий цвет в психологии имеет значение покоя. Он является символом ощущения глубокого умиротворения. Учеными было доказано, что при долгом рассматривании синего цвета, дыхание становится более замедленным, пульс бьется неторопливо, давление понижается. Синий цвет по В. Кандинскому «концентрированное движение», также он помогает расслабиться, удовлетвориться, почувствовать гармонию и защищенность. Шеллинг в свою очередь в своей «Философии искусства» приравнивает синий цвет, как покой к штилю на море. Хельдерлин в романе «Гиперион» упоминает синий цвет, отождествляя его с покоем: «Потерянный в далекой синеве, я часто смотрю вверх в эфир. Единство со всем живым, возвращение к благословенному самоотречению, в мир природы – место вечного покоя». К этому оттенку близки спокойные, пассивные дети, которые выбирают менее подвижные занятия. Они уравновешанные и покладистые [7].

Зеленый по Люшеру – символ стабильности, постоянства, а также устойчивости. Он обладает напряженной энергией, побуждает к действию, хоть и создает ощущение неподвижности. С психологической точки зрения этот оттенок есть уважение, достоинство, авторитет, лидерство в определенной сфере деятельности или же в личном пространстве. Он дает положительный эффект в интеллектуальном развитии ребенка дошкольного

возраста. У него будет возрастать интерес к познавательной деятельности и активности. Также способствует формированию у малыша уверенности в себе и в своей деятельности, при этом повышает его самооценку.

Фиолетовый указывает на внутреннюю связь с самим собой, со своим подсознанием. Он очень активно используется в современной психотерапии для определения устойчивости психики. Наряду с устойчивостью, выражает любознательность, впечатлительность. О фиолетовом цвете можно сказать, что он также как и желтый влияет и стимулирует развитие творческих способностей детей.

Белый колорит – символ чистоты и ослепительности. Он благоприятен для создания фона детского восприятия. В нем исключено содержание агрессивности. Но нужно быть осторожным при взаимодействии ребенка с этим цветом, так как он может усилить чувство не защищенности и одиночества. Белый является ахроматическим, то есть не имеет оттенка, так как он полностью отражает и рассеивает все видимые длины волн света. Еще с древних времен в Египте и в Риме жрецы носили белый цвет как символ чистоты.

